



**М.О.ӘУЕЗОВТИҢ
ҚОЛЖАЗБА
МҰРАСЫ**

**РУКОПИСНОЕ
НАСЛЕДИЕ
М.О.АУЭЗОВА**

Қазақ ССР-нің «ҒЫЛЫМ» баспасы



Издательство «НАУКА» Казахской ССР

АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР

ИНСТИТУТ ЛИТЕРАТУРЫ И ИСКУССТВА ИМ. М. О. АУЭЗОВА

**РУКОПИСНОЕ
НАСЛЕДИЕ
М. О. АУЭЗОВА**

Научное описание архива М. О. Ауэзова



АЛМА-АТА 1977

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

М. О. ӘУЕЗОВТИҢ ҚОЛЖАЗБА МҰРАСЫ

М. О. Әуезов архивының ғылыми сипаттамасы



АЛМАТЫ 1977

М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасы. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977.

802-бет.

Назарларыңызға ұсынылып отырған бұл кітап — М. О. Әуезовтің архивінде сақталған қолжазба мұрасына ғылыми сипаттама беру, атап айтқанда жазушының баспасөз бетінде жарияланған немесе жарияланбаған шығармаларын, жалпы жазбаларын хатқа түсіру.

Кітап М. О. Әуезов творчествосын зерттеуші әдебиетші ғалымдарға, кітапхана қызметкерлеріне, сондай-ақ әдебиетті сүйші оқырман қауымға арналған.

Құрастырушылар:

филология ғылымының кандидаты *Б. Сахариев* (жетекші),
Т. Әкімов, Р. Досымбекова, А. Қуанышбаев, Н. Мұхаметханов

Жауапты редактор
Қазақ ССР Ғылым академиясының
академигі **М. ҚАРАТАЕВ**



Рукописное наследие **М. О. Ауэзова.** Алма-Ата, «Наука» ҚазССР, 1977.
802 стр.

Предлагаемая книга представляет собой научное описание рукописного наследия М. О. Ауэзова (опубликованного и неопубликованного), хранящегося в его архиве.

Книга рассчитана на специалистов-филологов, исследователей творчества писателя, работников библиотек, а также на всех, кто интересуется творчеством М. О. Ауэзова.


Составители:

кандидат филологических наук *Б. Сахариев* (руководитель),
Т. Акимов, Р. Досымбекова, А. Қуанышбаев, Н. Мухаметханов

Ответственный редактор
академик АН ҚазССР
М. ҚАРАТАЕВ

Р 70500—094 Дп—77
407(07)—77

© Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж.



М. О. ƏВЕЗОВ

А Л Ғ Ы С Ө З

Ұсынылып отырған бұл кітап — «М. О. Әуезов архивінің ғылыми сипаттамасы» (хатқа түсіру). Бұдан бұрын Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасынан «М. О. Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш» (Алматы, 1972) жарыққа шыққан болатын. Ол еңбек М. Әуезов шығармаларының жариялануы және оның өмірі мен творчествосының зерттелуі жайында; қазақ, орыс, СССР халықтары, сондай-ақ шетел тілдеріндегі библиографиялық мағлұматтарды (жиналу мүмкіндігіне қарай) неғұрлым көбірек қамти отырып жасалғаны мәлім.

Ал мына еңбекте жазушының жеке өз архивінде сақталған әр алуан қолжазбалар, автограф, автордың түзетулері бар машинкаға басылған текстер, ешқандай түзетусіз машинкаға басылған текстер, кейбір іс қағаздары, жол жазбалар, қойын дәптерлер, бөгде адамдардың қолымен көшірілген текстер, жеке шығармаларды жаңа басылымға әзірлеу үшін автор өзі үстінен түзетулер жасаған типографиялық текстер, газет, журнал қиындылары, т. б. ғылыми сипаттамаға түсірілді. Мұның өзі болашақта, әсіресе уақыт озған сайын, жазушының архив мұрасын сақтауға, түгелдеп, жеке қағаздардың жоғалған-жоғалмағанын қадағалап отыруға мүмкіндік береді. Жалпы архив мұрасын хатқа түсіру сияқты еңбектердің ғылыми құндылығы да түптеп келгенде осында.

1961 жылы 10 августа Қазақ ССР Министрлер Советі «М. О. Әуезовті мәңгі есте қалдыру туралы» қаулы (№ 550) қабылдады. Сол қаулыда жүзеге асырылуға тиісті шаралардың бірі ретінде Алматы қаласында жазушының Музей-үйін ұйымдастыру атап көрсетілді.

Жазушының архивін жинау музей ашу жұмысымен байланысты қатар жүргізілді. Қазірде хатқа түсіріліп отырған архив қоры (фонд) — сол аталған уақыттан бері жинау жұмыстарының нәтижесі.

Қазіргі қолда бар архив мұрасының негізі — жазушының жұбайы Валентина Николаевна Әуезова музейге өткізген

М. О. Әуезовтің өз архиві. Ал бұған В. И. Ленин атындағы мемлекеттік кітапхананың, М. Е. Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапхананың, А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапхананың, Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының, Қазақ ССР мемлекеттік архивінің, Әдебиет пен өнердің орталық мемлекеттік архивінің (ЦГАЛИ), көптеген творчество ұйымдарының қорынан табылған азды-көпті материалдар мен жазушының қызы Л. М. Әуезова тапсырған және жеке ақын-жазушылар мен ғалымдар, т. б. тапсырған бірқатар материалдар қосылды. Қазір жазушының архив қоры 564 папкадан тұрады.

Әрине, жазушының барлық қолжазба қоры түгелдей жиналып, бір орталыққа шоғырланды деуге мүлде болмайды. Әр алуан архив мекемелерінде әзірге жүйеленіп, тәртіпке келтірілмей жатқан материалдардың ішінен, жеке адамдардың архивінен жазушының автографтары, т. б. қолжазбалары, әсіресе хаттары әлі де табылып қалуы әбден мүмкін, тіпті мүмкін емес-ау, даусыз мәселе.

Ал осы орайда жазушының 20-жылдары жазған шығармаларының автографы (автордың өз қолымен жазған нұсқасы) жоқ екенін (1928 жылы автордың өзі жазған өмірбаянынан басқа), сондай-ақ жазушының «Ел ағасы» пьесасы мен «Сұғанақ сұр» атты повесінің, орыс тілінен қазақ тіліне аударылған «Флот офицері» мен «Князь Мстислав Удалой» пьесаларының автографтарын былай қойғанда, жалпы қолжазбасының қандай күйде болса да кездеспей, табылмай отырғандығын атап кетудің артықтығы жоқ.

Жазушы ұзақ жылдар бойына, әсіресе есімі елімізге, асса әлемге әйгілі болған шағында көптеген мәдениет, әдебиет қайраткерлерімен, қалың оқырман қауыммен хат алысып тұрғаны да белгілі.

1949 жылы Мемлекеттік, 1959 жылы Лениндік сыйлыққа ие болған жазушының оқырман корреспонденттерінің саны ондап, жүздеп саналатындығы да даусыз. Ол хаттардың да көбі кезінде сақталмаған. Ал жазушының сол жүздеген, мыңдаған оқырманының бәріне болмаса да (уақыт тапшылығынан), кейбіреуіне жауап қайтаруы заңды. Алайда, ондай хаттардың да әзірге архив қорына түсуі, топтасуы өте сирек. Демек, бұл да әлі болашақтың ісі. Ал тіпті қазір архив қорында бар хаттардың өзі де (көбінесе әдебиет, мәдениет қайраткерлерімен, Ұлы Отан соғысы майдандарына қатысқан қазақстандық жауынгер-жазушылармен жазысқан хаттар) ұсынылып отырған еңбекке енгізілген жоқ, оларға ғылыми сипаттама берілген жоқ.

Әрине, хаттар өз кезінде баспасөз үшін жазылмайтындығы мәлім. Демек оларды жариялап, дерек, дәлел ретінде пайдалану үшін белгілі бір уақыт өтуі қажет екені де даусыз. Бұл жалпы эпистолярлық әдебиеттің өзіндік ерекшелігі. Сон-

дықтан да сөз болып отырған ғылыми сипаттаманың авторлары жазушының әзірге жиналған хаттарын, сондай-ақ оның өзіне жазылған хаттарды уақыт безбенінен өткізіп барып, бұл мәселеге кейін оралуды жөн көрді.

Ұсынылып отырған кітапқа еңбеген, хатқа түсірілмеген тағы бір топ материал — бұл жазушының қолына кезінде әртүрлі себептермен (оқып пікір айтуын сұрап авторлардың өзі берген, немесе баспалар мен редакциялар жіберген т. б. себептермен) жиналып қалған, бірақ архивтің есебіне кіріп беттелген бөгде материалдар. Бұл тақылеттес материалдардан жазушының қолы тиіп, жеке сөздер жазған, әртүрлі белгілер қойғандары мен кейбір газет қиындылары ғана, сондай-ақ кезінде бөгде адамдарға көшіртіп, кейін ішінара ғылыми еңбектері мен мақалаларына, көркем шығармаларына пайдаланғандары ғана хатқа түсірілді.

«М. О. Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш» жанрлық-хронологиялық принцип бойынша берілген болатын. Ал мына ұсынылып отырған еңбекте бұл тәртіп сақталмады. Өйткені жазушының қолжазба мұрасы архив есебіне алынып, тізілгенде материалдардың жанрлық-хронологиялық жағы ескерілмеген. Сондықтан да бір папканың ішінде өзінің жанры, сипаты жағынан әр қилы, жазылған мерзімі әр алуан материалдар кездеседі. Ал жазушының жеке қағаздары жазбаларының мерзімін айырып білу де көп уақытты қажет ететін, оңайға түспейтін жұмыс. Сондықтан да жазылған мерзімі белгілі материалдар ғана хатқа түскенде әдейі атап көрсетіліп отырылды. Міне, осы жайлар ескеріліп, әрі оқырман қауымның ұсынылып отырған кітап бойынша кейін архив материалдарын пайдалану мүмкіндігін жеңілдету үшін архивте бұрын тіркелген ретімен папкалардың номері бойынша (1—564) хатқа түсірілді, яғни ғылыми сипаттама берілді. Ал әр папканың ішіндегі әртүрлі материал немесе бір материалдың нұсқалары (данасы) әрқайсысы жеке-жеке (единица ретінде) сипатталды.

М. О. Әуезов архив мұрасына ғылыми сипаттама берілгенде мынадай жайлар ескерілді:

1. Оқырман қауымға жеңіл болу үшін ең алдымен архивтің аты, қойған шифрі, папканың инвентарь номері (ЛММА. Кпр-1. №...) берілді.

2. Аты бар материалдардың «аталуы...» деп көрсетілді және тақырыптың алдындағы белгілер, жазулар берілді. Ал кезінде ат қойылмаған материалдарды «аталуы — жоқ» деп жазып жату қажет емес деп табылды. Бұл онсыз да түсінікті.

3. Содан соң «Сөз басы», «Сөз соңы» деп жатпай-ақ, бірден тексттің бастапқы сөйлемі мен соңғы сөйлемі тырнақшаға алынып берілді және оқырманға түсінікті болу үшін екеуінің арасына мынадай ...||... айырым белгі қойылды.

Егер шығарманың бір папкада немесе әр папкада кездесе-

тін нұсқаларының бастапқы және соңғы сөйлемдері ешқандай өзгеріссіз қайталанатын болса, онда соңғы сипаттамада оларды қайталап жатпай, алғашқы нұсқасына сілтеме жасалды.

4. Әрі қарай сөз болып отырған материалдың (единицаның) айырым белгілері (автограф, машинкаға басылған данасы, қандай әріппен: латын, араб, орыс әріптерінде жазылғаны), авторлық түзетулердің жай-жапсары, қандай түсті қарындашпен немесе сиямен жазылғаны, желімделгені немесе қиындылар жапсырылғаны, түптелгені т. б. сол сияқты ерекшеліктері көрсетілді.

5. Материалдың беттелуі, бұрынғы беттелуі, автордың өзінің беттеуі немесе машинкада беттелуі, архивте беттелуі, беттелуінде кеткен қате-кемшіліктер, ауысқан, жоғалған беттер, т. б. көрсетілді.

6. Қандай қағаз екені, түр-түсі, сантиметрлеп өлшенген көлемі (мысалы, 30×25 деген сияқты) көрсетілді. Мұндағы алғашқы цифр әрдайым қағаздың тігінен өлшенгендегі биіктігі де, екінші цифр — көлденеңі. Бұл екеуінің арасына да мынадай X айырым белгі қойылды.

7. Материалдың сақталу сапасы (жақсы, жаман, орташа) айтылды.

8. Кейбір жеке ерекшеліктері қажет деп табылған жағдайда «P S.» (post скриптур) арқылы аяғында көрсетілді.

9. Материалдың жарияланғандары қайда, қашан басылғанына дейін еңбектің I томында (М. О. Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш) мұқият атап көрсетілгендіктен, оны бұл еңбекте қайталап жазу қажетсіз деп табылды.

Ал жарияланбағандары өзінен-өзі түсінікті.

10. Тексте кездесетін күлгін сия — «фиолетовое чернило» дегеннің баламасы ретінде алынды. Ал бірнеше түсті қарындашпен (көк, қызыл, қоңыр т. б.) жазылған деген сөз ертеректе шығып жүрген бірнеше түсті бір-ақ өзегі бар жуан бояу қарындашпен жазылғандығын көрсету үшін қолданылды.

11. Сипаттаманы пайдалануға қолайлы болу үшін құрастырушылар тобы жазушының негізгі шығармаларына алфавиттік көрсеткіш әзірлеп, бір шығарманың нұсқаларын, неше данасы барын сол материалдар салынған папкалардың номерлерін атап көрсету арқылы беріп отыр.

Авторлар коллективі жазушының архивін реттеп, тәртіпке келтіруге сіңірген еңбегі үшін музейдің бұрынғы аға ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы М. Бөжеевке айрықша алғыс айтады. Сонымен бірге осы кітапты баспаға әзірлеуге пікір айтып, ақыл-кеңес берген жолдастарға: филология ғылымының докторлары Б. Наурызбаев пен Ә. Нарымбетовке ризашылық білдіреді.

Б. САХАРИЕВ

ЛММА. Кпр-1, № 1

Аталуы «Абай». Роман (бірінші кітап)».

Романның «Қайтқанда», «Қат-қабат», «Жолда», «Шытырманда» деген тараулары.

«Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт ба-рын салды» ...||... «Бөжейдей жұрт жоқтаған жанға топырақ салмай қалған жалғыз Құнанбай айналасы болды».

Күлгін сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Қолжаз-баның басында кейін жарияланған, текске енбей қалған: «Қа-ладан, медреседен қайтқан шәкірттің өз ауылы, өз үйіне кел-гені осы бүгін екіндінің аз-ақ алды болатын» — деген сөйлем автордың өз қолымен сызылған. Қолжазбаның 24-беті жасыл, 1-беттің бас жағындағы: «Мұхтар Әуезов. «Оқудан қайтқан-да» («Абай» деген романның үзінді)» дегенді көк сиямен жазған. 80—119, 155—189, 197—230-беттер бұрын машинка-да басылған парақтың екінші таза бетіне жазылған. Парақ-тың бұрынғы машинкада басылғандары латын әрпінде, 32-па-рақтың екінші бетіндегі «Бөжей, Байсал, Құнанбай» деген-дерді де автор латын әрпінде жазған. Жазу қағазы сарғыш. Түптелген.

Автордың беттеуінде, архивтің беттеуінде де 1—230.

Көлемі 29×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 2

Аталуы «Абай». Роман (бірінші кітап)».

Романның: «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген тарау-лары.

«Күн түске жетпей-ақ Бақанас бойы қайнап шыжып кетті» ...||... «Бұл күнде оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді».

Араб әрпінде жазылған автограф. Қолжазбаның 231—417-беттері күлгін, қалған беттері қара сиямен жазылған. 407—447-беттердің екінші бетінде бұрын латын әрпінде ма-

шинкаға басылған текстер, автордың түзетулері бар. Жазу қағазының түсі сарғыш, 401—406-беттің қағазы көкшіл. Түп-телген ақшыл мұқабаның сыртына «Абай». Роман 1-нші кітап, 1939—41 жыл» деп жазылған.

Автордың беттеуі 231—447, архивтің беттеуі 1—218.

231—253, 343—396, 423—439-беттердің көлемі 31×20; 254—342, 397—422, 440—447-беттердің — 29×19.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 3

Аталуы «Абай». Роман (екінші кітап)».

Романның: «Тайғақта», «Жайлауда», «Еңісте» тараулары.

«Таң алдында бір ғана сағат мызғығаны болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді» ...||... «Ералыда осы көктемде елдің көбін үркіткен, ойда жоқ ылаңнан басталған Абай мен Ұлық тартысы әзірше осында Абай жеңген деп оны азаматтықтың ел ішінде зор абыройлы еткен салмағын арттырған, бір биігіне шығарып аяқтаған еді».

3—113-беттер автограф, 33—79, 188—254-беттер машинкада басылған. Қолжазбада автордың түзетулері бар. Әр жерінде қызыл қарындашпен өшірген сөз, сөйлемдер кездеседі. Автографтың 1—66-беттері сызықты ақ қағазға күлгін сиямен жазылған, қағаздың аяқ жағы жыртылған. Архив беттеуіндегі 98—114-парақтар сызықты. Жазу қағаздары сарғыш. Бөлек бір беті машинкада басылған: «Пьеса принята художественным советом» деген сөзден басталады. Мұқабаның сыртына: «Абай» роман. Екінші кітап» деп жазылған.

Автордың беттеуінде 1—66, 79—137; архивтің беттеуі бойынша 1—254.

1—34-беттердің көлемі 32,5×20,5; 35—78, 138—254-беттердің — 28,5×22; 79—137-беттердің — 20,5×15.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 4

Аталуы «Абай». Роман (екінші кітап)».

Романның «Оқапта», «Асуда», «Тарауда», «Биікте» тараулары.

«Ә-ә-й! Абай-ай! Жолың болмас-ау сенің! Қу дала, қу медиенде жалғыз ауыл қалдырып, бір сарғайттың» ...||... «Тағы өмір шындығы, тағы тірлік тартысы Абай алдына еселі сыбаға тартты».

293—320-беттер автограф, 1—292, 321—347-беттер машинкаға басылған, 293—310-беттер араб әрпінде, жай қарындашпен, 312—320-беттер күлгін сиямен жазылған. Машинка-

ға басылғанның 1—122, 238—292, 321—347-беттері жай, 123—237-беттері қызыл қарындашпен түзетілген. «Татьянаның қырдағы әні» деп аталатын тарау латын әрпінде машинкаға басылған (264—292-беттер). 175—263-беттердің және араб әрпінде жазылған қолжазба қағаздарының екінші бетінде бұрын машинкаға басылған текстер бар. Түптелген. Мұқабаның сыртында — «Абай» роман. Екінші кітап» деп жазылған.

Архив беттеуінде 292—347, 311—347-беттердің көлемі 28,5×19,5; 293—310-беттердің — 30,5×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 5

Аталуы «Абай жолы». Роман (екінші кітап)».

«Түн-түнекте», «Күз-қияда», «Қапада» тараулары.

«Ертістің үлкен суына қарай үңілген еңіс, құлай берісте пар ат жеккен жеңіл трашпеңке зырлап келеді» ...||... «Тағы бірде Семей жолына қарай Мұттайымбақты жағалай сыдыртып отырып, өзінің шала қазақтары тұратын Байсеркеге шейін бездіре жорғалатып, көсілтіп барып, жосылтып қайтып жүреді».

Машинкаға басылған. 1—260-беттің қағаздары жұқа, көкшіл. 261—271-беттер сарғыш. Автордың түзетулері, қосымшалары бар. Бірінші бетте текстің тұсындағы ашық жерге «қосымша (1)», 96—97-беттің сыртындағы бүктелген сарғыш қағазда «І-нші тараудың қосымшалары» деп қызыл қарындашпен жазған. «Күз-қияда», «Қапада» тарауларының сыртында да осындай бүктелген қағаз бар. «Күз-қияда» тарауының жоғарғы жағына «Түн сипаты (1)» деп қызыл қарындашпен жазған, 261—271-беттер қосымшалар.

Архивтің беттеуінде 1—291.

Көлемі 28,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 6

Аталуы «Абай жолы». Роман (екінші кітап)».

«Түн-түнекте», «Күз-қияда», «Қапада» тараулары.

«Ертістің үлкен суына қарай үңілген еңіс, құлай берісте пар ат жеккен трашпеңке зырлап келеді» ...||... «Талып жығылған қалпында Өтегелдінің бауырына қарай құлай берді».

Жұқа қағазға машинкада басылған. Автордың түзетулері бар. Түзетулері көкшіл сиямен жазылған.

Архивтің беттеуінде 1—271.

Көлемі 28,7×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 7

Аталуы «Абай жолы». Роман (екінші кітап).

Романның: «Шайқаста», «Қастықта», «Жұтта» тараулары. «Көшбикеді Абай басына жасалған қастық көп заман жұрт аузынан кетпеді» ...||... «Соған ілескен тағы елу қаралы өзге жылқы бар. Жиын шамасы».

1—6-беттер газет қиындылары. Әр қиындыда қызыл қарындашпен автордың беттеуі бар. Бірінші бет деп номерленген қиындыға автор «Изд-во т. Жумагалиеву» деп қызыл қарындашпен жазған. 7—188-беттер машинкада басылған. Қағазы сарғыш. Мұнда ешқандай түзетулер кездеспейді.

Архив беттеуінде 1—188.

Машинкамен басылған қағаздың көлемі 29,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 8

Аталуы «Абай жолы». Роман (екінші кітап).

Романның қосымшалары, «Қастықта», «Жұтта» тараулары.

«Три главы (диктовка и правка) перепечатано, сдано в журнал по этой правке» ...||... «Ол жаңа ғажайып өнерін өзгеше сөзбен толқыта төгіп, жұртты егілткен шақта Абайдың қабырына».

1—6, 55—56, 60—69, 360-беттер автограф. 367-бет бөтен біреудің көшіруіндегі қолжазба. 1-бет қызыл қарындашпен, 2—6, 55—56, 60—62, 351—352, 360—367-беттер көк сиямен, 63-бет көкшіл сиямен, 37—38, 65—68-беттер жай қарындашпен жазылған. Машинкаға басылған беттерде автордың түзетулері, қосымшалары бар. 7—29, 70—78, 92—93, 98—99, 129—130, 173, 176, 185—375-беттердің қағазы сарғыш, 30—36, 39—54, 57—59, 79—91, 100—111, 114—128, 131—157, 159—163, 165—167, 169—182, 174—175, 177—184-беттердің қағазы жұқа, көкшіл.

Архив беттеуінде 1—375.

1-беттің көлемі 20,5×15; 2—6—63—65, 69-беттердің — 20×28,5; 55—56, 64, 60—62-беттің — 19,5×15. Қалғандары 30×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 9

Аталуы «Ақындар ағасы». Роман.

Романның: «Абай аға», «Кек жолында», «Достықта», «Қазада» тараулары.

«Күз аспаны күнгірт, бұлыңғыр»...||... «Бүгін осы Қарамолада жықпаса да «түбінде Абайды апарып бір құлататын ордың ортасын таптым» — деп, ішінен соны медеу етті де, шербашнай сияздың артын тосып отырып қалды».

Машинкаға басылған. 175—203-беттердің қағазы сарғыш. Автордың түзетулері бар. Бірінші бетте «Ақындар ағасы», роман, бірінші тарау» деп, 123-бетте «Достықта», 205, 264-беттерде «Қазада» (бұрын «Достықта» деп машинкамен басылғанды өшірген), соңындағы: «Бірінші бөлімнің соны. Алматы — Москва, 1949 ж., 28/VII» дегендерді автор күлгін сиямен жазған.

Архивтің беттеуінде 1—417.

Көлемі 29,5×20,5.

Сакталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 10

Аталуы «Отец акынов». Роман (авторизованный перевод с казахского Леонида Соболева. Глава первая — «Абай-ага»).

1

«Осеннее небо пасмурно. Воздух пронизан сыростью»...||... «Пусть дойдут они до цели — во имя счастья, во имя света! В этом — его единственное желание, единственная мечта*. Конец первой книги».

Машинкада басылған. Ешқандай түзетілген белгілері жоқ. Қағаздың түсі ақ.

Архив беттеуінде 1—429.

Көлемі 30×20.

Сакталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 11

Аталуы «Отец акынов». Роман (авторизованный перевод с казахского Л. Соболева).

Романның: «Абай-ага», «Мечь», «Дружба», «Горечь», «Печаль», «В кольце» тараулары.

Машинкаға басылған. Ешқандай түзету, қосымшалары жоқ.

Архив беттеуінде 1—429.

Көлемі 29,5×19,5.

Сакталуы жақсы.

* Осы текст №11—13 папкаларда қайталанады.

Аталуы: «Отец акынов». Роман».

Романның: «Абай-ага», «Мечь», «Дружба», «Горечь», «В кольце» тараулары.

Машинкаға басылған. Соңында Л. С. Соболевтің: «Прочел и сделал исправления до 428 стр. Конец необходимо прочесть внимательно, правка и вставки редакции грешат со стороны стилистической (машинально, саркастически, комически и т. д.— это чуждо переводу с казахского), а также и со смысловой: уж очень много соломы подостлано под губернатора!

Прошу дать мне время на чтение.

Л. Соболев 10/III—51 г.» деп машинкаға басылған ескертпесі, автордың түзетулері, қосымшалары бар. Түзетулер көкшіл сиямен жазылған, жай және қызыл қарындашпен әр түрлі белгілер, кейбір сөз, бет, сөйлемдерде өшірулер кездеседі. Текст басылған қағаздардың түсі сарғыш.

Архив беттеуінде 1—456.

Көлемі 29,5×19.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Отец акынов». Роман (авторизованный перевод с казахского Л. Соболева)».

Романның «Абай-ага», «Мечь», «Дружба», «Горечь», «Печаль», «В кольце» тараулары.

Машинкаға басылған. Бірлі-жарым әріп қателерін түзетулері бар. Жазу қағазы ақ.

Архив беттеуінде 1—429.

Көлемі 29,5×19,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Абай» романының 2-кітабының қосымшалары».

«Абай» екінші кітаптың орысшаға аударылар алдындағы қосымшалар (Фадеев, Соболев мәслихатымен қосылған). 1947 ж. ноябрьде жазылған»...||... «Ақ сұңқар ауға шырмалғанмен ұясынан ұшқан балапаны сұңқарлық етпей қоймас» деген қазақ неткен дана! Тобықты зорлығы, қарақшылығы Оралбайды жеңгенмен өмірді, таукия бетін жеңе алмаса, бұра алмас... бұра алмас!...— деді».

Машинкаға басылған. 1—5—7, 98—116, 134—163, 165—167, 170—175, 179—228, 233—275-беттердің қағазы сарғыш, 89—97-беттердің копировкасы қызыл. Автордың түзетулері, қосымшалары бар. Бірінші беттегі: «Абай» екінші кітаптың орысшаға аударылар алдындағы қосымшалар (Фадеев, Соболев мәслихатымен қосылған). 1947 ж. ноябрьде жазылған» деген сөздерді автор жай қарындашпен, ал қосымшаларды қағаздың бос жиегіне қызыл, көкшіл сиялармен жазған.

Архивтің беттеуінде 1—275.

1-бет көлемі 28×17,5, 28,5×21; 136-бет 14×20,5; 215—14,5×20,5; 223-бет 13,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 15

Аталуы «Абай» романының екінші кітабының үзінділері».

«Дәл осы үйдің ішінен құдық қазындар!» — деп, бір-ақ бұйырды» ...||... «Сол есеппен, ол бүгін тағы да кешегі «ойтамағын» беріп жатыр, Абылғазыдан алда не болатынын тағы да сұрап алған Жиренше».

Машинкаға басылған. Бұрынғы беттелуі 43-беттен басталады. 1—9-беттер үш дана. Бастан-аяқ автордың түзетулері бар. 15—27, 29—30, 32—33, 35—221-беттердің қағазы сарғыш. 73-бет «Мұхтар Әуезов. «Жігіт Абай» роман-трилогияның екінші кітабы. Алматы. 1941 ж.» — деп жазылған автограф. «Тайғақта» деген сөз қара, 149-бет көкшіл сиямен жазылған.

Архивтің беттеуінде 1—221.

Көлемі 29×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 16

Аталуы «Абай жолының» тараулары, орыс тіліне жолма-жол аударма».

«С тех пор, как переселились в зимовку, до середины зимы Абай все время проводил за книгами в Арал-тюбе, в отдаленной зимовке Айгерим» ...||... «Она была в таком надежном хранилище, что не могла бы попасть в руки даже тысяче жандармов».

Қолжазба бөтен адамның жазуында. Автор бастан-аяқ оқып түзеткен, кей жеріне өзгерістер енгізген. 60—65, 75, 165—230-беттердің қағазы сарғыш. 1—163-бетке дейінгі қолжазба бір бөлек, 164-беттегі: «101 — Дармен — Дармена — склонять. Сейсеке — не Сейсеке.— Целый большой абзац заменен диалогами.— Почему» — деген сөздерді автор жай

қарындашпен, 1—163-беттер көк, 165—230-беттерді көкшіл сиямен жазған.

Архивтің беттеуінде 1—430.

Көлемі 29,5×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 17

Аталуы «Абай» романының қосымшалары».

«Қазір Абай ауылы Қызылқайнар деген қоныста отыр. Жіңішке өзенмен қатар бұлақ бастаулары мол, шалғыны да қалың кең жайлау болғандықтан бұл қонысқа Абай ауылымен ілесе көшіп келген ауылдар аса көп» ...||... «По обе стороны от него стоят Абды, Сержан и Аскар. Все они как литые, сильные и рослые джигиты будто на подбор, и казалось что доехав до своей родины Базаралы нашел в их лице свои крылья и силу».

1—62, 140—145, 161—184, 188—190, 196—199-беттер машинкада басылған, қалған беттер автограф. 64—129-беттер көкшіл сиямен, 130—132, 136—138, 172, 179—180, 185—187, 192—195-беттер көк сиямен, 83—86, 89—128, 130, 132-парақтардың екі бетіне де жазылған. Машинкаға басылған беттерде автордың түзетулері бар.

Архивтің беттеуінде 1—199.

1—63, 140—145, 161—184, 188—190, 196—199-беттердің көлемі 29×21; 64—69-беттердің — 28×19,5; 70—89-беттердің — 29×20,5; 90—129-беттердің — 23×15; 129—132, 136—139-беттердің — 29×20; 146—160, 172, 179—180, 185—187, 192—197-беттердің — 20,5×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 18

Аталуы «Абай» романының қосымшалары орыс тілінде».

«И когда Шубар собрался к отъезду, неожиданно явился сюда Такежан» ...||... «29—282 — не Кокпая. Баймагамбет... Козы — Баян — вариант».

1—71, 89—90, 93—94, 97—106, 118—122, 135—141, 152—154, 157, 160, 172, 174, 175, 178—179, 199—202-беттер автограф. 173, 176—177. 180—198-беттер бөтен біреудің жазуында. Қалған беттер машинкаға басылған. Онда автордың түзетулері бар. 1—71-беттердің қағазы сарғыш, қалғандары ақ.

Архивтің беттеуінде 1—202.

1—71, 89—90, 93—94, 97—106, 135—141, 152—154, 157—160, 172—177, 183—198, 200—202-беттердің көлемі 20,5×14,5; 72—88-беттердің көлемі 28×20,5; 91—92, 95—96, 142—151,

155—156, 161—165, 168—169-беттердің көлемі 30×21; 110—117, 123—134-беттердің көлемі 29,5×20; 178—182, 199-беттердің көлемі 29×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 19

Аталуы «Абай» романының қосымшалары».

«Просмотрены, восстановлены сцены: 1. Павлов о физич. типе каз. молодежи» ...||... «Все вокруг одобрили эти слова... громкие возгласы поддержали мудрые слова старого акына. Дальше текст стр. 280. Вечером в юрте Абая».

1—10, 13-беттер автограф, қалған беттер машинкада басылған. Машинкада басылғанның түзетулері, қосымшалары бар. Олар беттің бос жиегіне және оның екінші бетіне көкшіл сиямен жазылған. Қазақ тілінде және оның орыс тіліне аудармасы. 1—3-беттің автографы араб әрпінде көк сиямен, 4—10, 13-беттер жай қарындашпен, көк сиямен жазылған. Жазу қағазы ақ.

Архивтің беттеуінде 1—32.

1—10, 13-беттердің көлемі 20×14; қалған беттері 29,5×21. Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 20

Аталуы «Вставка к роману «Абая», «Как запела Татьяна в степи».

«1. Страница 271-ая, русского перевода. После слова: «Старик-председатель оказался человеком, внешне (вместо «внутренне») справедливым и твердо стоявшим на точке зрения законности» ...||... «И этому кругу, сидящему до глубокой ночи слушая его, Абай рассказывал впервые недавно прочитанную им одну из ночей «Шахерезады о Шаркене и Зукуль-Макане».

1—48-беттер машинкада басылған, 49—67-беттер бөгде адамның қолымен көшірілген қолжазба, 50, 64, 66—67-беттер автограф, күлгін сиямен жазылған. 50—64, 66—67-беттердің екінші бетінде машинкада басылған текст бар. Орыс тілінде жазылған 1—25, 31—33, 41—48-беттердің қағаздары ақ, 26—30, 34—40, 50—64, 66—67-беттердің қағазы сарғыш.

Архив беттеуінде 1—67.

1—49, 65-беттің көлемі 29,5×20,5; 50—64, 66—67-беттердің көлемі 31×22.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Дополнение, вставки к роману «Путь Абая» и глава «В дружбе». Дополнение 17 к стр. 1, журнал 8».

«Оспан заболел в середине зимы в доме Еркежан на своей зимовке Жидебай» ...||... «Абай уже почти высказал свои мысли о дневном событии, потому не осудил предосторожность Магаша. Согласившись с ним»

Машинкада басылған, екінші данасы. Бөтен адамның түзетулері бар.

Архивтің беттеуінде 1—320.

Көлемі 28,5×20.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Абай жолы» романының 2-кітап тараулары.
«Күз-қияда».

«Айсыз кеш, қоңырқай ағаш үйдің қорасында қап-қараңғы боп тұнып қапты. Әсіресе төбесі жабық, бүйірі ашық лапас маңы күйедей қап-қара» ...||... «Әйгерімнің әні мен соған оралып айтылған Дәрмен жыры Абай туралы кейін туатын бар жырдың басы еді. Сол себепті жаңа туған әннен бастап, Абай жаңа туысқа ауысқан».

Машинкада басылған. Екінші данасы. Ешқандай түзету, өзгертулері жоқ. Қағазы сарғыш.

Архивтің беттеуінде 1—122.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Путь Абая» (4-я глава) «Во вражде».

«Абай, не раздеваясь, прилег отдохнуть в большой юрте и незаметно задремал» ...||... «Перешагнув порог, он кинулся к постели, где вытянувшись лежала Магиш. Абай обнял ее за голову, оросив потемневшее лицо крупными, горячими каплями слез».

Машинкада басылған, екінші данасы, қағазы сарғыштау. Түзетулері бар.

Архив беттеуінде 1—82.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Путь Абая» (3, 4, 5, 6-я главы; пер. Л. Соболева)».

«В ауле Абая, расположившемся этой весной на берегу реки Барлыбай, славящейся сочными лугами и привольными пастбищами, нынче с самого утра суета»...||... «Эти волнующие заботливые думы сейчас согнали с его души обычные сомнения грусти. Перевод с казахского Леонида Соболева».

Машинкаға басылған бір данасы. Түзеткен, өзгертулері жоқ. Қағазы сарғыштау.

Архив беттеуінде 1—298.

Көлемі 29,5×20.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Главы из романа «Абай». «Путь Абая».
(Книга первая). «Возвращение».

«Карашоқы, одна из вершин Чингиса, находится неподалеку от зимовки Кодара. По ее лесистым склонам, покрытым богатой растительностью, протекает бурная река» ...||... «Там за это время поймали и привязали к юртам тех коней, с которых были сбиты враги, а их самих выгнали из аула пешком. В юртах перевязывали раненых».

Машинкаға басылған, екінші данасы. «Книга первая. «Возвращение» — 1—16-бетте, 17—36-беттер «Путь Абая». Түзету, өзгертулері жоқ.

Архивтің беттеуінде 1—36.

Көлемі 29,5×20.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Путь Абая» (часть 2-я)».

«Черные сборы» — 1—57, «Горечь» — 58—109, «Схватка — 110—204, «В кольце» — 205—298.

№ 24 папкадағы текст қайталананды.

Машинкада басылған, бірінші данасы. Бөтен адамның түзетулері, 114, 214—285-беттерде автордың қосымшалары бар. Қазақ, орыс тілдерінде көкшіл сиямен жазылған.

Архив беттеуінде 1—298.

Көлемі 30×19,5; 49-беттің көлемі 30×13.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Абай жолы» романының 1-ші кітабына
қосымшалар».

«...алысындар! Әділет сендер жақта. Оларша жаманшылыққа жетік болғаннан алыспайсын» ...||... «Бақыт үшін, жырың үшін маңғыстап тартсын! Соны ғана аңсап, соған ғана мегзейді. Бірінші кітаптың соңы».

1—25-парақтар журналда басылғандағысы, 39—43-парақтар М. Ғабдуллиннің «Абай» романы совет әдебиетінің зор табысы» деген мақаласы. Қалған беттер машинкада басылған. Журналға басылғанының түзетулері, қосымшалары бар... Көп жерлерін сызып, өшіріп өзгерткен. Бұлар күлгін сиямен жазылған. Машинкада басылған беттерде де түзеткен, өзгертулер көп. Көптеген беттерде санмен қойған белгілері бар. Түзеткен, өзгертулер көк және күлгін сиямен жазылған автограф. 131, 144-бетте текстің басына «Қ 5-ой главе» деп қызыл қаламмен жазған. 45-бетте «19-бетке «Сармолда» дегенді жай қарындашпен, сыртқы бетте «1. среда: —2» — дегенді көк сиямен жазған.

Архив беттеуінде 1—159.

Журнал беттерінің көлемі 25×16,5, машинкада басылған беттер 29,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Сведения по Алма-Ате».

«1200-ден астам жеміс түрі (37)» ...||... «77. Телмек — ілмек темір».

Бір парақ автограф. Қызыл, көк, көгілдір қарындашпен аралас жазылған. «Манас» деген сөздің асты бір сызылған. Қағазы жұқа, сарғыш.

Архивтің беттеуінде — 1.

Көлемі 28,5×20.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «План».

«1 тарау. 1889 жыл. Абай мен жастар» ...||... «Соңғы әні болса, бұдан соң Абай туатын бар әндердің басы еді. Абай осы әннен жаңа туысқа ауысты (соңы)».

8-беті машинкада басылған. Автордың түзетулері, қосымшалары жай, қызыл қарындашпен жазылған. 6, 5, 7, 8, 9-бет-

тердегі текстердің тұсына белгілер мен қосымша ойларын жазған. 5—9-беттердегі көптеген текстердің асты қызыл қарындашпен сызылып, сары қарындашпен крест қоя сызық тартқан. Панда әрбір тараулардың қысқаша мазмұны баяндалған. Алғашқы беттің жоғарғы жағында автордың «М» әрпіне ұқсас жиі қолданатын өзіне тән белгіні қызыл қарындашпен жазған. Қағазы сарғыш.

Архивтің беттеуінде 2—9.

Көлемі 29,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «Абай мен Қуандықтың сөзі».

«Абай оқуын бітіріп келгеннен кейін әйел аламын деп елден қыз көруге қасына 4—5 жолдасы бар» ...||... «Біреудің отыр дейсің тулағына дейді, Абай түн ішінде аттанып кетіп калады».

Бір парак бөтен адамның жазуындағы қолжазба, көк сиямен жазылған. Сарғыш жұқа қағаз.

Архив беттеуінде — 10.

Көлемі 29×19,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

«Бақы-шекті шешен болған адам, содан Абай тағы бір жеңіледі» ...||... «Қыздан қыздың несі артық, шырайлы біткен беті артық».

Араб әрпінде бөтен адамның жазуындағы қолжазба. Көк сиямен жазылған. Беттегі бір жол текстің асты сызылған. Парақтың екінші бетінде бір-екі сөзді жазған да, өшіріп тастаған. Сарғыш, жұқа қағаз.

Архив беттеуінде 11.

Көлемі 29×19,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр -1, № 28

Аталуы «План».

«1 тарау: 1889 жыл. Абай мен жастар» ...||... «Абай шерлі, құпия шері, IX тарау: 1903—1904 жылдар».

Машинкаға басылған. «2-экземпляр» дегенді автор қызыл қарындашпен жазған. Түзету, өзгертулері жоқ. Соңғы беттің жартысы жыртылған (аяқ жағы). Қағазы сарғыш.

Архив беттеуінде 12—19.

Көлемі 29×19,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «Жамбыл».

«Дедім мені жиыннан айдап шықты
Алыстан амандаса келдім саған» ...||...
«Қырықтың қырын бір басып,
Елудің шықтым беліне;
Орыс-қазақ кедейі дос болғанын тіледім».

Араб әрпінде жазылған автограф. Бірінші бетте «Жамбыл» деген сөзді қызыл қарындашпен жазып, астын сызған. 21-беттің оң жақ жиегіне тігінен екі сызық түсіріп, тұсына «М» әрпіне ұқсас белгі қойған. Осы парақтың екінші бетінде де екі жерде тігінен екі сызық сызған. 22-парақта да осындай белгі бар. 20—23, 25-парақтың екі бетінде, 24-парақтың бір бетінде ғана текст бар. Қағазы сарғыш. 24-парақтың сол жақ, 25-парақтың оң жақ шеті аздап жыртылған.

Архивтің беттеуінде 20—25.

Көлемі 20—23-парақ — 30×15,5; 24—25-парақ — 29,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «...үшін қысқаша фрагмент».

«Құлағы шала еститін, басындағы күндігі тоқпақтай, мұрны сапыдай имек және насыбайдан сарала боп тұрған өзі бір атаның әлі де тұғырдан таймаған сөз иесі анасы болса, айналасын қамаған кенже немере алдында бәрі байпаң боп жорғалайды» ...||... «Науан бір қызық қиян-кескі тартыста, осы кемпірмен жақсы кездесу керек, кемпір ескі феодализмнің ескі жұртта бадырап жатқан кәрі жуан қу томары сияқты болып жалынды, дегбірсіз Науанға қарады, мазақтай керігу қажет».

Бір парақ араб әрпіндегі автограф, күлгін сиямен парақтың екі бетіне бірдей жазылған. Тексттің ішінде жазылып, қайта өшірілген сөздер бар. Сызықты ақ қағаз бетінде кішкене сарғыш дақ бар.

Архив беттеуінде 26.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «Тоғалақ молда айтқан сөздерден».

«Қыздардың ақылашқаны: Майнар деген байдың қызымен Шалта деген кедейдің қызы ақылашқаны» ...||... «Көлбайдың Манасты айтуы тамаша болушы еді, оншақты ауызды

ырдап келіп артынан саспай, баптанып жырау жомокпен айта-тын... мұрынғы жүреді, қазіргі Құртқа Тезек елі, екінші ел».

Екі парақ араб әрпіндегі автограф. Күлгін сиямен парақтың екі бетіне бірдей жазылған. Сарғыш қағаз, соңғы жағындағы сөйлемдер жай қарындашпен жазылған. «Көлбайдың Манасты айтуы тамаша болушы еді» деген сөйлемнен бастап қағаздың жақтау жиегіне жазылған.

Архив беттеуінде 27.

Көлемі 22,5×18.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

«I бөлім, 228-бетке дейін — аталары Торайғыр, Шоқпыт»...
||... «Басылған өлеңдер — сазға 23-бет. 13-жылғы өлеңдер, 14 ж.— 15 ж. 18 ж.—19 ж.»

Күлгін сиямен жазылған бір парақ автограф. Жазу қағазы сарғыш.

Архив беттеуінде 28—29.

Көлемі 20,5×14,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 28

«Байлығың Алтай сенің арылмаған,
Молайып кенімесе тарылмаған,
Баяғы ел езілген ескі күнде
Осындай қасиетің танылмаған» ...||...
«Қуаныш күннен күнге бойды кернеп,
Ілгері қарқындаймыз құлаш сермеп».

Машинкада басылған. Жай қарындашпен түзетулері бар, 30-бетте екі сөздің асты күлгін сиямен сызылған.

Архивтің беттеуінде 30—31.

Көлемі 30×21,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

«1 Қазахи. Батырлар, Мурын, статьи Ауэзова, Соболева, Орлов» ...||... «Задача изучения стиля эпоса «Узб. нар. героич. эпос» типическое традиционное определен.-формулу стиля».

Бір парақ автограф. Сарғыш қағазда жай қарындашпен жазылған. Бірінші беттегі бір сөздің үстінен қызыл қарындашпен сызып өшірген. Кейбір сөздердің астын сызған.

Архивтің беттеуінде 32.

Көлемі 21×20.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Жалпы материалдар. Абайға».

«Жаннатта жаның болғыр Абай құтым,
Қасында бос жүріппін шатып-бұтып
Осындай ен дарияны жайлағанда
Тым болмаса қалмаппын қана жұтып» ...||...

«Кемпір мен шал жылайды құшақтасып,
Балалары тағы шулап бетін басып,
Жасасын совет өкіметі, коммунизм
Жастарға және бақыт етсін нәсіп.

1924 жыл, апрель».

Машинкада басылған. Түзетулері бар. Парақтың бірінші бетінде «Өлеңдер Абай романына» деген сөз қызыл қарындашпен араб әрпінде жазылған. Көкбай өлеңдері: «Абайға», «Салдарға», «Сараң байға», «Мұсажанға», «Найман Малдыбай кызы Ұмсындыққа», «Әкеңнің малға сатқан жеріне барма, өз теңіне кел» деп жазған хаты», «Көкшеге», «Оспанға ат сұрап айтқаны», «Әріппен бір сөз бәсекесінде қағып айтқаны», «Шыңғыстауға халық соты болған Жақсылыққа айтқаны», «Сағындық деген ұры екі өгізін ұрлап бермегенде, Хафиз Қабылбеков деген халық сотына жазған арыз», «Ленинге»; Әріп өлеңдері: «Ғылым туралы» («Балаларына»), «Еңбек туралы», «Қалыңмал туралы», «Ленин», «Ленин өлгенде» деп аталатын тақырыптағы өлеңдер. 48—63-беттердегі өлең жолдарының тұсындағы бос жерге тігінен бір сызық түсіріп «М» әрпіне ұқсас белгілер қойып отырған. 49—50-беттегі бір шумак өлең тұсын тігінен бір сызып, одан кейін «Абай», 61-бетте «Абайша» деп жазған. Кей тұстарда «М» әрпіне ұқсас белгілер қатарынан екі рет кездеседі. 33—46-беттердің қағаздары ақ, 47—63-беттердің қағаздары сарғыш. Кей беттердің оң жақ шеті сәл ғана жыртылған. Осы беттердің сыртында бір парақ бүктеулі қағазға «Жалпы материалдар» деп араб әрпінде қызыл қарындашпен жазылған.

Архивтің беттеуінде 33—63.

33—46-беттер көлемі 29,5×20; 46—63-беттер 30×21.

Сақталуы жақсы.

«Домбыраға қол соқпа шымырлатып бір-бірлеп, жүрегім соқпа, кел тоқта, жас келді көзге жүр-жүрлеп» ...||... «Күйлікүйсіз бәйгеде қажыды көңлім көп шауып, көп қиналмай әр неге енді семірт жол тауып».

Бір парақ қағазға латын әрпінде жазылған автограф. Абай өлеңі жай қарындашпен жазылған. Қағазы сарғыш, шет-шеті сәл жемірілген.

Архивтің беттеуінде 64.
Көлемі 29×21.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 28

«Шет ел адамдары, Абай күлкі, Жиреншелер наразы»
...||... «Абай жаны қайғыда».

Араб әрпінде жазылған автограф. Беттегі әрбір жолдың тұсына бірден он бірге дейін сан жазып, тұсына қызыл қарындашпен белгі қойған. Қағаздың екінші бетінде «г. Семипалатинск почтов. отд. Караул. Абаевский р-н. Калиеву, госбанк» дегеннен кейін астын бір сызып, «телеграфую Семипалатинск Караул» деп қызыл қарындашпен жазған. Соңғы сөздің астын сызған. Тексттің тұсында қызыл қарындашпен тігінен сызық бар. Қағазы ақ.

Архивтің беттеуінде 65.
Көлемі 19,5×9.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 28

Аталуы «Құнанбай» (Бостанбектің өлімі)».

«1. Қодар, 2. Абай. Ысқак, Оспан — балалар. Боқтампаз Тәкежан» ...||... «Абай араға жүреді. Бөжейді сабау...».

Күлгін сиямен жазылған араб әрпіндегі автограф. Тексттердің тұсына 1-ден 10-ға дейін цифр (сан) қойылған. Қағаздың жоғарғы бетінде жай қарындаштың ізі бар. Қағазы сарғыш.

Архив беттеуінде 66.
Көлемі 29,5×20.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 28

Аталуы «Жоспар».

«Абай қасына Айдар, Әзім, Көкбайды ертіп Ералыға Кебек бейітіне келеді» ...||... «Ел көшін бастаушы сол Кеңгірбай әлі бастап келеді ғой елдің иен көшін? — деп ұйлығып ұйтқыған ойдың сарынын көрсетеді».

Сызықты ақ қағазға араб әрпінде жазылған автограф. Жай қарындашпен жазылған «Жоспар» деген сөздің астын сызған.

Архивтің беттеуінде 67—68.
Көлемі 28×20,5.
Сақталуы жақсы.

Аталуы «Темалар».

«1. Абай шәкірттеріне тақырып береді. Айдар Еңлікке құран оқимын деп Татьяна жырын жырлайды» ...||... «Отанның шегінен сәлем айтам саған қадірлі асыл Абай деп жүріп кетті».

Жай қарындашпен жазылған араб әрпіндегі автограф. Әр абзацтың тұсына цифр (сан) қойып отырған (1—14). 2, 3, 4-парақтардың екінші бетінде латын әрпімен машинкада басылған текстер бар. Текстердің ішінде өшірілген, асты сызылған сөз, сөйлемдер кездеседі. Бірінші беттің тексті тұсындағы жақтау жиегінде: «Абайдың ат үстінде беретін тақырыбы», «Кемпір шешенің қысқы боранды түнде немересін уатқан жырын айт дейді» деген сөйлем жазылған. 2 (70)-бетте автордың қосымшаға қолданатын белгісі бар. 3 (71)-бетте күлгін сиямен сандар (цифр) жазған. 5-беттің сыртында типографиялық сызық (чертеж) бар. 2 (70)-беттің жоғарғы жағы жемірілген. 1—4-беттің қағаздары сарғыш.

Автордың беттеуінде 1—5; архивтің беттеуінде 69—73.

1 (69)-беттің көлемі $28,5 \times 20$; 2—4 (70—72)-беттің $13 \times 20,5$; 3 (71)-беттің $29,5 \times 20,5$; 5 (73)-беттің — $23,5 \times 19,5$.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 28

4. «Справочные данные — ориентиры как в широких пространствах Казахстана, так и в истории в самобытной природе» ...||... «Исторической судьбы духовный мир каждого народа достоин кисти великого художника».

Жай, көк қарындашпен жазылған автограф. Кейбір сөздер өшірілген. Қағаздың сол жақ жиегіне де жазған. Әрбір абзацтың тұсына цифр (сан) қойып отырған (1—12). Қағаздың сыртқы бетінде сызық (чертеж) бар. Ақ қағаз, жоғары жағы жыртылған.

Архивтің беттеуінде 73.

Көлемі 27×30 .

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 28

«Құнанбай ұрсады» ...||... «Құнанбай қажыға кетеді, Абай кітапқа отырады».

Жай қарындашпен жазылған араб әрпіндегі автограф. Беттердегі көп сөйлемдердің астын қызыл және жай қарындашпен сызған. Оң жақ жиегіне «1—20, 2—38, 1—2—28, 3—57» цифрлар қойған. Бірінші бет жоқ, 4-беттің (76-бет)

сыртында: «Коммутатор ИКП военный отдел. Тасбих» дегені орыс әрпінде жазылған. «1. Құнанбай кәрі, Базаралы, 30 кісі көрсетеді. 2. Базаралы — Нұрғаным. 3. Базаралы — Абай. Абай қалаға жүреді» дегенді жай қарындашпен араб әрпінде жазған. Қағазы жұқа, сарғыш.

Автордың беттеуінде 1—4; архивтің беттеуінде 74—76.

Көлемі 29×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 28

Аталуы «Дутбайға — Семей саудагеріне (Көкбай өлеңі)».

«Дозаққа біреу кетсе Дүрім кетер,
Дүрім кетсе Көкшенің көбі кетер,
Кісінетіп қара айғырды байлап қойып,
Артынан тоғыз биді күпілдетер» ...||...
«Қылтиған бір бешпеті әрі шолақ,
Бір саудадан басқаға келеді олақ,
Орысша, қазақшаны бірдей біліп
Адырайса бермейді сөзге қонақ».

Машинкада басылған. Қате басылған әріптерді түзеткен. Жазу қағазы ақ. Екінші парақтың оң жақ шеті аздап жемірілген.

Архивтің беттеуінде 77—78.

Көлемі 29,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 28

«Кітап соңындағы бір қыс биыл қуанышты, өздігінен түгел ұға бастаған» ...||... «III бөлім Абай қырықта, 1885 жылдың жазы. Долгополов».

Араб әрпінде жазылған автограф. Өшіріп сызған, үстінен қайта қосылған сөз-сөйлемдер бар. Күлгін сиямен жазылған. Қағазы сарғыш. Бірінші парақтың төменгі жағының оң жақ шеті жыртылған.

Автордың беттеуінде 1—3; архивтің беттеуінде 79—80.

Көлемі 20×15.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 28

Аталуы «Үшінші тарау (толық) план».

«Құнанбай келген, өзгеріп келді, Мекеде тақия салыпты, Қаратай келіп көп әңгімелеседі» ...||... «Абай кітап оқиды, Ақбас, кітапхана, Михаэлис, бұның өмірі, сыры, жақсы танысқан. Абай қаладан қайтпай жатып алған».

Сызықты ақ қағазға күлгін сиямен араб әрпінде жазылған

автограф. «Үшінші тараудың» астын бір, «Толық план» деген сөздің астын қалың етіп үш рет сызған. Көп текстердің астын көк қарындашпен бастан-аяқ сызып отырған. Өшірілген сөздер де кездеседі. «Аннан қайтқан жолда, боранды түнде аулынан кеп шығады, үш күн боран» дегенді жай қарындашпен жазған.

Архивтің беттеуінде 81.

Көлемі 20,5×16,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

«Ұлжан айту керек Абайға» ...||... «Ой да көп, уайым да көп, ойлай берсең. Ой да жоқ, уайым да жоқ, ойнай берсең».

Араб әрпіндегі автограф. Көкшіл сиямен жазылған. Парақтың екінші бетінде: «Әнде. Жаз жайлауда өзен бойындағы кең шалғынға қонған көп үйлі ауыл, іргесін кең салып жылдам қонған. Бұл үлкен ауылдың бір шеті төрт-бес үлкен ақ үйлер» дегенді орыс әрпінде көкшіл сиямен жазған да, үстінен крест қойып сызған. Қағазы сарғыш.

Архивтің беттеуінде 82.

Көлемі 20,5×15,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «Екінші тарау (әнде). Толық план (Абай 30-да)».

«(1875 жыл) Абайдың Әйгерімді жаңа алған жазы, ауылда қалың жас жиыны» ...||... «Ақынға бір жолы өзгеше күш көрсетіп кіргені осы еді, Абай осыдан көп ой түйіп қалған».

Көкшіл сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Екі парақ қағаздың екі жақ беті бірдей жазылған, ал үшінші парақтың тек бір беті ғана. Кейбір сөздер өшіріліп, кейбір сөз, сөйлемнің асты сызылған. Үшінші парақтың (85) екінші бетінде «қағаз, темекі, орамал» деген сөз араб әрпінде көк қарындашпен жазылған. Қағазы ақ.

Архивтің беттеуінде 83—85.

Көлемі 21×15,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «4-ші тарау».

«1. Күзге жақын, Абай жайлаудан қайтқанда аулы Ойкүдықта, жалғыз ауыл, қора салынып болған» ...||... «Абай қалада жатып (Әбішті бұрын оқытып жүрген), енді Күлбадан,

Мағаш, Көкбай, Кәкітай бәрін оқытады, қыс бойы қалады.
82-жылмен аяқтайды».

Көкшіл сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Жазулары анық, қағазы сарғыш.

Автордың беттеуінде 1—9, архивтің беттеуінде 86—94.

Көлемі 21×14.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 28

Аталуы «Әнде».

«Кең көгалға жазыла қонған үлкен ауылдың өр жақ шеті өңшен үлкен ақ үйлер» ...||... «Бұл топ шұбырған күйде қотанның ортасын басып, ауылдың үлкендері отыратын шеткі үйдің...»

Көкшіл сиямен парақтың екі бетіне де жазылған автограф. Тексттер ішінде өшірілген, қайта жазылған сөз, сөйлемдер көп. Соңғы сөйлем аяқталмаған, беттің жалғасы жоқ. Қағазы сарғыш.

Архив беттеуінде 95.

Көлемі 21×15.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 28

Аталуы «Екінші тарау (Абай 30-да)».

«Біржан келеді, Абай, Әйгерім, Базаралы, Балбала, Оралбай, Керімбала... ел ланы, Әмір сал» ...||... «Балаларын оқы дейді, Әбіш, Күлбадан, Мағауия қасында Кәкітай, оқусыз дүние жоқ, білімсіз елге менің пайдам жоқ».

Бір парақ араб әрпіндегі күлгін сиямен жазылған автограф. Парақтың екі бетіне де жазылған. Бірінші беттің бас жағында «Вариант» деген сөзді орыс әрпімен жазған. Кейбір сөйлемдердің астын бастан-аяқ сызған. Өшірілген сөз, сөйлемдер де бар. Жазу қағазы сарғыш.

Архивтің беттеуінде 96.

Көлемі 21×16.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 28

Аталуы «Екінші тарауға (Абай 39-да)».

«Аралап жүр, қасында жастар, салдар, Біржан келген, Әйгерімді Абай жақында алған» ...||... «Әйгерім елді егілте шер төгеді, қапасын бұлбұлын сайратып қойып Абай келіп тыңдап өзі жылайды».

Көкшіл сиямен жазылған араб әрпіндегі автограф. Сыртында бүктелген бір парақ қағазда: «Барасын, қайда, қайда болмай маған, жас өмір алтын-күміс жарқылдаған, келер күн келеді екен» дегенді орыс әрпінде жазған, парақтың сыртқы бетінде осы сөздерді бастап жазған да, көп нүкте қойған. «В ЦК» дегенді бөлек жазған. Бірінші беттің жоғары жағында: «Екінші бөлім, тарауға «План» деп жазған да, үстін сызып өшірген. Өшірілген сөз, сөйлемдер бар. Үшінші бетте «Үшінші тарау (меже) күздігүні» деп бастаған. Осы бетте бір абзацтың тұсына тігінен сызық түсірген. Жазу қағазы сарғыш.

Архив беттеуінде 98—99.

Көлемі 21×15,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 28

Аталуы «Планға».

«1. Құнанбайдың Мекеге жүруі»...||... «10. Абай ақын, 42-де, 87-жыл Базаралы қайтқан, інілер, балалар, ерушілер, көбейе бастаған, Құнту болыс, жаулық, жылқы алынады. Оразбай бөлінеді, өлең».

Бір парақ жай қарындашпен жазылған автограф. Әрбір сөйлем тұсына сан (цифр) қойып отырған. Қағаздың бос жерінде сызылған шимайлар бар. Парақтың екінші бетіндегі машинкада басылған текст орыс тілінде. Әдебиет туралы. Горький, Маяковский, С. Мұқанов, Тәжібаев, Жароков есімдері кездеседі. Қағазы сарғыш, жұқа.

Архивтің беттеуінде 100.

Көлемі 28,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 28

Аталуы «Үшінші тарау».

«Абай кітап оқиды, жаз өткен, қыс бойы Абай кітап оқыған»....||... «Ояз Лосовский қайта сайлау жасауға шығады. Төртінші тарау (жазылған)».

Көкшіл сиямен жазылған автограф. Бірінші парақтың екі бетіне де жазылған. Екінші парақтың сыртқы бетінде көк қарындашпен сызылған шимай бар. Бас жағындағы (бірінші бет) «Үшінші тарау» дегеннің астын өрнектеп сызған. Қағазы сарғыш, текстері анық.

Архивтің беттеуінде 102—103.

Көлемі 20×15.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «1-суретке өзгерістер, қосымшалар».

«1. Абай кімің еді дегенде программаның шетін айту керек» ...||... «Мес — Қәримов Қали, Сырттан — Сәлменов».

Әр түсті қарындашпен латын және орыс әрпінде жазылған автограф. Беттерде сызылған, өшірілген, қайта жазылған сөз, сөйлемдер, жақтауда қосымша жазылған тұстар кездеседі. Көп жерде текстерді (абзац) санмен (цифр) белгілеген. 106—110-парақтардың сыртқы бетінде «Отеллоның» латын әрпімен машинкада басылған үзінділері бар. Бірінші (104) парақты қызыл, күлгін, екінші парақ екі түсті қызыл және көк, үшінші, төртінші, жетінші парақты қызыл, күлгін түсті қарындашпен жазған. Үшінші (105) парақтың жоғарғы жағында «Куски 2-ой картина», төменгі жағында «А-Атинская 16», жетінші (110) парақтың бас жағындағы «роли» дегенді орыс әрпінде жазған. «Ролидің» астын қызыл, көк қарындашпен араластыра әшекейлеп сызған. Кейбір сөздердің тұсына сұрақ белгісін қойған. 6-парақта (109) сандар (цифр), адамның бас бейнесі мен басқа суреттер салған және «Жетпіс кісі көтерген жез тегешті үш толтырып сімірді дейді. Мақтан-ақ» деген сөздер жазылған. 1—2-парақтың қағазы көкшілдеу, қалғаны сарғыш, 6—7-парақ (110) шеті аздап жыртылған.

Архив беттеуінде 104—110.

1—2 (104, 105) парақтар көлемі $29 \times 20,5$; 3—7 (106—110) парақтар — $29,5 \times 21$.

Сақталуы орташа.

«Күйлер — «Акоп», «Мұғалім» ...||... «Дәулеткерей, Құрманғазы, два понимания, два ритма, два воззрения на мир».

Орыс әрпінде жай қарындашпен жазылған автограф. Күй аттарын жазып, оның тұсына авторларының есімдерін қойған. Күй аттарының астын сызған. Қағаздың оң жақ шеті жыртылған. Сыртқы бетінде «Ковалева из горжилуправления, препод. Филиппов» деп жазғанын сызып қоршаған.

Архивтің беттеуінде 111.

Көлемі $15 \times 7,5$.

Сақталуы жақсы.

«Ат, қат, жат» ...||...«Бар еді, тар еді, жар еді».

Жартысы жыртылған бір парақ сарғыш қағаз. Орыс әрпінде жазылған. Сызық сызып «а-а-а-а» деп жазған. Өлең ұйқастарына қойылатын белгі. Жоғарғы оң жақ бұрышта қара

сиямен торкөз етіп сызғаны, парақтың сыртқы бетінде орыс тілінде машинкада басылған өлең тексті бар, қағаздың жоғарғы жағы аздап жыртылған.

Архивтің беттеуінде 112.

Көлемі 15,5×20.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 28

«Жарқ етпес сонда көңілім» ...||... «Сонда көңілім жырлайды (150 бет)».

Көкшіл сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Текстің тұсына бірден онға дейін санмен белгілеген. Текстердің оң жақ тұсына тігінен сызық түсіріп, сол жақ шетінде өрнектеп тор көз түрінде сызғандары бар. Парақтың екінші бетінде орыс тілінде машинкада басылған текстің ішінен Шекспир, Шиллер, Мұқанов, Мүсірепов есімдері кездеседі. «22» деп беттелген. Жоғарғы сол жақ шетін керегелеп сызған. Парақтың оң жақ шеті жыртылған.

Архивтің беттеуінде 113.

Көлемі 28,5×20.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 28

«Арада айдай уақыт өткен соң Құнанбай ауылы бата оқи барады, Бөжей қыздарының жоқтауы, Құнанбайды жазалау» ...||... «Абай күздігүні қайнына қайта барып Ділданы әкеледі».

Көкшіл сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Алдыңғы бет жоқ. Қағазы жұқа, сарғыш, жазулары анық. Кейбір сөздерді үстінен сызған.

Архивтің беттеуінде 114—115.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 28

Аталуы «План. Оқудан қайтқанда».

«2 тарау, күз. Жексен қыстауына Бөкенші, Борсақ жеріне Құнанбай аулы қонады» ...||... «Құнанбай сасады, Абай елге қылғанымыз көп, дегенін бер дейді».

Жай қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. «План» дегенді араб және латын әрпінде жазған. Латын әрпіндегі «План», «Бөжей батасы» және қағаздың оң жақтау-

ындағы «3-отрывка (1—6, 2—10, 3—12)» дегендер де көкшіл сиямен жазылған. Кейбір сөздер өшірілген, қағаздың оң жақ шеттері мен сол жақ төменгі бұрышы жыртылған. Қағазы сарғыш. Көп сөздері өше бастаған.

Архивтің беттеуінде 116.

Көлемі 29×20.

Сақталуы нашар.

ЛММА. Кпр-1, № 28

Аталуы «Қияда» деген бөлімнің аяғы. Кітап аяғы.

Соңғы варианты».

«Көктем, жұт аяғы, жылқы қайтты, салдырап біткен, тіпті Ырғызбай жылқысы да құлынсыз, іш тастап қайтты, аман қалғанда Құнанбайлығымен, сәлем беделмен аман алып қалды, өзге жұрттың қостары көз ұялтады, 20—30-дан бір жылқы келді» ...||... «Абай қалаға келе жатып тойға кездескен, енді нық байлауымен сол қаладан өнер-білім жолын іздеп тартып кетті».

Көкшіл сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Қағазы жұқа, сарғыш. Кейбір беттерінің шеті аздап жыртылған (117, 118, 120). Төртінші парақтың (120) сыртқы бетінде күлгін түсті қарындашпен «Габиту» деп жазылған. Текстердің оң шетіндегі бос жақтауда бірлі-жарым цифрлар (сан) кездеседі. Бірінші беттің бас жағындағы «Соңғы вариант» деген сөздерді айналдыра қоршап қойған.

Архивтің беттеуінде 117—120.

Көлемі 29×19,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 28

Аталуы «VIII. Қияда».

«Бірнеше жыл өткен, Абай үш балалы, Жидебайдағы қыстауда көп жас қонақтар. Абайдың жолдастары Ербол, Жиренше, Асылбек, Базаралы. Қыс аяғы қатты, ел жұтап жатыр». ...||... «Абай Қаратай мен Құнанбай екеуін бірден сөзден мүдіртеді, Құнанбай сөйлетпейді, Абай жұрт алдында тоқтайды».

Көкшіл сиямен жазылған араб әрпіндегі автограф. Жұқа сарғыш қағаз, «Қияда» деген сөздің алдындағы «Тағы да өрде» дегенді жазып, оны қайта өшірген. Беттегі кейбір сөз, сөйлемдердің үстінен сызған. Қағаздың төменгі жағы аздап жыртылған. Текстер анық.

Автордың беттеуінде 1—2, архивтің беттеуінде 121—122.

Сақталуы орташа.

«Науан Жаппас ішінде Жаңғабыл бимен соғысқан... Қонақ келген... Науан достары — Байтабын, Қанат, Төлегендер өледі» ...||... «Бопай Қоңыркұлжаның келіні, соны Кенеге ертпек болады, Сырымбетте, Тораңғылда, Айғанымды шабады, Торғай, Орскі бойындағы крепостарды шабады».

Бір парак латын әрпіндегі автограф. Көкшіл сиямен жазылған. Парақтың жоғарғы сол жақ бұрышында «1. Науан. 2. Бопай, 3. Нысанбай, 4...» дегендер бөлек жазылған. Қағазы сарғыш, төменгі жағы аздап жыртылған.

Архивтің беттеуінде 123.

Көлемі 30×20,5.

Сақталуы орташа.

Аталуы «Планға».

«1. Қаладан келген түні. Көктем. Әкесінің үйінде. Ауыл Көлқайнарда, Байсал, Бөжей, Қаратай, Сүйіндік, Майбасар, Оспан енеді, Ысқақ» ...||... «14. Абайдың Мұсамен қағысуы, Қаратаймен дауы. 15. Ділданы алуы, Алшынбаймен қағысуы. 16. Құнанбаймен қағысуы (Асаубай ауылына құда түсе барғанда)».

Екі парак араб әрпіндегі автограф, жұқа сарғыш қағазға жай қарындашпен жазылған. Абзацтарды 1-ден 16-ға дейін санмен бөлген, кейбір сөздерді өшірген, текстердің кей тұсы өше бастаған, қағаздың төменгі беті жыртылған, бірінші парактың төменгі жағындағы текстер өше бастағандықтан, ажыратып оқу қиын.

Архивтің беттеуінде 124—125.

Көлемі 29×20.

Сақталуы нашар.

«Күнту болыстықтан түседі, бірақ қағазын дұрыстаған, Мұқыр болысына шығып кетеді... Жігітекті жалғыз тастайды. Жиренше де Тәкежанмен татулық іздейді, Оразбай да құдалық сөз айтады» ...||... «Әйгерім, әні-жоктауы соңғы әні болса, бұдан соң Абай туралы туатын бар әндердің басы еді, Абай осы әнмен жаңа туысқа ауысты. Соңы».

Араб әрпінде көкшіл сиямен жазылған автограф. Бірінші бет жок. Өшірілген сөздер, текстер арасында қайта жазғандағы сөз, сөйлемдер бар. III тарау — 1890 ж. көктемі (129 б.), VI тарау — 98—97 жылдар, VII тарау — 99—1900 жылдар (130 бет); VIII тарау — 1902—3 жылдар (131 бет); IX та-

рау — 1903—4 жылдар (132). Көп сөздердің асты бір, кейде екі рет сызылған.

Автор екіден жетіге дейін рим цифрымен беттеген, архивтің беттеуінде 127—132.

Көлемі 30×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «1. Абай аға».

«Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр, әуеде дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған» ...||... «Мен деген жастар ертең көбің, аттанып, Семейге барып, алдынан шығыңдар!... Менің тілеулестігімді, бауырлық қуанышымды алдынан ала барыңдар! Байлауым да, бұйрығым да осы! — деп бір-ақ түйіп тоқтаған еді».

Машинкада басылған, екі дана, түзетулері бар, жазу қағазы ақ.

Бұрынғы беттелуі 1—35; архив беттеуінде 133—184.

Көлемі 30,5×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «Ыбырай».

«1. Кел, балалар оқылық. 2. Араз бол. 3. Сәуірде. 4. Өнер, білім бар жұрттар. 5. Әңгімелер» ...||... «20. Жаз, қыс, күз, көктем (өлеңдер). 21. Аңшылық, 22. Ескендір, 23. Масқұт, 24. Оспан, қажы, Әбіштерді жоқтауы».

Латын әрпінде жай қарындашпен жазылған автограф. Әрбір сөйлем тұсына цифр(сан) қойылған. Парақтың екінші бетінде орыс тілінде машинкада басылған текст бар. Соңғы жағында: «1. Алма-Ата, 1933 г. Подстрочный перевод Ш. М. Бекмухамедова» делінген. Бұл — «Қасеннің құбылыстары» әңгімесінің аудармасы. Қағазы сарғыш, сол жақ шеті аздап жыртылған. Сөздің кейбір тұстары өше бастаған.

Архив беттеуінде 185.

Көлемі 21×20,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 28

«Произведение. 1. Восточная поэма на смерть Пушкина перевод Бестужева (Марлинского)» ...||... «7. Правозаступники в городе Табризе (восточные адвокаты). 8. Обманутые звезды, рассказ о Юсуф Шахе».

Сарғыш қағазда қызыл қарындашпен жазылған автограф. Тексті 1-ден 8-ге дейін санмен бөлген. 2, 3, 5, 6 санды сөйлемнің соңғы жағына көкшіл сиямен белгі қойған. Беттің жоғарғы сол жағында «41—65» деп сан жазылған, кейбір тұстары аздап оңа бастаған.

Архивтің беттеуінде 186.

Көлемі 29,5×20,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 28

№ 1

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім,
Ержеткен соң түспеді уысыма
Қолымды мезгілінен кеш сермедім» ...||...
«Оқыған, білген білген-ақ
Наданнан надан...»

Парақтың екі бетіне бірдей араб әрпінде қара сиямен жазылған. 188-парақтың екінші бетінде «18 стр. 10 разделов», 187-беттегі «332 жол» дегенді латын әрпінде жазған. 188, 189, 194, 195-беттерде сарғыш дақ бар. Жазулары анық.

Архивтің беттеуінде 187—195.

Көлемі 22×17,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 28

«Н—нун нала ғып қайғынмен күйдірдің көп,
О—уау ойла ғишқында уайым жеп» ...||...
«Фзули, Шамси, Сайхали,
Навои, Сағди, Фирдоуси,
Қожа Хафиз, бұл хаммаси
Мадат бер иа шағырлар фарияд».

Араб әрпінде жай қарындашпен жазылған автограф. «Әліп-би өлеңі», «Біраз шағатай тілінде» деп тақырыпшаларға бөлген. Қағазы сарғыш. Беттің жоғарғы жағында «Қызмет хат» деген латын әрпінде және «Служебная записка» деп жазылған. 196-парақтың екінші бетінде көп сандар жазылып өшірілген, сызылған. 197, 198-парақтың екі бетіне бірдей жазылған.

Архивтің беттеуінде 196—198.

Көлемі 16×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

«Татьяна жайын оқып ойлап отырады. Тіліне қызығады. Не деген айтқыш әйел! Ғашықтың тілі тілсіз тіл. Қызыққаннан шыққан сөз. Өзінен өткен дәурен» ...||... «...сол болғандай деседі... бірақ керегі не, бірақ...».

Араб әрпінде жазылған автограф. 1, 2-парақ қызыл сиямен, 3, 6-парақ жай қарындашпен, 4, 5-парақ көкшіл сиямен, 3, 5, 4-парақтың екі бетіне бірдей жазылған. Жай қарындашпен жазылған беттердің ішінде сиямен жазылған сөздер кездеседі. 1, 2 — парақтың бос жерінде цифрлар және өрнекпен: «Пушкин, Пешкин» деп жазылған жазу бар. 6-парақтың екінші бетінде: «Телқара» 3, 7, 9 — Вороноцов, 1—81 Жубанов, 4059 Лукинц» деген сөздер кездеседі. Парақтың айнала шеттері жырымдалып жыртылған. Текстер анық.

Архивтің беттеуінде 199—204.

1—2-парақтар көлемі 29,5×21; 3—6-парақтар — 30×22.
Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «Қосымша 4-ші (259-бетке), 5-ші (326 бетке), 6-шы (327 б.), 7-ші (336 бетке), 8-ші (346-бетке), 9-шы (396 бетке), 10-шы (425-бетке), 11-ші (429 бетке), 12-ші (432 бетке), 13-ші (443 бетке), 14-ші (453 бетке), 15-ші (456 бетке), 16-ші (466 бетке)».

«Бәрінің себебі Салтанат. Жазықсыз Салтанат. Оның ойының жазықсыздығын, Абай басының кінәсіздігін Әйгерім ескермеді, қайта ойланып бір сәт болса да ұғынайын демеді» ...||... «теңіз де, қиял да жоқ, аз алданыш қуаныш та сөне берді... тағы өмір шыны, тағы тірлік тартысы Абай алдына еселі сыбаға тартты. Соңы».

205—222-беттер машинкада басылған, 223—225-беттер көкшіл сиямен жазылған автограф. Машинкада басылған беттерде түзетулер, кей жерінде қосымшалар бар. Қағазы сарғыш, 205-беттің сол жақ шеті, 225-беттің төменгі етегі аз дап жыртылған.

Архивтің беттеуінде 205—225.

Көлемі 28×20,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «К III главе».

«1. О чиновнике, председатель, он взяточник, Кошкин отношения (271). 2. Мотивировка приговора — должен быть приговор, 274, стр.» ...||... «13. Названия глав — один вариант по отпадающим отсекаемым потерям, второй вариант—«в пути к свету» перед рассветом (Тогжан)... третий — линия жизни, четвертый — песня с Айгерим, с певцами, с Салтанат, с народом (скорби) ... 14. Сокращения для журнала (В поезде!..)».

Көкшіл сиямен бүктеулі сарғыш қағазға жазылған автограф. Әрбір сөйлемдерді цифрлармен бөлген. Жазуы анық.

Архивтің беттеуінде 226—227.

Көлемі 29×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

1. «Чернышевский и народовольцы — разница во взглядах. Индивид. террор д. б. осужд. Михайловым» ...|| «7. Черн. не должен быть представлен постепеновцем (2 п). Его рев. линия должна проявиться. 8. Длинноты, особенно заметны в отдельных речах».

Көкшіл сиямен жазылған автограф. Сөйлем тұсына цифр қойып отырған. Қағазы сарғыш, текстері анық.

Архивтің беттеуінде 228.

Көлемі 17,5×10.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «Кітап бойынша».

«1. Төре парактар — 194 б. 2. Өкімнің мотивировкасы (Өкім керек) 197 б.» ...||... «15. Көкбай Абайға Михайлов сынын айтады... Михайлов ойы — тың — дәл, ерте — 456. 16. Эпиграмм — ой — күдік — шаң, шабуыл — 467».

Жай қарындашпен жазылған автограф. Сөйлем, сөз тұсындағы сандарды (цифр) күлгін сиямен жазған. Сандардың алдына қосу белгісі қойылған. 12-сандағы екі-үш сөзді өшіріп, үстінен «поэт 429» деп көкшіл сиямен жазған. Қағазы сарғыш.

Архивтің беттеуінде 229.

Көлемі 21×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «6 бөлімде».

«1. Ертегі «Мың бір түн» емес, «Үш мушкетер» (Аксақ француз). 2. Шұбар» ...||... «впереди снова борьба... поэзия одно, жизнь другое, суровое...».

Көкшіл сиямен жазылған автограф. Қағазы сарғыш, текстері анық.

Архивтің беттеуінде 230.

Көлемі 20×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «Қосымша I (194 бетке), қосымша II (197 бетке),
қосымша III (207 бетке)».

«Бұл төренің бүгінгі мінезінде екі түрлі өзгешелік білініп тұр. Ең әуелі сахаралық киргизді патшалық чиновнигімен көзбе-көз кездестіріп, істерін қоса тергеу әдеттен тыс еді» ...||... «Михайлов Абайдың иығынан қағып, аса сенгіш таза көңіл достығын сездірді.

— Менен ғана оқымаңыз... менен ойлы, менен сыншы орыс ойшылдары бар... соларды оқыңыз...».

Сарғыш қағазда көкшіл сиямен жазылған автограф. Беттерде өшірілген, қайта жазылған сөз, сөйлемдер көп. Жақтауларына қосымшалар жазылған. Кейбір сөздердің астын көк қарындашпен сызған. Текстері анық.

Автор бірінші қосымшаны 1—3, екінші қосымшаны —1, үшінші қосымшаны 1—3 деп беттеген; архивтің беттеуінде 231—236.

Көлемі 28×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 28

Аталуы «Шахнамә».

«Зер қадірін зергер білер» ...||... «Шахнамә».

Үлкен форматты сызықты қағазға жай, қызыл қарындашпен аралас жазылған автограф. Қағаздың бос жақтауларына да жазған. 6-бетте «Шахнамә» дегенді үлкен етіп қызыл қарындашпен жазған. Қағаздың шет-шеттері жыртылған.

Автордың беттеуі 1—6; архивтің беттеуінде 238—240.

Бірінші бет көлемі 26,5×20; 2—3-бет — 33,5×20,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«...мен сөйлеседі. Бұл екеуі бұрыннан біліскен, сыйлас адамдар. Сармолда қаладағы бар молдадан бөлек, өзінше көзі ашық, сыншы, ойшыл білімді адам» ...||... «Әбіш соңғы күндер әкесіне сездірген, ойда жоқ оқыс бір хал бар еді. Дәрменнің әкеп отырған дәті сол (Ол жай екінші тарауда)».

Машинкада басылған, бірінші беті жоқ. Сарғыш қағаз. Автордың түзетулері, қосымшалары бар. Бірінші беттің жиегіне араб әрпінде, 2-бетте де «Хатиб — чтец молитвы, Факих — правовед. Садр — высш. дух. чт.» деген жазу бар. Осы

бетте қызыл қарындашпен абзацқа қойылатын белгі бар.

Бұрынғы беттелуі 2—6; архивтің беттеуінде 1—5.

Көлемі 29×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«Уақыты шапқан Оразбайды мақтайды, Абайдың кедейшілдігін мінейді, Шұбар қаланың молдалары қарсы дейді» ...||... «Таңертең төбелес, сабау, сұмдық. Абай жетсін, Оразбай жансызы. VI. Осы күндерде — күзде Мағыш өледі. Оның қолында Мәкен».

Бірінші беті жоқ. Сарғыш қағазға қоңыр қарындашпен жазылған автограф. Абзацтарды рим цифрымен бөлген. Жазуы анық.

Автордың беттеуі 2—3; архивтің беттеуінде 6—7.

Көлемі 21×15.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«Кет! — дейді. Құдыққа түсуден тартынып көнбейді. Оразбай «құдыққа түсуден қашсаң мен сені көрге саламын» дейді» ...||... «Полицмейстер, подписка... Павловты абақтыға алу... Бірақ Мартов келешек жақсы... өте жақсы боп келеді дейді... Ол жұмысшы».

Жай қарындашпен жазылған ақ қағаздағы автограф. Бірінші беті жоқ. Кейбір сөз, сөйлемдердің астын жай және қызыл қарындашпен сызған. Үшінші бетте (автордың беттеуі бойынша) қызыл қарындашпен сол жақтауына тігінен сызықтар сызған. Жазылуы анық.

Автордың беттеуінде 2—6; архивтің беттеуінде 8—12.

Көлемі 21×15.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«1. Мауқай — кітап әкетіп бара жатып айтқаны» ...||... «Дәулеткелді күлдіргі... Абай — Құрбан қажы — нан иман дегенде айтқаны».

Ақ қағазға жай қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Екінші беттегі «Оразбай шабуылы» деген сөзді және беттеудегі үш санын қызыл қарындашпен жазған. Қағазы ақ.

Автордың беттеуінде 1—3; архивтің беттеуінде 13—15.

Көлемі 21×15.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«...болар десе сөзі алдырсын. Талай алдырсын әлі» ...||...
«Шадра, шашуын берді, бар әнші желең шапан».

Қоңыр қарындашпен жазылған қолжазба, кейбір сөйлем-
нің асты сызылған. Жазу қағазы ақ.

Архивтің беттеуінде 15.

Көлемі 21×15.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«... дау туғызады дейді. Қанатты үміт Абайды үлкен сәу-
лелі шабытқа шақырғандай» ...||... «Атақты «Өлсем орным қа-
ра жер» өлеңі туады».

Машинкада басылған, қағазы ақ. Тексттің тұсынан және
төменгі жағынан қызыл қарындашпен сызған.

Архив беттеуі 17; бұрынғы беттеуі 12.

Көлемі 29×23.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «План. Алтыншы тарау».

«Абай Әйгеріммен Аралтөбені қыстайды. Оңаша. Кітап,
өлең, еңбек соңында. Қаладан әуелі Әбді келеді» ...||...
«Отыз тоғызыншы күні Абай өзі үзіледі. Ел кедейі қалың
қауым халық болып жер күңіреніп жылайды. Аты, көлігі
болмаған талай кедейлер жаяу, ат қойып жылап келеді. Осы-
лай Абай қаза болады. Эпилог бұрынғы жазылғанша».

5 беті ақ қағазға, машинкада басылған. Автордың түзет-
кен өзгертулері бар.

Архивтің беттеуінде 18—22.

Көлемі 29×23.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «Сегізінші тарау (бірінші вариант)».

«1903—1904 жылдар. Қыс пен көктем ішіндегі уақиғалар.
Мағаш қатты науқас, өшіп бара жатқан үміттей» ...||... «Абай
өлмеске қадам басты. Әйгерім әні бұдан соң Абай туралы
туатын бар әндердің басы еді. Абай осы әннен жаңа туысқа
ауысты. Соңы».

Бір бет жұқа ақ қағазда машинкамен басылған. Аяқ жа-
ғына таман «Эпилог» деп жазған. Жай қарындашпен автор-
дың түзетулері бар.

Архивтің беттеуінде 23.
Көлемі 29×23.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 29

Аталуы «Жетінші тарау (бірінші вариант)».

«1902—1903 жылдар Мағаш жақсы кісі болған еді. Онымен Кәкітайлар көп оқып, қатты өскен-ді. Мағашты ел ісіне, саналы еңбекке Абай жақсы тәрбиелеген» ...||... «Абай шерлі, қайғысы құпия, қалада жазға шейін жатып, Мағашты емдетеді, жаз елге алып қайтады».

Жұқа бір бет ақ қағазға машинкамен басылған. Жоғарғы жағында «алтыншы» деген сөзді тігінен жай қарындашпен сызған. Парақтың төменгі жағында «По кирг. степь! Дм. Львович с. п. 1914 г.» дегенді қызыл қарындашпен жазған. Парақтың оң жақ шеті аздап жыртылған.

Архивтің беттеуінде 24; бұрынғы беттелуі 14.
Көлемі 29×23.
Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 29

«1) Инемен құдық қазу кей көкіректен қаскөйлікті қуудан да қиынырақ. 2) Зорлықшыл зорлықтан қара табар» ...||... «30) Нелер шашы ағарған, тасбиқ тартқан пірлер әр түні зинаға батар».

Үш парақ араб әрпіндегі автограф. Қағаздың екі бетіне де жазылған. 25—26-беттер қоңыр, қалғаны жай қарындашпен жазылған. «М» әрпіне ұқсас белгілері бар және көп тұста текстердің асты сызылған. Жазушы «М» әрпіне ұқсас белгілерді қызыл, көк қарындашпен қойған. Кей тұстарда үйреншікті белгі (птичкалар) кездеседі. Қағазы ақ.

Бұрынғы беттелуі 1—6; архивтің беттеуінде 25—27
Көлемі 21×15. Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 29

«Низами. Хосров и Ширин» ...||... «4. Түйеатан алты асаса тояды».

Жай және қоңыр қарындашпен араб және бүгінгі әріппен жазған автограф. Соңындағы «3. жылқы — балта-шоты қолында. 4. Түйеатан алты асаса тояды» деп жазған екі жолды үстінен сызған.

Архив беттеуінде 28.
Көлемі 21×15.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«Коперник — 1473 — 1543; Галилей — 1564—1652» ...||...
«Джордано Бруно — 1548—1600. Қазнен, сожжен».

Бір парақ ақ қағазда қоңыр қарындашпен жазылған автограф.

Архивтің беттеуінде 29.

Көлемі 21×15.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«Моллалар: 1. Ғабдулжаппар, 2. Жамаладдин, 3. Ғабдразақ» ...||... «Тұрбек, Балажан, Бақия (Қожакелді)».

Қоңыр қарындашпен жазылған автограф. 30-парақтың екі бетіне де жазылған. «Балаларды» дегенді жай қарындашпен жазған. Көп есімдердің астын сызып, тұстарына белгілер қойған. Жазу қағазы ақ, сөздері анық.

Архивтің беттеуінде 30—31.

30-парақтың көлемі 21×15; 31-парақ — 18,5×10,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«Абайдың тұсындағы болыс тобықтының адамдары. Ырғызбайдан: Тәңірберді, Мұхамеджан» ...||... «Осы адамдардың бәрі де бір-бір асауды байлап, әрқайсысының (...) болған көрінеді».

Сызықты сарғыш қағазда араб әрпінде жай қарындашпен жазған автограф. Әрбір сөйлем тұсына рим цифры қойылған. Көп сөздердің асты сызылған. Парақтың төменгі беті аздап жыртылған, сөздері анық.

Архив беттеуінде 32.

Көлемі 21×14,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «Оқыған қаратаяқтар».

«1. Әзімхан Жабайханов, 2. Сақып Сақанов юрист» ...||...
«6. Самалбек Доспанов, 7 Басбақов Башыр».

Қоңыр қарындашпен жазылған автограф.

Архивтің беттеуінде 32.

Көлемі 15×13.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 29

«1. Бектуған Ботабайға — Ақбота (қыпшак), 2. Әлмен (Ақбота)» ...||... «Муфтиге жарау — Бектуған, ...ел ережесі мен Шараған баласы».

Бір парақ ақ қағазда қызыл қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Кей сөздердің астын сызған.

Архив беттеуінде 33.

Көлемі 20,5×15.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 29

«Бостан, Қонай, Еңсебай» деп басталатын бірнеше адамдардың есімі қызыл және жай қарындашпен бір парақ ақ қағазда жазылған автограф. Кей есімдерді үстінен сызған.

Архивтің беттеуінде 34.

Көлемі 20×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 29

«1. Саудагерлер. Есберген, 2. Құрық, Қайнарбай, 4. Төлепбек» ...||... «8. Төлепбек, Сақ, Құсақ».

Қызыл қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Барлық кісі аттарын санмен белгілеп отырған. Кей есімдердің асты сызылып, басқа да белгілер қойылған. Қағазы ақ, текстері анық.

Архивтің беттеуінде 35.

Көлемі 20,5×15.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 29

Аталуы «Шешен сөздер».

«1. Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады. 2. Аузымен айды алады, қолымен қосаяқ соға алмайды» ...||... «38. Таудағы түлкіні табындағы тазы алады. 39. Тамыр болдың айтыс жоқ, қолдан бердің қайтыс жоқ».

Араб әрпінде қызыл, сары, қоңыр және жай қарындашпен жазылған автограф. Көп сөздердің тұсына белгілер қойылған. Кейбір сөз, сөйлемдерді үстінен бір сызықпен және крест қойып сызған. 38-парақта 30-дан 39-ға дейінгі сөздерді «Мақал-мәтелдер» деген. Қағазы ақ, текстері анық.

Автордың беттеуі 1—3; архивтің беттеуінде 36—38.

Көлемі 21×15.

Сақталуы жақсы.

«...Мағаш құрт ауру. Бірақ Мағаш сондай кең ақылды, мінезді, ...заман жақсы болады дейді ғой,— «қуан аға!» — дейді, Абай алда дүние қызық дейді... бірақ жетуге бұйрық жоқ... топ ішінде айтқан» ...||... «Ауыл сыртқа көшеді, Абай, Мағаш зиратында... өлімге бекіну... 38-күн Мағаштың қырқын бергізеді. Өзі ауру, ем алмайды, докторды шақыртпайды, 39-күні өзі үзіледі... ел, кедей қауым жоқтайды... күз — Жидебай — зират».

Жай қарындашпен жазылған автограф. Бірінші беті жоқ. III, IV. V деп рим цифрымен бөлген. Қағазы ақ, текстері анық. Автордың беттеуі 2—4; архивтің беттеуінде 39—41.

Көлемі 21×15.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Байкөкшенің түсі».

«Абай тап бір түс көрдім бүгін түнде,
Көкке шығып шарықтап кеттің мүлде,
Ақ киімін, астыңда боз атың бар
Асқақтап жоғарылап алдың мүлде» ...||...

«Абай Көкшенің өте көтеріп айтқанына қанағаттанбайды, оны Байкөкше байқап қалып, ертеңінде Абайды ренжітіп алмайын дегенді ойлап, бүгін Абай туралы бір түс көрдім дейді».

Араб әрпінде жай қарындашпен бөтен адамның жазуындағы қолжазба. Кейбір сөздердің асты сызылған. Қағазы ақ. Архивтің беттеуінде 42—43.

Көлемі 20×14.

Сақталуы жақсы.

«...Балақаев «Иін тіресіп» деген, жоғарыда айтылған татымал, сүйретінді сөзді үлгі етіп ұсынбақ болады. Ал мен шкаф қатарында тұрған кітаптарды «тіресіп тұрды» деу үшін, олардың аяқтары тарбиысып, қолдары алыстан итіс-тартыс тіресіп тұрған күйде ұғынбаймын» ...||... «М. Балақаев аты-жөнін атамай, менің «әлде бір» мақаламадағы «сондай бір» пікіріммен дауласа сөйлейді. Сол мақаланы оқушы...».

Машинкада басылған. Автордың түзетулері бар. Алдыңғы және соңғы, ортадағы беттер жоқ. Автордың түзетулері көкшіл сиямен жазылған. Бірінші парақтың жоғарғы жақ бетінде бір сөйлемнің асты көк қарындашпен сызылған.

Бұрынғы беттелуі 10, 19, архивтің беттеуінде 44, 45.

Көлемі 30,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Ыдырыс әңгімелері».

«Бас жатақта Хисан хазірет... Мәлғаждар қари тұрды.

Семіз Найман, орыс Медет, одан кейін Әшім қожа... Әшімнен соң Зәкен, Қисамидин шәкірті. Әшім де шәкірті... Абай оқығанда олар мударрис еді. Қалфеге жақын (Зәкен уақ)» ...||... «Добровольский қыр ұлпа нарын Қоянды жәрмеңкесіне апарған... киіз үйлерді көттестіріп тігіп, екі-үштен төсек құрып қойған.

Шымылдық».

Араб әрпінде жазылған автограф. Торкөз қағазға жазылған. Автор көп сөз, сөйлемдердің астын қызыл қарындашпен және көк сиямен сызған. Парақтың екі бетіне де көк сиямен жазылған. Аяқ жағында «28/5» дегенді жай қарындашпен жазған. «Ыдырыс әңгімесі» деп бас жағына жазылған сөздің астын өрнектеп сызған. Қағаздың бас жақтауы тесік. Қағазы ақ, текстер анық.

Архивтің беттеуінде 46—51.

Көлемі 20×14.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «1943 ж. Абай ауданында».

«Ермұса айтқан әңгіме. Абай таяқ жеп қайтқан соң үйге кеп айтқаны деп, Башей айтушы еді дейді:

Көкіректе қалың шер, көңіл қаяу,
Ел кісі деп жүргенім досым жау.
Сүйер кісім, сүйенер жақыным жоқ
Бір өзіңе сүйендім бар құдай-ау» ...||...
«Тұйғыннан томағалы тұйғын туар,
Жүйріктен айғыр салсаң жылмаң туар,
Сұлудан қатын алсаң күлгін туар,
Кудан қу, сұмырайдан сумаң туар».

Араб әрпінде жай қарындашпен жазылған автограф. Шағын блокнот, қағазы сарғыш. Блокноттың соңғы бетінде «Қабдолла Тілеубайұлы... бұрынғы Шыңғыстау... Күмісбай, әкесі Ордабайұлы Бидайық колхозы Қарауыл» дегенді қазіргі әріппен жазған. Соңғы беттегі мақал: «Ұр деген айыпкер емес»— деп басталатын сөзден былай көкшіл сиямен араб әрпінде жазылған. Кей беттерде автордың белгілері бар. Сарғыш және жай қарындашпен кейбір сөз, сөйлемдердің асты сызылған беттер де кездеседі. Парақтың екі бетіне де жазылған. Блокноттың алғашқы бетінде автордың үйреншікті белгісі қызыл қарындашпен жазылған. Соңғы жағында жазылмаған бос бет-

тер бар. Бірінші бет пен соңғы беттің жазуы көмескілеу, аздап өше бастаған.

Архивтің беттеуінде 52—76.

Көлемі 13,5×10.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«Джангар «Песнь о походе против лютого хана хара Киима»— 1500 стр. Дербен — ойрат — наименование союза четырех Калмыцких племен: Торгоутов, Дербетов, Толенгутов и Зюнгаров» ...||...«Ножницевидные уши — атты жуасыту... асаудың жаңа иесін танып өз өзінен... жарауы... Жетпіс бестінің құнына тұратын қамшы — жыланның жонындай алақаны асылдау... қазақта жылан бауыр...

Жалғаз үйге келіп — жан бармысың? — дейді.

— С каким лицом войдешь в мой дом».

Қызыл, көгілдір қарындашпен орыс және латын әріптерінде жазылған автограф. Қағазы сызықты, 77-парақтың екі бетіне де жазылған. Жазулары анық.

Архивтің беттеуінде 77—78.

Көлемі 20,5×14.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «Абай айтар болса».

«Өткенге өкіндім, көргеннен күңірендім. Алған өздігінен бермейді, көрген өздігімен айтпайды. Табыстырар жол қалдыр, мәңгілікке кеспесеңші... Инемен құдық қазу кей көкіректен қаскөйлік (тәкаппарлықты) қуудан оңайырақ» ...||... «Жан күйерің зынданда отырса, өзіңнің бақ ішінде отырғаныңмен рахат табар ма ең? Ұлы қатты дертті болса, санадан ана солмай ма? Еккенің тікен болса, орарың балауса болмас. Елін жылатқан қасқырдай — Абай — Нарымбетке».

Қызыл қарындашпен латын әрпінде жазылған автограф. 79-парақтың жоғарғы жағына текстердің үстінен бастырып көк қарындашпен «М» әрпіне ұқсас белгі қойған және «Абайға лайық сөз» деп жазған. «Инемен құдық» деп басталатын сөйлемнің асты қоңыр қарындашпен сызылған. Көп сөйлемдердің тұсына қандай кейіпкерлеріне қатысты сөз екенін жазады. Мыс: «Жүз оқ атып желге кетіргенше, бір оқ ат та жебе бұз» дегеннің тұсына «Ерден» деп жазған. Автордың басқа да

белгілерімен бірге көп сөздердің асты сызылған. Қағазы сарғыш. Шеттері жыртылған. Кейбір сөздер өше бастаған.

Архивтің беттеуінде 79—80.

Көлемі 29×21,5.

Сақталуы нашар.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «Жеке бидің сөзі».

«Жеке Қойтан ұлы 1830 жылы Маңырақ Сауыр деген жерде Шығыс Қазақстан облысының Қытаймен шекарасында туған, 1914 жылы 84 жасында өлген. 17 жасында билік айтқан... Ол адал, шешен адам болған»...||... «Жігіттер қайтып Құлақайдың маңын баспайтын болыпты. Бұл Мауқай деп қате жазылыпты. Ақсуат ауданында болған Құлақай деген қу тілді адамның айтқаны»...

Араб әрпінде бөтен адамның жазуындағы қолжазба. Жазушы бұл қолжазбаның кей тұстарын сызып, белгілер қойған. Қағазы сарғыш, аздап шеттері қайырылған, текстері анық.

Архивтің беттеуінде 82—104.

Көлемі 29×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«1. Ит жинасаң сырттан жи, 2. Иегі ителгінің тамағындай, 3. Самарқанды сапырып, 4. Тарғыл тастың тағылары»...||... «20. Ай батқандай қылды да, адастырып жіберді... Асылбек Әділбектен үлкен. 21. Ойқастап озған жүйрігім».

Көк, қызыл, күлгін түсті қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Жазылғандарды 1-ден 21-ге дейін санмен белгілеген. Парақтың жоғарғы сол жақ бұрышында қиғаштап өзіне тән «М» белгісімен «сөз» дегенді араб әрпінде қызыл қарындашпен жазып, астын сызған. Ал төменгі етегінде «Ворошилова 88» дегенді күлгін түсті қарындашпен орыс әрпінде жазған. «М» әрпі тектес белгі парақтың ортан белінде де кездеседі. Қағазы сарғыш, етек жағы жыртылып, сөздері де өшіңкірей бастаған.

Архивтің беттеуінде 105.

Көлемі 31×20.

Сақталуы нашар.

«Қызылмола... Уақ, Матай, Бура (Найман). 1. Қазанғап, Қанғожа, 2. Аршалы — Рақыш, 3. «Қызыладыр: Күйісбай (Қарабас) Абайға құрбы» ...||...

«Келіп тұрған Мамайды
Ескілік алдын қамайды,
Мен де көргем талайды,
Мен көрген бас-сирақ рас болса,
Ояз сайлау қылғанда
Ыбырайды Мамай сабайды» —

деп тұрып кетіп қалған».

Күлгін сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Парақтың беттерінде клетка түрінде және кейбір сөздердің асты сызылғандары бар. Қағазы сарғыш, шеттері жыртылған, тексті анық.

Архивтің беттеуінде 106.

Көлемі 29×22,5.

Сақталуы орташа.

Аталуы «Абай жайына қосымшалар».

«4. Бөжей, Байсал істі (Сыдық). 5. Күнту, Оразбай, жанжал, Оразбайдың қайта қашуы. 6. Оразбайды Күнту болыс болғанынан кейін Оспанның арбаға байлап әкелгені» ...||... «27. Әйгерім Біржаннан ән үйренді. 28. Салбурын Шәке әңгімесі, мергендері. 29. Құлыншақ...».

Көкшіл сия және жай қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. 107, 108-парақтың екі бетіне бірдей жазылған. Әр сөйлемнің тұсына сан қойылып отырған. «Абай жайына қосымшалар» — 1—14-ке дейін, «Тұмабай» — 1—42-ге дейін, «Қатпа» — 1—2-ге дейін, 107-парақтың сол жақ шетінде «М» әрпіне ұқсас белгі қызыл қарындашпен жазылған, басқа да белгілері кездеседі. Қағазы сарғыш. Қағаздың шет жақтары жыртылған.

Архив беттеуінде 107—109.

Көлемі 29,5×20.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «Сөз».

«Әлдіге әлсіз жем болар,
Әлдінің сөзі ем болар.
Іт қарғысы сары жез
Қолың жетсе шен болар» ...||...

«Жолдасты жақсыдан тап, жақсы жолдас ажалдан да,
бейнеттен де құтқарады».

Автордың беттеуінде 1—4, қызыл қарындаш, күлгін сиямен жазылған автограф. Парақтың екі бетіне де жазған. 110-парақтың екі беті, 111-парақтың бірінші беті қызыл қарындашпен, екінші беті көкшіл сиямен жазылған. 110-парақтың жоғары сол жақ бетіне «сөз» дегенді араб әрпінде қиғаштап жазған. «М» әрпіне ұқсас белгілер бар және көп сөздердің тұсына тігінен бір сызып, күлгін сиямен «керек» дегенді жазған. 111-парақтың екінші бетінде «сенбе» деген сөздің үстіне «көнбе» дегенді қызыл қарындашпен жазған және тор көз жасап, қызыл қарындашпен шимайлап сызғаны бар. Қағазы сарғыш, текстін көп тұстары анық емес.

Архив беттеуінде 110—111.

Көлемі 20,5×14,5.

Сақталуы нашар.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «Әбікен, Құнанбай айтты деген сөз».

«Байтал жүйрік барқы жоқ,
Қатын жақсы парқы жоқ» ...||...
«Ақ пен қара таласар,
Аққа құдай жарасар».

Көк қарындашпен жазылған автограф. «Сөз» дегенді қызыл қарындашпен текстін үстінен қиғаштап жазған. Аяқ жағында бір сызық бар, қағазы ақ, бүктелген.

Архив беттеуінде 112.

Көлемі 29×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«1. Арғымақ ат бірде жалды, бірде жалсыз, Ер жігіт бірде малды, бірде малсыз».

2. «Ханнан қазық, биден тоқпақ» ...||... «Қарамықтың дәні болғанша, бидайдың сабағы бол. Жаман елдің жақсысы болғанша, жақсы елдің жаманы бол.

Ауыз дарбаза, сөз самал».

Араб және латын әрпінде жазылған автограф. Қағазы ақ.
Архив беттеуінде 113.
Көлемі 10,5×17.
Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 29

«Сол уақытта есті кісілер есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен, Есер кісі ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының көтін жауып, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрейін» ...||... «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?... Абиырын, арын сатып адам жаулағандық, тіленшектік, хош, сүйтіп жүріп мал таптың, түзу жолмен іздеп өрістерлік күн болар ма екен? Әй, не болсын».

Алдыңғы беттері жоқ. Латын әрпінде жай қарындашпен жазылған автограф. Бір парақ сарғыш қағаз, парақтың екі бетіне жазылған. Көп сөз, сөйлемдердің асты сызылып, жазушының көп қолданатын белгілері қойылған, қағаздың шеттері жырымдалып жыртылған, жазуы анық.

Архивтің беттеуінде 114—115; автордың беттеуі 3—4.

Көлемі 31×22,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 29

Аталуы «Бойы туралы».

«Қар үстінде сүйретіп, қабырғасын күйретіп. Бүйекемнен төрелік асып кетпеген, бір жегенде Байыстай ел жетпеген. Қара сөзге қыбладан ескен желдей, алдынан тоқтылы қой да өтпеген. Бойыға ат шапқанда бәйге: тоғыз тай тұяқ, тоғыз түйе, тоғыз құлынды бие, тоғыз кілем, тоғыз киім мауыты, тоғыз киім торғын, тоғыз киім мақпал және тоғыз бұйым мен бір жетім. Жетімі кемпір екен» ...||... «1861... аға сұлтан болды, 69 жылы аға сұлтандықтан құлады».

Жай және жасыл қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Автор бұрынғы беттеуін көкшіл сиямен жазған. Жазылғандардың көп тұсы өше бастаған. Қағазы сарғыш, шеттері аздап жыртылған. Текстердің аяқ жағы қағаздың жақтау жиегіне жазылған.

Автордың беттеуінде 1—2; архивтің беттеуінде 116.

Көлемі 29×21.

Сақталуы нашар.

ЛММА. Кпр-1, № 29

Аталуы «Екінші акт».

«1. Қайырсыз болған жазыннан қайырлы болған қыс артық, көрінбеген алтыннан пайдасы тиген мыс артық, пара жегіш билерден қасқыр алған ит артық» ...||... «Кент орнаған жер, көдесі мақпал түгіндей. Аяғын алшаң басып. Өнер жігіт көркі деп. Делбеймін көңілімді. Піл сауырлы қара жер, Шаңқып шорым шығады көк жал арлан».

Жай қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. 1—4-беттерде жазылғандарды 1—31-ге дейін санмен белгілеген. Бірінші бетте «М» әрпіне ұқсас белгісі бар. Кейбір сөз, сөйлемдердің астын сызған. Екінші беттегі жазылғанды «Тақпақ» деген. Бірінші беттің бас жағындағы «Екінші акт» деп жазғанының үстінен сызып өшірген. Қағазы сарғыш, оның айнала шеттері жырымдалып тозған.

Архивтің беттеуінде 117—120; бұрынғы беттелуі 1—6 және 1.

Көлемі 31×22,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 29

Аталуы «Байкөкше».

«Сүрінген сүрен аттап...
Жөкенді жақын жерден шаба торып,
Ізге түскен шабынып күнде жорық,
Ашса алақан, жұмғанда жұмырында
Тобықтының сол көрген ақын көбін» ...||...
«Айқай-сүрен салысып,
Көңлі шапшаң болсын деп,
Ісек сырлап, бағын алып мына елден»...

Латын әрпінде жай қарындашпен жазылған автограф. Парактың төменгі жағындағы сөздерді «Есімқан әңгімесі» деген, беттің жоғарғы сол жақ тұсына қиғаштап «сөз» дегенді астын сызып, араб әрпінде қызыл қарындашпен жазған. Қағазы сарғыш, шеттері жыртылған.

Архивтің беттеуінде 121; бұрынғы беттелуі 4.

Көлемі 29,5×20,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 29

Аталуы «Қажет сөздер».

«Бөлтірік:— Кей ақымақ аузымен айды алады, қолымен қосаяқ соға алмайды. Құлайғыр: — Көрінбеген білімнен келбет артық. Орманбет: — Отқа салып ерітсен, алтын сірә жез

болмас, аяққа шұлғау қылсаң да, асыл жібек бөз болмас» ...||... «Жақсыны жалғыз деменіз, бір боп туса онмен тең, он боп туса жүзбен тең, жүз боп туса мыңмен тең... Алдасқан ауыл болмас, есептескен ел болмас (Бөгембай). Хан азарында қарашасымен қас болар...».

Күлгін сиямен жазылған автограф. «Қажет сөздер» дегенді жай қарындашпен жазған. Парақтың екінші бетінде машинкада басылған текст бар. Бұл «Түнгі сарын» пьесасының орысшасы... 40 бет. Аяқ жағы «Занавес» деп біткен. Қағазы сарғыш, шеттері жыртылған. Жазулары анық.

Архивтің беттеуінде 122.

Көлемі 28,5×22.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«Шырпы өзін талмын дейді,
Шымшық өзін жанмын дейді,
Бұлақ өзін көлмін дейді,
Көл тұрсын, аққан селмін дейді,
Дәрежесін көтеріп,
Тасбақа өзін елмін дейді».

Жай қарындашпен жазылған автограф. Төмен жағында «Сөз» дегенді араб әрпінде қызыл қарындашпен жазған. Қағазы сарғыш.

Архив беттеуінде 123.

Көлемі 21×16.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «Абай сөздері (қара сөздер)».

«1. Еңбек сау.

2. Мақалдарды сынауы — Қарның ашса, қаралы үйге шап. Қайраты жоқ құлдан без, қайыры жоқ елден без (4—5-беттер).

3. Өнер алды бірлік, бірлік алды тірлік ... сын» ...||... «49. Сап-сап көңлім. 50. Дүтбайға. 51. Қазақтың қайдан шыққаны туралы».

Жай қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. 1, 2, 3-парақтың екі бетіне бірдей жазылған. «Абай сөздері» деген парақтың жоғарғы сол жақ шетіне араб әрпінде қызыл қарындашпен жазылған. 1-ден 31-ге, 1—51-ге дейін сан (цифр) қойылған. Көп сөздердің, сөйлемдердің асты сызылған. 125-парақта «сөздер» дегеннің астын сызған, одан әрі 1-ден 51-ге дейін жазбалары басталады. Қағазы сарғыш, шеттері аздап жыртылған.

Архивтің беттеуінде 124—127.

Көлемі 29,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

«1. Сүгір қызына барады, жеңгесі Қалиқа мінезі. 2. Сүгірдің қызына Базаралы, Оралбай да құмар. Алып қашады. 3. Мырза Бөжейдің баласы, Мыңқа — соның қызы Тайымжанға барады Абай» ...||... «30. Қалыңдық Тінібай қызын алып қашуы. 31. Құнанбай Кеңесарыны қуған, кейін Бопай келеді, садақ атады. 32. Жиренше Ағыбайды Қарқаралыда көрген».

Жай қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Жазғандарын санмен белгілеп отырған. 1-ден 32-ге дейін. Қағазы сарғыш, сол жақ шеті, төменгі жағы аздап жыртылған, жазуы анық, кейбір сөз әріптері аздап өшіңкіреген.

Архивтің беттеуінде 128.

Көлемі 29×20,5.

Сақталуы орташа.

Аталуы «Әлімбет әңгімесі».

«Көжекбай, Тезекбай, Мамай ішінде бір жер дауы болып, Құнанбай Сүйіндікке бөлік жаса деп тапсырады. Көжекбайдың атасы Жамантайға өкіл күйеу боп 200 қой алған екен» ...||... «Өткенді айтсам, өгейсуін қарашы десе, бүгінді айтсам, жағынуын қарашы десе не деймін,— дейді Әлімбет».

Жай қарындашпен латын әрпінде жазылған автограф. Бірінші парақтың жоғарғы сол жақ шетіне қиғаштап «М» әрпіне ұқсас белгі қойған және «Әлімбет» дегенді қызыл қарындашпен жазған. Көп сөздердің астын сызып отырған. Қағазы сарғыш, шеттері аздап жыртылған, жазуы анық.

Архивтің беттеуінде 129—136.

Көлемі 29×21.

Сақталуы орташа.

Аталуы «Хасен ақсақал әңгімелері, Кеңгірбай сөзі».

«1. Мына жақтан келеді ақ найзалы,
Ақылымнан таппадым еш пайданы,
Тіленімнің қатыны ұл табады,
Оның атын қойсын-ау бай Байдалы.

(Караша Байдалы).

2. Қаратай, Бөжей Өскенбайдың асында Құнанбайға бір қылайын деп Арғынмен қол алысады. Ұйқыдан тұрмайды» ...||... «27 Сонысын демейді, Жарасбай дейді, 28. Отындық ағаштан оқтық мүсін туған жігіт, Керей Жәнібек сөзі, 30. Өзен тұрып өлкеге қонғаннан без».

Латын әрпінде жай қарындашпен жазылған автограф. Жазғандарына 1-ден 28-ге дейін сан (цифр) қойған. Бірінші парақтың жоғарғы сол жақ шетінде «29/IX—40 г.» дегенді қоршаған және «М» әрпіне ұқсас белгімен «Хасен» деген сөз қызыл қарындашпен жазылған. Санмен бөлінген абзацтың аралығына бір сызық сызып отырған. Парақтың екі бетіне бірдей жазған. Қағазы сарғыш. Жазылған текстер анық. Кей парақтың шеті аздап жыртылған.

Архивтің беттеуінде 137—139.

Көлемі 20,5×15.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«1. Сарыбас Абылғазы тұстасы. 2. Бейсембі, Әбділда, Жабай, Әділ, Бекет, Қасен — Бөкен. Толай — Берікбай, оның баласы Базар, Байділда» ...||... «Тойшыбектің әкесі Дәркембай».

Көк қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Парақтың сол жақ жоғары шетінде «М» әрпіне ұқсас белгімен «тұстас адамдар» дегенді қызыл қарындашпен жазған. Қағазы сарғыш, сол жақ шеті аздап жырымдалған. Тексі анық.

Архивтің беттеуінде 140.

Көлемі 20,5×15.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«1. Біржаннан ары — Шал. Тәтіқара. 2. Құлтума — Алтай, Қуандық. 3. Арыстан ақын — Атығай» ...||... «15. Жарылғапберді Шорман, Мұсаның баласы Біләлді ертіп, Жарқын ауылына күйеушілеп барған. Сонда Біржан да барған. 16. Сақау Біржаннан үлкен. Сүйіндік орманшы».

Қара сиямен жазылған автограф. Жазғандарын 1—16-ға дейін санмен бөлген. Парақтың екінші бетіндегі «31. Трагедия жайы» дегенді көк қарындашпен латын әрпінде, «32. Секция — моя работа» дегенді қызыл қарындашпен жазған. Қағаздың шеттері аздап жыртылған, түсі сарғыш.

Архивтің беттеуінде 141.

Көлемі 22×15,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«... Орынбай тақыр қоян жылы өлген. 1890 жылы өлген. 77 жасында өлген, сүйегі Қарауыл ішінде Жаулыбай... Күлдей қасқа» ...||... «Баста Шөже, Дана (Данамен Орынбай айтысқаны), Сералы қожа, Арыстан, Кеншімбай, Шортанбай айтыстарын біледі, кітабы бар».

Қызыл қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Көп сөздердің асты сызылған. Қағаздың түсі сарғыш, оң жақ шеті мен астыңғы шеті жыртылған.

Архив беттеуінде 142.

Көлемі 25×22.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 29

Аталуы «Төлепхан Сабырбай баласы айтқан».

«Басына күйме тастың Боран шыққан, алашқа өтірік ұран шыққан» ...||... «1. Боран, Мамай, Бейсембай аталары өтірікші. 2. Күйметас Арқат тасы».

Қызыл, көк қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Қағаздың түсі сарғыш.

Архив беттеуінде 143.

Көлемі 19×13,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 29

«1. Асылбек — кішкене ақсары, дөңгелек сақал. 2. Жиренше — сақалы үлкен, денесі орташа, семіз емес. 3. Оразбай — ақшыл, үлкен, Медеуге ұқсас, семізше ақ көз соқыр, сақалы шамалы, ер пішінді кісі» ...||... «Он сары ат әкелген азаға, сол атқа мініп келген, кейін Тәкежан мазақ етеді. Қыстыр...».

Жай қарындашпен латын әрпінде жазылған автограф. Жазғандарын 1-ден 13-ке дейін сан қойып бөлген. Қағаздың түсі сарғыш, қағаздың шеттері жырымдалып жыртылған, етек жағындағы сөздері өше бастағын.

Автордың беттеуінде 1—2; архивтің беттеуінде 144.

Көлемі 31×22.

Сақталуы нашар.

ЛММА. Кпр-1, № 29

«Сана — сағынышты... Өтешев — апырай мына құдай» ...||... «3. Сана — Тоқтаров келгенде — былық. 4. Сырым — өлді — үзілді. 5. Өтешев — бес-алты ракета».

Жай қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Бүктеулі сарғыш қағаз, парақтың екі бетіне бірдей жазылған. Кейбір сөздердің асты сызылған.

Архивтің беттеуінде 145—146.

Көлемі 18,5×13,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «**Бөкен Жиреншеұлының әңгімесі**».

«Елеусізге алып қашқызған болып қара шолақ құлақ... Жиренше, Абылғазы, Абай, Тұрғанбай бүгін жемге ойтамақ бергіз дейді. Абай бүгін не бересің дегенде ойтамағы түлкі еті, қызыл ғып берген» ...||... «Құнанбай қажыдан қайтқанда, түсінде Өскенбай кеп, қайт шапшаң, неғып жүрсің,— депті. Түрік пен орыс соғысы жақындап келеді екен... Осман паша қолға түсіп, түрік жеңіледі. Тез қайтпасак, бітім болғанша қалып қояды екеміз — дейді. 25 сом штраф орыс консулы салады, рұқсатсыз кеттің деп».

Жай қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. 147—148-парақтың екінші бетінде машинкаға орыс тілінде басылған текстер бар. 149—150-парақтың екі бетіне бірдей жазылған. Кей абзац біткен жерде сызықшамен бөліп отырады. 147-парақтың жоғарғы сол жақ бұрышына «М» әрпіне ұқсас белгі мен «Бөкең» дегенді қызыл қарындашпен араб әрпінде жазған. Қағаздардың айнала шеті жырымдалып жыртылған, түсі сарғыш.

Автордың беттеуі бойынша 1—5; архивтің беттеуінде 147—150.

147-парақтың көлемі $20 \times 19,5$; 148-парақтың — $28,5 \times 21,5$; 149—150-парақтың — $31 \times 22,5$.

Сақталуы орташа.

Аталуы «**Қазақ баяны**». «**Тауарих Хамсе шарқи**».

(«Құрбанғали Жолдыұлы»)

«Аяғөз тұғмыш семіз — найман нұрміш еліміз дүр, қадым сөзінің қадірін білу» ...||... «намаз хуфтан» ... (ясту — ясиғ) ясту — жастыққа жатуға жақын намаз деген, ясиғ — уақыты кең намаз».

Күлгін сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Осы қолжазбаның ішінде: «Қазақ баяны»— 151, 152, 153-парақ; «Ас беру туралы»— 154, 155, 156, 157-парақ; «Қазақта жыл аттары»— 159, 160-парақ; «Елеулі күндер»— 160, 161-парақ секілді тақырыпшыларға бөлінген. Абзацтар арасында бөлген сызықтары бар. 151-парақтың сол жақ жоғарғы бұрышында «М» әрпіне ұқсас белгіні қызыл қарындашпен жазған. Жолдары жасыл қарындашпен жазылған. Қағаздың түсі сарғыш, жұқа, текстері анық, қағаздың айнала шеті жыртылған.

Автордың беттеуінде 1—10; архивтің беттеуінде 151—161.

Көлемі 29×21 .

Сақталуы орташа.

Аталуы «Материалдар (екінші кітапқа). Естегілер».

«1. Абайдың орыс достары. 2. Сапарғали материалдары. 3 Мұқа туралы» ...||... «8. Ескі дәптер (Тұмажан, Мадияр, Эрхам, Қатпа, Сыдық әнгімелері)».

Жай қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Бір парақ шағын қағаз. Қағаздың түсі сарғыш. Парақтың төменгі сол жақ бұрышында «гуіл» деген сөзді қоршап, араб және қазіргі әріппен жазған.

Архив беттеуінде 162.

Көлемі 15×20,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Эрхам Ысқақұлы, Сыдық Махмұдұлы, Абай жайындағы мағлұматтар».

«Сыдық көш-жөнекей әнгіме айт деп артынан өзі айтатұғын... Ойнасын айтып, артынан мен ақымақ па осы, ол болса кемпір болды ма, я өлді ме, мен болсам түрім мынау, осы кәрі не былшылдап келеді дейсің-ау сен,— дейді екен» ...||... «Жиренше Қарқаралының қаласында Ағыбайды көргенін айтады, шал екен. Бір казак-орысты ат үстінде тұрып екі тартқанда бүк түсіреді. Шалғынбайға айып кескенде ол солдаттарға тигізбепті. Менде саясат жоқ. Әдеп шыққанда жолшыл болдым... Бірақ саясатқа шебер Жиренше, келе жатқан пәлені ондай көргіш кісі жоқ еді — дейді».

Блокнот. Жай қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Блокнот түптеусіз. Қағаздың жоғарғы шетінде: «ОАК— НКП. КазССР Қазақ мемлекет драма театры. Әдебиет бөлімін меңгеруші. Каз. государств. драматический театр, зав. литературной частью. Театр драматургі Әуезұлы. Драматург театра Ауэзов. Қызмет хат. Служебная записка» дегендер казак, орыс тілдерінде латын, орыс әріптерімен жазылған. Бұл сөз парақтың бәрінде бар. Қағаздың түсі сарғыш, 174-парақтың бас жағындағы бірінші сөз: «9. Семипалат. областн. С. 13. 1894—94», соңғы сөзі: «172 — Киргизская миссия 1899—902» деп орыс тілінде жазылған. Блокноттың бірінші парағында «М» әрпіне ұқсас белгі қызыл қарындашпен, цифрлар (сан) жай қарындашпен жазылған. Парақтың екі бетіне бірдей жазған. Көп беттерде автор тігінен бір, кейде екі сызып, «М» әрпіне ұқсас белгісін қойып отырған. Тексттің ішінде өшіңкіре-

ген, оқуы қиын тұстар да кездеседі, кейбір сөз, сөйлемдердің асты сызылған.

Архивтің беттеуінде 163—214.

Көлемі 20,5×14,5.

Сақталуы нашар.

ЛММА. Кпр-1, № 29

Аталуы «Дулат».

«1. Бөтегесі бырдай боп, Май сасыған дырдай боп, 2. Топшан атты бүгілтіп, 3. Тас ошақты қиратып» ...||...

«Би мен бектің сәні жоқ,
Елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса,
Ыстығына күймесе,
Суығына тоңбаса,
Елді бастар ер қайда,
Аға сұлтан асында,
Еліңді қамап көрге айда,
Барса келмес жерге айда...».

Күлгін сия, жай қарындашпен латын әрпінде жазылған автограф. 215-парақ сиямен, 216-парақ сия және жай қарындашпен, 217-парақ жай қарындашпен жазылған. Көп сөздердің асты сызылған, тұсында автордың белгілері бар. 217-парақтың жоғарғы шетінде қиғаштап «сөз» дегенді араб әрпінде қызыл қарындашпен жазған. Осы бетте «Ленинград, ул. Маяковского, 36/38. кв. 32, Левин М. З.»— деген жазу күлгін сиямен жазылған. Қағаздың түсі сарғыш, шеттері жыртылған.

Архивтің беттеуінде 215—217.

215-парақтың көлемі 28×21; 216—217-парақтың көлемі 29,5×20,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 29

Аталуы «Абай».

«Абай қазақ әдебиетінде өте көрнекті орын алған адам, әсіресе, Абайдың өлең техникасына асқан шеберлігі, сыршылдығы, сөзінің кіршіксіз таза құрылысы қазақ елінің өздерінен шыққан ақын-жазушылары түгіл, басқа елдердің ақын-жазушыларына үлгі болуға жарайды десек, ұяла қоймаймыз» ...||... «Мен көргенде Абай әңгімесін жап-жақсы білетін кісі Баймағамбет Айтқожаұлы еді... Ол кісінің әдебиеттен де хабары бар болатын, ол қазір тірі кісі, солардан әлі де болса

толықтырып жинау керек. Бегалыұлы Сапарғали (Бегалыұлы С.)».

Латын әрпінде машинкада басылған, түзетулері бар. «Ол қазір тірі кісі, солардан әлі де болса толықтырып жинау керек. Бегалыұлы Сапарғали (Бегалин С.)» дегенді қолмен, латын әрпінде жазған. Парактың жоғарғы оң жақ бұрышында «М» әрпіне ұқсас белгімен «Сапекең» дегенді қызыл қарындашпен араб әрпінде жазған, қағаздың түсі сарғыш, шеттері аздап жыртылған.

Архивтің беттеуінде 218.

Көлемі 29,5×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «Абай туралы. Баймағамбет Айтқожаұлының айтуынан (Тобықты Шыңғыс елінікі)».

«Абайдың бір мінезі, өзі бір нәрсеге бет қойып кіріспеуші еді, егер кіріссе, ол нәрсенің үлкен-кішісіне, жақсы-жаманына қарамай, соны іске жаратуға құмар еді, егер кезі келіп біреуге қалжыңға тірелсе де, соны бір қайтармай қоймаушы еді дейді» ...||... «Абайдың өзі көңілі түссе, бала демей, үлкен-кіші, жақсы-жаман демей, аянбай ойнап отыратын мінездері болушы еді деп айтар еді. Жинаған — Бегалыұлы Сапарғали».

Латын әрпінде машинкада басылған, түзетулері бар. «Жинаған — Бегалыұлы Сапарғали» дегенді қолмен латын әрпінде жазған. Қағаздың түсі сарғыш.

Архивтің беттеуінде 219—220.

Көлемі 30×19,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «Абайдың кісіге сөз бермейтін ерлігі және шешендік пен өз сөзін ақтық қылып шығатындығы. Абайдың өз ағайыны Өміртай Ақбердіұлының айтқаны».

«Абайдың бір әдеті, ел жайлауға келісімен сырты Дағандыға (бұл күнде Шұбартауға қарайды), оңтүстігі сыбан, мына жағы қаракесекпен көршілес елдерінің басты адамдарын шақыртып алып, қонақ қылып, бір-екі күн жібермей, әңгіме айттып, мәжіліс істейтін әдеті болатын» ...||... «Кұр пәлен айтты деп есіткен сөздің орынды-орынсызын қарастырмай, артынан еру анық надандық деп ана кісіні қатты ұялтып тастады,— деп

1931 жылы Талдықорғанда айтып еді. Жинаған — Бегалыұлы Сапарғали».

Латын әрпінде машинкада басылған, түзетулері бар, «Алтыбай салқын байлардың», «Шолтанай», «Қайдағы қиын түбек не заңғар биік шынның қуысына кісі бармайтын жерді паналап, адам көрінсе, түстік жерден қашады». «Жинаған — Бегалыұлы Сапарғали» дегендер латын әрпінде колмен жазылған, қағаздың түсі сарғыш.

Архивтің беттеуінде 221—222.

Көлемі 30×19,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «Абайдың кісі мазақтағыш қалжыңқойлығы».

«Абайдың шешесі Ұлжан Тұрпан қызы, Тұрпанның Ұлбазар деген Ұлжаннан кіші бауырының кенже баласы Шектібай деген кісіден ауызша естігенімнен. Шектібайдың жас кезінде әкесі кедей болып, жасы отыз асқанша Ұлжан апасының қолында өсіп, көбінесе Оспан деген кенже жиенінің қолында болып жүрген адам» ...||... «Шынында бұл қалжың Абайдың ыңғайымен айтылуы рас еді, Тәңірбергеннің томырық және сараң, мақтаншақ мінезін Абай ұнатпайды, егер Тәңірберген бір байдың жылқышысы болса, иесіне мінуге ат бермес еді деп күлетінбіз,— дейді. Жинаған — Бегалыұлы Сапарғали».

Латын әрпінде машинкада басылған, түзетулері бар. «Жинаған — Бегалыұлы Сапарғали» дегенді латын әрпінде колмен жазған. Қағаздың түсі сарғыш.

Архивтің беттеуінде 223—225.

Көлемі 30×21,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «Қанжығалы қарт Бөгенбай өлгенде Сүйіндік Бұқар жыраудың Абылайға естірткені».

«Қазақтың ханы Абылай,
Абылай ханым бұл қалай,
Ақиықты аспанға
Ұшпастай ғып торлады,
Құлағанға ұқсайды,
Қазақтың қамал қорғаны» ...||...
«Құланы құлындай тулаған,
Түлкісі иттей шулаған,
Қыс қыстайтын жерінде».

Күлгін сиямен бөтен адамның жазуындағы қолжазба. Қағаз бүктелген, түсі көкшіл, жұқа. Қағаздың сыртында Әуезов-

тің «М» әрпіне ұқсас белгісі мен «Жай сөздер» деп қызыл қарындашпен араб әрпінде жазғаны бар.

Архивтің беттеуінде 226—227.

Көлемі 21×15.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

«Әй, Едіге, сен енді қайтсана,
Қайтып Еділ өтсана.
Еңсесі биік боз орда
Еңкейіп сәлем берсана» ...||...
«Мекен іздеп жігіттер кел-кетелі,
Ор тауында көп төбе белгі етелі,
Азаматтар ерінбей тыңласаныз,
Қозы Көрпеш — Баянды тербетелі».

Латын әрпінде жай қарындашпен жазылған автограф. Парактың оң жақ жиегінде «Ибн-Арабшах об Едиге один из дьяволов Тамерлана», «Ұлытау», «Жартас», «Едіге» деп жазған. Қағазы жыртылған, түсі сарғыш. Екінші бетінде «42—42, 37—34» деген сандар жазылған.

Архивтің беттеуінде 228.

Көлемі 28×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

1. «Жанбота» (жылау жөн бе?), 2. «Айтбай», 3. «Адасқақ»... 4. «Тентек», 5. «Ләйлім шырақ» ...||... «6. Әннің басқы шырқауы туралы. «Жанботада» олай емес, бірден бастайды да, содан ары жаңа өрлей түседі, ырғалып өрлей береді, екі бұралып бітпей кетеді».

Жай қарындашпен жазылған автограф. Кейбір сөздердің асты сызылған. «Қарға», «Гауһар тас», «Бал Қадиша» дегендер көк қарындашпен жазылған. 229-парақтың екі бетінде бірдей жазу бар. Қағаздың түсі сарғыш.

Архивтің беттеуінде 229—230.

Көлемі 21×15,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 29

Аталуы «Н. Поспелов и Шаблюновский».

«Русская литература, учебник для VIII кл. средней школы, 1941 г. Литература XI—XII вв.

Просвещение и лит-ра в Киевской Руси» ...||... «4. По летописи — стратегич.— оплошность в поэме измена Ганслона».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Парактың екі бетіне

бірдей жазған. Сызықты ақ қағаз, бүктелген. Көп сөздердің асты сызылған.

Архивтің беттеуінде 231.

Көлемі 16×10,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 29

Аталуы «Абайдың досы Мұқа жөнінде біраз мәлімет.

Әбілханұлы Мұқа (1857—1927)».

«Мұқаның шын аты Мұқаметқали. Руы Уәлі, Уәлі ішінде Жарқын. Жарқыннан төрт ұл болған, Төрехан, Өзбекхан, Қарахан, Әбілхан (кенжесі)» ...||... «Тегінде Абай шәкірттерінің кейбірі алдындағы кемеңгер ұстазы Абайдың алдында өздерінің ақындығын бой салып көрсетуді қажет санамаған сияқты».

Жай қарындашпен бөтен адамның жазуындағы қолжазба. Бірінші парақтың бас жағына «Мұқана» деп жазған. Жазушының «сөз» деп қызыл қарындашпен жазып, астын сызғаны бар. Қағаздың түсі сарғыш, шеттері аздап жыртылған, жазулары анық.

Бұрынғы беттелуі 1—5; архивтің беттеуінде 232—236.

Көлемі 20,5×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 29

Аталуы «Михаэлис в Петербургском университете».

«Всякий студент и по какому угодно поводу мог собрать сходку; многие даже видели в этом коренное условие студенческой жизни, своего рода палладиум вольности» ...||... «Не раз высказывалось прямое утверждение, что студенческое движение в Петербурге было массировано со стороны, а не шло непосредственно от самих студентов. Прежде всего вину профессоров, но это — чистейшая выдумка»—...

Соңғы беттері жоқ. Машинкада басылған. «Михаэлис — прокурор по делу студента-растратчика»... (238—240-парақ), «К характеристике мировоззрения Михаэлиса» (240—241-парақ); «Связи студентов с Чернышевским» (242-парақ); «Успех Северцева — рассказы об Азии» (242-парақ); «Широкий размах студенческого движения в 1861 г., руководящая роль Михаэлиса» (243-парақ) деп бөлінген. Кейбір беттерден қызыл қарындашпен сызылған тұстар кездеседі. Бірінші беттің жоғарғы сол жақ бұрышында қызыл қарындашпен қойылған «М» әрпіне ұқсас белгі бар. Қағаздың түсі сарғыш.

Архивтің беттеуінде 237—243.

Көлемі 28,5×19.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Ақындар ағасы» романының тараулары».
«Қазада», «Қоршауда».

«Әбіш биыл да жазға демалысқа елге қайтқан. Бірақ бұл жаз соншалық басқа, бөтен» ...||...«Бүгін осы Қарамолада жықпаса да «түбінде Абайды апарып құлататын ордың ортасын таптым»— деп ішінен соны медеу етті де, шербашнай сияздың артын тосып, отырып қалды».

1—96-бетке дейін автограф. Қалғандары машинкада басылған. Машинкада басылғанның түзеткен өзгертулері бар. 1—8, 77—96-беттер күлгін, 6—8-беттер қоңыр, 64—76-беттер көк сиямен жазылған. 13, 15—60-беттерде кейбір сөздердің асты қызыл қарындашпен сызылған. 60-бетте «Қоршауда» деген тарау аты күлгін сиямен жазылған. 64-беттің жиегінде «Гост. «Якорь» с 23/VI—25» деген сөздер бар. 97-беттегі «19/VII-1949 ж. с. 9—11³⁰» дегенді жай қарындашпен жазған.

Архивтің беттеуінде 142.

1—95-беттің көлемі 28,5×20; 96-бет — 19×14,5; 97—142-беттің — 28,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Ақындар ағасы» романының варианты, үзінділері».

«Жұман айтқан сөздің көбі дұрыс болатын... Базаралының қашып келгені де рас және бұрынғы жылы емес, дәл биылғы жылы қашып келуіне «себеп болып отырған Құнтудың болыс болып тұрғандығы» дегені де дұрыс» ...||...

«Әкесі мен шешесі баланы андыр,
Ол да өзіндей ит болсын азғыр-азғыр!
Асты жөндеп іше алмай қысылады,
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр».

1—333-бет машинкада басылған, 334—337-беттер қолжазба. Парақтың екі бетіне де күлгін сиямен бөтен біреудің көшіруінде жазылған. 337-беттегі Абайдың бір шумақ өлеңі жай қарындашпен, бірінші беттің жоғарғы жағында «Мұхтар Әуезов «Ақындар ағасы» (роман). III»—дегенді автор күлгін сиямен жазған. «Жалғасы. Басы журналдың осы жылғы 4-номерінде» деген бөтен біреудің жазуы бар. Машинкада басылғандары үшінші данасы. 92—129-беттердің қағазы сарғыш. Қалғандары ақ.

Архивтің беттеуінде 1—337.

Көлемі 30×20,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Ақындар ағасы» романының тараулары:
«Абай аға», «Достықта», «Кек жолында».

«Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр, әуеде дымқыл сыз бар» ...||... «Ұйқысыз, мазасыз ойлар қинаған Абайға Әйгерімнің күстөсегі тастай батады. Көп күрсініп, дөңбекшумен ұйқы қашырған Абай да бұл түнді көз ілмей өткізді».

Машинкада басылған, автордың бастан-аяқ түзету, өзгертулері бар, күлгін сиямен жазылған. Бірінші беттің жоғарғы жағына «Мұхтар Әуезов, «Ақындар ағасы» (және романның үзінді), «Абай аға» дегенді қолмен жазған. 14, 15, 82, 119, 135-беттердің жақтау жиегінде қолмен жазылған қосымшалар бар. 1—145, 149—218, 225—226-беттердің қағазы сарғыш. 144—157-беттер «Личное дело» деген бүктеулі қағаздың ішінде.

Архивтің беттеуінде 1—257.

Көлемі 31×21.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Дополнение к роману «Отец акынов».

«Однажды Абай и Абиш сидели в просторной Молодой юрте. Сегодня Абиш заговорил о степной жизни, уклад которой иной раз поражал его теперь» ...||... «Но какое благо, что ты слил свои идеалы с этим новым. Что не обретешь в дальнейшей своей жизни, иди не оглядываясь и не раскаиваясь только по этому пути! Закончил он... Сейчас их прогулка подходила к концу, они были уже около аула...»

Машинкада басылған. Автордың түзетулері көп, қызыл түсті қарындашпен жазылған, сызған, өшірген белгілері бар. 3-парақтың жоғарғы бетінде қолмен жазған қосымша кездеседі, 1—12-парақтың текстері көк түспен басылған, 13-парақтан 17-параққа дейін қара түс. «(Вставка к... стр.)» — деп басталатын қағаздың түсі ақ. 10-парақтың оң жақ шеті жыртылған.

Архивтің беттеуінде 1—17

Көлемі 29×20.

Сақталуы орташа.

Аталуы «Қосымша».

«— Қараймын, сізге қараймын да тоя алмаймын Федор Иванович!— деп бастады Абай алғашқы сөзін, бұлайша сыр-

ласу ерлерден гөрі ер мен әйел арасына қонымдырақ екенін сезе отырса да, Абай әдейі осылайша ғана айтуды орынды көрді» ...||... «Міне рас, міне бұл тұста сіз кейбір ең соңғы жаңалықтардан шын жырақта қалған боларсыз. Ендеше, сұрай беріңіз, мен хабаршыңыз болайын,— деді».

Машинкада басылған. Екінші данасы, түзету, өзгертулері жоқ. Қағаздың түсі сарғыш.

Архивтің беттеуінде 18—19.

Көлемі 29×19,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 33

«В день отъезда молодежи в Конураулие Абай с Ерболом поехали в аул Базаралы. Они слышали о болезни Базаралы и решили его проведать» ...||... «А на завтра, садясь на коня, Абай увозил как свое утешение всю полноту этих сокровенных тайн».

(Алғашқы бес парақ аяқ жағынан алынып қосылды). Машинкада басылған, түзетулері бар. Қағаздың түсі сарғыш, 2-данасы.

Архивтің беттеуінде 20—23.

Көлемі 28,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 33

«... Қазаққа ұқсамайды ғой. Мен қателесем бе? Әлде бұлар қазақтың бөлек тұқымы ма? Мыналар қазақ болса да, әлдеқалай европалық бір елмен араласқан қазақ, метис адамдар емес пе? Антропологиялық қызық тип» ...||... «Әділетін айту керек, Семейдің әскери жандаралы бұл туралы көп дерек жиған, оның мол мағлұматы бар әкім боп шықты... Сол елдердің шоқынған тарихтарын еске ала отырып...».

Кітап беттері қағазға желімделген. Кей беттерді сызып, кей сөздерді өзгерткен. 33-парақ бір бет қағазға: «Қосымша—181-бетке. Төртінші тарау, «Өкініште» деп сиямен жазған. 38-парақта кітап беттерін қиып, арасына машинкада басылған текст қосып желімдеген. 39-парақта «Қосымша келеді» деп жасыл қарындашпен жазғанының үстін бастыра «Қосымша» деп күлгін сиямен жазған. Қағаздың түсі сарғыш, кітап беттерінің қағазы ақ.

Архивтің беттеуінде 24—40.

Көлемі 29,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Вставка (к I главе)».

«1. Покос (после I подглавки, к 14 стр.). Отношение Шубара отрицат. Поехали Магаш и Дармен — они возмущены... Народ им говорит о заступнике (о Базаралы)» ...||... «В этой мечте своей он доверялся только Дармену, но не высказал вслух... (345—347 стр-ца)».

Күлгін сиямен орыс тілінде жазылған автограф. Жазушының қызыл қарындашпен қойған белгілері көп. 41—43-парақта текстердің арасында көк қарындашпен жазылғандар кездеседі. 44-парақтың екі бетіне де жазылған.

Архивтің беттеуінде 41, 44, 42-парақ жоқ; автордың беттеуі 1—4.

Көлемі 28,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

«Бел... о заимствовании литер. мечтают. I стр. 23. 53 — Керез Кокетая, плач Бокмурун. Керез Манас, плач Каникей — особы» ...||... «237 — Заключение. 238 — полистад намост — от Марри... ? — не нужно».

Қызыл қарындашпен жазылған автограф. 45-парақтың екі бетіне де жазылған, көп сөздердің асты сызылған, әрбір сөйлем тұсында сан (цифр) бар, қағазы сарғыш.

Архивтің беттеуінде 45—46.

Көлемі 21×14,5.

Сақталуы жақсы.

«Қазір Абай жалғыз. Өз үйінде ойда отыр. Ауыр ой кешегі ел туралы. Бірнеше өлең де жазды» ...||... «Менің сенімен туысқаным үшін сан күнде қуанайын. Түссен түсші... Тек кісілік, азаматтық жолды жүріп түсші...»

— Болды дей сала Оспан қуғын жеген атан түйедей тайрандай жөнелді».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Көп сөз, сөйлемдерді сызған, ара-арасында қызыл, көк қарындашпен жазылған сөз, сөйлемдер бар, қағаздың түсі сарғыш.

Архивтің беттеуінде 47.

Көлемі 21,5×19.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 33

«Базаралы, Абай — шабуыл алдында: а) шауып ал, б) кейін — Баз. атын ұлыққа ататпайды (қалаға барады), в) кесікті бір бестіге түсіреді, г) Абай билікте? VI глава» ...||... «Бар жастар және Абылғазы, Байкөкше осыны апарған. Дәркембай жіберген халық Абайды ақтайды. 5. Жандаралмен объяснении де осы кедейге болысу сөз болады».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Көп сөздердің асты сызылған. Қағаздың түсі ақ, жазулары анық.

Архивтің беттеуінде 48.

Көлемі 19×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 33

Аталуы «Вставки Қазада».

«1. Шақырту былтырғы недоимщиктер жұмысы жөнінен «Повестка» туралы әңгімеде ашылады (232) 302. 2. Мұраны үлесуде Тәкежандар — жатақ жөнін білмегенсіді (241)» ...||... «5. Лосовский приговорларды білмейді. Ол өзінің (корпус) қағаздарын біледі. Жолдастары басқаша (332)».

Көк қарындашпен жазылған автограф. Әрбір сөйлем тұсына сан (цифр) және белгілер қойған. Қағаздың түсі ақ, сызықты. Кейбір сөздердің астын сызған.

Архивтің беттеуінде 49.

Көлемі 28×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 33

Аталуы «Вопросы Соболева».

«Печаль».

«279 — утрата Абиша? 280 — о переводе Гатова — перевести заново. 282 — обращ. на «ты» ...||... «30 — перевести стих. 32 — перевести стих. 35 — перевести стих».

Көк сиямен жазылған автограф. Қызыл қарындашпен жазған сөздер, белгілер бар. Көп сөздердің астын сызған. Парақтың екі бетіне де жазылған. 55-парақтың алдындағы бос қағазда: «Просьба «Знамени» о втором экзempl.» деген жазу бар. Қағаздың түсі сарғыш.

Архивтің беттеуінде 54—56.

Көлемі 19×14.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «К переводу 4 главы».

«277 — верблюжий — түйе балуан 278... мало 79 — Хамза — дядя» ...||... «Абай — Арындаған Ырғызбай арты ойылады. Бар бөксең қызыл жоса болады. Басыңа қызыл тақия киіп, бөксеңе шоқша таңба соқтырып қайтасың».

Бүктеулі қағаз. Жай, қызыл қарындашпен жазылған автограф. Көп сөздер мен сандардың астын сызған. Бірінші бетінде «Қосымша. Москва, 1950 ж.» дегенді қызыл қарындашпен жазып, «Қосымшаның» астын сызған. Қағаздың түсі сарғыш.

Архивтің беттеуінде 50—53.

Көлемі 20,5×14,5.

Сақталуы жақсы.

IV

«Сейчас аул Абая расположился в урочище Кызыл-Кайнар. Кроме узенькой речки на этом жайляу встречаются много ключей и источников, потому сюда прикочевало много аулов» ...||... « — Помолчи ... теперь-то, теперь-то погоди... Конеч всем словам!... отрезал Оспан и, не желая просить иных советов у Абая, быстро сорвался с места».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Сарғыш сызықты қағаз. 75-парақтың екінші бетінде «Москва, второй этаж, 214 комната. Валентине Аркадьевне от Ауэзова М. О.» деген жазу бар. Жазуы анық.

Архивтің беттеуінде 57—74.

Көлемі 28×21.

Сақталуы жақсы.

II

«Сейчас аул Оспана на Ойкудуке. Поблизости от него тут же расположились аулы Такежана, Абая, Акберды, Майбасара» ...||... «И по решению, достигнутому под вечер, все тридцать отборных коней перешли целиком к жатакам.

Накануне годовых поминок по Оспану аулы Кунанбая были всполошены таким событием».

Автордың беттеуінде 1—41, 75—85-парақтар көк сиямен, 85—94-парақ күлгін сиямен жазылған автограф. Парақтың екі бетіне де жазылған. Сызықты ақ қағаз, жазуы анық.

Архивтің беттеуінде 75—94.

Көлемі 28×20.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «1-я вставка к стр.».

«Но Абай, внешне так соблюдающий установленные правила траура о родном человеке, порой в себе обнаруживает раздвоенность, он наталкивается на отводящие его мысли» ...||... «Сейчас их прогулка подходила к концу, они были уже около аула».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Сызықты ақ қағаз, жазу парақтың екі бетінде де бар. Жазуы анық.

Автордың беттеуінде 1—9; архивтің беттеуінде 96—100.

Көлемі 28×20.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «2-я вставка к стр.».

«Но Абай, внешне так соблюдавший установленные правила траура о родном человеке, порой в себе обнаруживает раздвоенность, они наталкиваются на отводящие его мысли» ...||... «Сейчас их прогулка подходила к концу, они были уже около аула».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Сызықты ақ қағаз, қағаздың екі бетіне жазылған, жазуы анық.

Автордың беттеуінде 1—3; архивтің беттеуінде 101—103.

Көлемі 28×18.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Вставка к 18 стр.».

«— Уразбай, действительно злодей, самый лютей волк этой степи, истязатель народа, это он» ...||... «Все это было неверно. А свое наказание он совершил. Теперь пусть отпустит Уразбая».

Күлгін сиямен жазылған автограф және машинкада басылған.

Архивтің беттеуінде 104—122.

104, 105, 111, 117-парақтың көлемі 28,5×17; 106-парақтың көлемі 17×20; 107—108-парақтар — 14×20. 109-парақ — 9,5×20. 110-парақ — 19×20.

ЛММА. Қпр-1, № 33

«38... черты — легко...?» ...||... «239 — три периода истории VIII—IX в. XII и XV—XVIII в».

Қызыл қарындашпен жазылған автограф, қағазы ақ.
Архивтің беттеуінде 123.

Көлемі 20×15.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 33

Аталуы «План».

«1. Базармен әңгіме. Ауыл, үй көрінісі, күйі. 15 үйлі жүдеу ауыл» ...||... «Абай — сен де бойсұмба... мойыма... жатаққа қосыл... еңбек еткіз, ақыл, көмегіңді бер, өзің де күн көргішті көз сүзбей табасың дейді».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Парақтың екі бетіне де жазған, қағаздың түсі ақ, сызықты. Парақтың екінші бетінде тігінен сызып сұрақ белгісін қойған. Жазуы анық.

Автордың беттеуінде 1—2; архивтің беттеуінде 124.

Көлемі 28×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 33

Аталуы «Лукин».

«1. Бытовая сторона. 2. Либо писать, либо сокращать. 3. Сокращение: а) спор о религии» ...||... «Жигитека... Кіші апа. Барымта».

Көк сиямен жазылған автограф. Бүктеулі сарғыш қағаз. 126-парақта: «Юрий Борисов, Лукин, Москва, 40, Береговая, 7, кв. 50» деп жазған. Көп сөздердің астын сызған, жазуы анық.

Архивтің беттеуінде 125—126.

Көлемі 20×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 33

Аталуы «Вставка к 410 стр.».

«Между тем за это время произошли неожиданные и выгодные для Абая перемены» ...||... «А у Абая возникло теперь насмешливое отношение ко всему происходящему. Оказалось, что, рассчитывая напугать Абая, губернатор сам не понял того, как напугал всех смутьянов и воротил степи. Получилось действительно комическое положение запутанных сиятельных властей».

128, 130-парақ көк сиямен жазылған автограф, 127, 129-парақтар машинкада басылған. 127—130-парақтар — «вставка к 410 стр.», 128-парақ — «вставка к 436 стр.», 129 — 130-парақ — «вставка к 409 стр.» деп жазылған. Автограф жазылған қағаздар сызықты, түсі ақ, жазылуы анық.

Архивтің беттеуінде 127—130.

127, 129-парақ көлемі $28,5 \times 20$; 128—130-парақ — 28×20 .
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 34

«Бұл төренің бүгінгі мінезінде екі түрлі өзгешелік білініп тұр. Ең әуелі киргизді патшалық чиновникпен көзбе-көз кездестіріп, істерін қоса тіркеу әдеттен тыс еді» ...||... «Теңіз де, қиял да жоқ, аз алданыш, қуаныш та сөне берді ... тағы өмір шыны, тағы тірлік тартысы Абай алдына еселі сыбаға тартты».

Машинкада басылған. Автордың түзетулері бар. Қағаздың түсі сарғыш.

Архив беттеуінде 1—28.

1—7-парақтар көлемі $28 \times 20,5$; 8—10-парақтар — $29,5 \times 20$; 11—14-парақ — $29 \times 20,5$; 15—16-парақтар — 28×20 ; 17, 18, 24—27-парақтар — $29,5 \times 20$; 20—22, 28-парақтар — $27 \times 20,5$; 23-парақ — $28 \times 21,5$.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 34

Аталуы «II глава».

Бір парақ қағаз, бір-ақ сөйлем. Көк сиямен жазылған автограф. Тексттің соңғы жағында араб әрпінде «қазақша уан» деп жазған. Жазу қағазы ақ.

Архив беттеуінде 30.

Көлемі $20,5 \times 14,5$.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 34

«I. Кауменнің өлгені айтылсын.

II. Кирилл каторгада 30 жыл болсын» ...||...

«IV Айдарға айтып сырласуға болады. Мағыш туралы да солай. Әкеден жасырады.

III. Черн. Герценнің өз сөздерін басу керек».

32-парақ көк сиямен жазылған автограф. Күлгін сиямен сан, белгілер қойған және «Өлеңде» деп жазылған. Сарғыш түсті жазу қағазы. Оң жақ шеті аздап жыртылған. Жазуы анық.

Автордың беттеуінде 2, архивтің беттеуінде 32.
Көлемі 30,5×22.
Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 34

Аталуы «План». I тарау. 1889 жыл».

«Абай мен жастар. Көш. Кебек бейіті. Айдардың әні. Абай тапсырмасы. Шұбар. Айдар Кебекті жазуға тырысады. Дуадақ» ...||... «...Әйгерім әні, жоқтауы. Соңғы әні болса, бұдан соң Абай туралы туатын бар әндердің басы еді.

Абай осы әннен жаңа туысқа ауысты
(Соңы)».

Машинкаға басылған. Автордың түзетулері, қосымшалары, белгілері бар. Түзету, қосымшалар күлгін сиямен жазылған. 35-парақтың сол жақ жиегінде «Дәркембай 68-де, Рақымтай 84 ж. туған (16 ж. 32)» дегенді кара сиямен жазған. Сарғыш түсті жазу қағазы.

Бұрынғы беттелуі 1—8; архив беттеуінде 33—39.

Көлемі 29,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 34

Аталуы «Бірінші қосымша, № 5—3-бетке».

«Бірақ көп шығынды көп шаңыраққа бөлу оңай да болған жоқ. Таңертең келіп шай ішкен, одан көк қасқаның етін жеген жиындар түске шейін сөздерін тауыса алмады (осыдан кейін Айдардың өлеңі кіреді)» ...||... «Сол арада өсек, хауіп, Абайға таңырқау — сыбыр, жыбыр, ұзын құлақ қаулап кетті. Брожение умов...».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Ара-арасында көк сиямен жазғандары да кездеседі. Көп жерін сызған, өшірген. Бірінші қосымшадан жиырма екінші қосымшаға дейін жазылған беттері көрсетілген. 42-парақтың екінші бетінде: «2. Щербина. Д 3-38-73. 3. Осипов, Пименов, Қ 5-13-31, Қ 3-81-18 (5?)» дегенді жай қарындашпен, 47-парақтың екінші бетінде, «Д 1-23-65 Шебалина» деп көк сиямен жазған. Жазушының белгілері бар. Сарғыш түсті жазу қағазы.

Автордың беттеуінде 1—12; архив беттеуінде 40—52.

Көлемі 21,5×15,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 34

Аталуы «Вставка первая».

«После обеда сюда приехал Дармен» ...||... «Услышав наедине от своей жены Одек ее грустный рассказ о смерти Каумена, Базаралы целые сутки провел в безмолвном замкнутом уединении».

Көк сиямен жазылған автограф. Бірінші қосымшадан сегізінші қосымшаға дейін 61—65-парақтың сыртындағы бүктеулі қағазға «Вставка» деп жазған. 53-парақтың екінші бетіндегі «Г1-93-31» деген күлгін сиямен жазылған. Кейбір сөздердің асты сызылған, кейбір парақтың жоғарғы бетінде сан (цифр) бар. Жазу қағазы ақ. Әр қосымша жазылған қағаздарды бөлек беттеген.

Архив беттеуінде 53—78.

Көлемі 20×14.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 34

Аталуы «Тоғызыншы қосымша, № 7—20-бетке».

«Кешегі мол сауықтың қалың тобы бүгін екіге бөлінетін болды» ... Басын жарып, көзін шығарып сөйлесең де құлақ қақпайды... деді...» ...||... «Тыста осындай сергіп алған Әбіш пен Долгов екеуі».

Көк сиямен жазылған автограф. Тоғызыншы қосымша — 79—93-парақ, оныншы қосымша 94—97-парақ; 79-парақта бір сөйлемді үстінен сызып өшірген де, кейін астынан нүктелер қойып, сол жақ жиегіне тігінен бір сызып, тұсына араб әрпінде «керек» деп жазған. Жазу қағазы ақ.

Архив беттеуінде 79—97

Көлемі 20,5×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 34

Аталуы «Вставка первая».

«После обеда сюда приехал Дармен, уступив свои большие комнаты старшим аткаминерам» ...||... «занятые всевозможными размышлениями, возбужденные молодые до самого вечера не возвращались к Абаю».

Лишь...»

Машинкаға басылған бір данасы. Автордың түзетулері, қосымшалары бар. Біріншіден сегізінші параққа дейін қосымша (вставка). Түзету, қосымшалар көк сиямен жазыл-

ған. 107, 121-парақтағы қосымшаны қолмен жазған. Сарғыш түсті жазу қағазы.

Архивтің беттеуінде 98—125.

Көлемі 28,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 34

Аталуы «Бірінші қосымша, № 5 (3-бетке)».

«Түс ауа осы ауылға Дәрмен келді» ...||... «Мағаш — Шамилді, Дәрмен — Кебекті, Ақылбай — Дағыстанды, Абай өзі — «Алыстан сермеп»,... түр іздейді... тың өлең — Лермонтов...».

Көк сиямен жазылған автограф. «Бірінші қосымша № 5 (3-бетке) — 126—128-парақ, екінші қосымша № 5 (4-бетке) — 129—130-парақ; үшінші қосымша № 5 (15-бетке) — 131—132-парақ көк сиямен жазылған. Төртінші қосымша № 6 (2-бетке) — 133—142-парақ күлгін сиямен, соңғы жағында бір абзац көк сиямен жазылған. Бесінші қосымша № 6 (3-бетке) 144-парақ, сегізінші қосымша № 6 (22-бетке) — 145—147-парақ күлгін сиямен, аяқ жағында бір абзац көк сиямен жазылған. Тоғызыншы қосымша № 6 (23-бетке) — 148—151-парақ көк сиямен, 152-парақ күлгін сиямен жазылған. Сызған, өшірген, белгілер қойған тұстар кездеседі. 126—152, 146—151-парақтың қағазының түсі ақ, 133—141, 152-парақтың қағазы сарғыш, жазуы анық.

Архивтің беттеуінде 126—152.

126—132, 146—151-парақтар көлемі 20×14, 133—143, 152-парақ — 22×15,5; 144—145-парақ — 19×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 35

Аталуы «Путь Абая». Роман. 1951. «Абай-ага».

«Осеннее небо пасмурно. Воздух пронизан сыростью. Холодный ветер усиливает резкую свежесть раннего утра» ...||... «На остальные аулы, главным образом на бедные, легла вся тяжесть расплаты.

Авторизованный перевод с казахского Леонида Соболева, продолжение следует».

Автордың және бөгде біреудің қолымен жазылған, түзетулер бар. Журнал беттері (екі дана), бірінші тарау «Абай-ага», екінші тарау — «Мечь», екінші данасының бас жағына «2-ая сверка, окончательный текст — В. К.» — деп жазған. 31-парақта: «Взгляд, которым он сопровождал эти слова, пылал и гневом, и насмешкой. Все расхохотались. Шубар и сам

растерянно улыбнулся, хотя язвительный ответ, внезапный и мгновенный как выстрел, свалил его с ног». 51-парақта — «Сам он джигит, кто на покосе в Шуйгинсу был готов ударить косою по ногам Абая». 56-парақта «Над широкой черной бородой причины зла возникало бледное, искаженное злобой лицо с оскаленными хищными зубами, зло»,— деп машинкада басылған текстер желімденген. Түзетулер, жақтау, жиектердегі сөздер, белгілер көк, жай қарындашпен жазылған. Екінші данасында да түзетулер бар. Бірінші парақтың жоғарғы бетінде «Экз. М. О. Ауэзову, моя верстка В. К. 9. 7. 51 г.» деп күлгін сиямен жазған. Сарғыш түсті жазу қағазы.

Архивтің беттеуінде 1—73.

Көлемі 30×22.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 36

Аталуы «**Абай романының I—II томдарының идиомдық сөз тіркестерінің орыс тіліне аударылуының картотекасы**».

«Мұхтар Әуезов, «Абай». Бірінші кітап, екінші басылуы. Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, Алматы, 1948, Қайтқанда, таң атар-атпаста. стр. 5, гл. I, кн. I» ...||... «Бірақ сені Абайдың бір сынық қара тырнағына алам ба екем мен» (стр. 452)— Помни, что ты для меня и ногтя Абая не стоишь (стр. 828).

Машинкада басылған. Автордың пікірлері, ескертулері қолмен, көк қарындашпен жазылған. Мысалға 84-парақта «Жер ашуы — жан ашуы — кровная месть за землю» дегеннің тұсына — «не достаточно, вовсе не точно» деп, екінші кітап картотекасының алдындағы кішкене қағазға «Абай, II том» деп көк қарындашпен жазған.

Бірінші кітаптың картотекаларының 1—137-парақтарының қағазы ақ, 138—222-парақтың қағазы сарғыш, екінші кітапта 1—75-парақтар сарғыш, 76—124-парақтың қағазы ақ (бұрынғы беттелуі бойынша).

Бұрынғы беттелуі 1—222, 1—124; архив беттеуінде 1—340. Көлемі 15×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 37

Аталуы «**Әуезұлы. Қилы заман. Казиздат, 1928**».

«**Историческая повесть об Албанском восстании в 1916 г.**».

(«**Қилы — заман**»). Қазақстан баспасы, Қызылорда, 1928 жыл».

Осы титулдың екінші бетінде: «Отпечатано в госуд. типо-
литографии КЦСНХ № 2. Ташкент. Заказ № 619, Казглавлит,
№ 1699, тираж 3000, 1928 год.

«Бастырушыдан.

«Қилы заман» романы қазақ ішінде болған зор оқиға —
1916 жылдағы Жетісудағы Албан қазақтарының «ақ патша»
жарлығына қарсы жасаған көтерілісінің қимылын сурет-
тейді» ...||... «Дәулетбақтан басқа...

(Соңы).

Ленинград, декабрь, январь. 1927—1928 жылдарда».

Араб әрпінде басылған кітап. Сыртқы бетінде мылтық,
кылыш асынған атты кісінің суреті. «Ә. Қоңыратбаев» деп
араб әрпінде қара сиямен, «6/II—1929 г.» деп қызыл сиямен
жазылғаны бар. Кітап беттерінде қызыл, жай қарындашпен
сызылған тұстар көп кездеседі. Кейбір сөз, сөйлемдер сызыл-
ған. Қағазы сарғыш, түптелген.

Беттелуі 1—175.

Көлемі 26×17.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 38

Аталуы «Қараш-Қараш оқиғасы».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған.

«Тау ішінің жанбырлы қараңғы түні Бақтығұлдың көні-
лінде көптен шешілмей келе жатқан күдікті бір сәттің ішінде
оп-оңай жазып жібергендей болды» ...||... «Оқуға ұғымды,
ерекше талапты момын қара бала болашақ заманның белгі-
сіз бір жарығына қатты сенген көңілмен алдағы күннің аза-
маты болмаққа қадам басып, күн санап ер жетіп келе жатты.

Ленинград. 1927 ж., сентябрь».

Машинкаға басылған бір данасы. Түзетулері жоқ. Жазу
қағазы сарғыш.

Бұрынғы беттелуі де, архив беттеуінде де 1—100.

Көлемі 30×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 39

Аталуы «Қараш-Қараш оқиғасы».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған.

I

«Тау ішінің жанбырлы қараңғы түні Бақтығұлдың көні-
лінде көптен шешілмей келе жатқан күдікті бір сәттің ішінде
оп-оңай жазып жібергендей болды» ...||... «Оқуға ұғымды

ерекше талапты момын қара бала болашақ заманның белгісіз бір жарығына қатғы сенген көңілмен алдағы күннің азаматы болмаққа қадам басып, күн санап ер жетіп келе жатты.

Ленинград 1927 ж., сентябрь».

Машинкаға басылған бірінші данасы. Түзетулері жоқ.
Жазу қағазы ақ.

Бұрынғы беттелуі де, архив беттеуінде де 1—100.

Көлемі 30×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 40

Аталуы «Қараш-Қараш оқиғасы».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған.

«Тау ішінің жаңбырлы қараңғы түні, Бақтығұлдың көңілінде көптен шешілмей келе жатқан күдікті бір сәттің ішінде оп-оңай жазып жібергендей болды» ...||... «Жаздай Бақтығұлмен бірталай уақыт бірге жүрген Жәутікке күн кесіліпті, тағы сондай болыс маңында жүретін үшеуді атайды...».

Машинкаға басылған бір данасы. Жай, көк қарындашпен сызылған, түзетілген белгілер кездеседі. Соңғы беттері жоқ.
Жазу қағазы сарғыш. Кей парақтың шеттері жыртылған.

Бұрынғы беттелуі де, архив беттеуінде де 1—74.

Көлемі 30×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 41

Аталуы «Выстрел на перевале Караш-Караш».

(Повесть. Авторизованный перевод с казахского

А. Пантиелева)».

Тақырыптың алдында «Мухтар Ауэзов» деп басылған.

I

«Старший брат поднял на руки младшего, точно ребенка, и сказал своей жене, торопливо перестилавшей постель:

— Не чувуют мои руки ни кости, ни мяса» ...||... «Афанаси-ага учил его писать, улыбаться и видеть то, что не видел его отец — свет будущей жизни, а Бахтыгул ждал, ждал суда и каторги».

Машинкаға басылған үш данасы. Екінші дананың бас жағында 22-беті, аяқ жағында да көп беттер жоқ. Бөгде біреудің қолымен түзетулері бар. Ақ жазу қағазы.

Бұрынғы беттелуі 1—126, 1—86, 1—27; архив беттеуінде 1—344.

Көлемі 29×20,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «**Выстрел на перевале Караш-Караш**»
(Авторизованный перевод с казахского
Алексея Пантиелева, 1961)».

Тақырыптың алдына «Мұхтар Ауэзов» деп басылған.
№ 41-папкадағы текст қайталанатын.
Машинкаға басылған бір данасы, түзету, өзгертулері жоқ.
Ақ жазу қағазы.
Бұрынғы беттелуі 1—144; архив беттеуінде 1—115.
Көлемі 30×21.
Сақталуы жақсы.

Аталуы «**Шатқалаң**» (Әңгіме)».

Тақырыптың алдында «Әуезұлы Мұхтар» деп жазылған.
«Бұл есіз меніреу қараңғылықтан Айша қорқып жүрген
жоқ» ...||... «Қолхоз дүниесінің өте шебер, өте жауыз қаскөйі
боп, көпке шейін жылан жүрісін білдірмей сорып келген үш
борсық сыбағалы, тиісті жазасын осылайша тапқан еді. Ал-
маты, 1935 жыл, июль».

Күлгін сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Автор-
дың жай қарындашпен түзетулері бар. Кей тұстарға «М» әр-
піне ұқсас белгі қойған. Бұрын түптелген, парақтардың шеті
тесілген. Бірінші парақтың сол жақ шеті сарғайып оңған.
Сарғыш жазу қағазы.

Автордың беттеуінде 1—59; архив беттеуінде 1—58.
Көлемі 22×15; 38-парақтың — 14×15.
Сақталуы жақсы.

Аталуы «**Қасеннің құбылыстары**»
(Трансформации Хасена). Әңгіме».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезұлы» деп жазылған.
«Ойпырай, не деген, не деген биік! Көріппем осыны бұрын,
көрмеппем» ...||... «Енді тіпті суық, тіпті алыс. Ол граниттей
қашаннан соншалық күшті. Ол жеңді... жеңді...».

Жай қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Па-
рақтың екі бетіне бірдей жазылған. Соңынан қосылған кей-
бір сөздер қызыл қарындашпен жазылған. Бірінші бетте
(56-парақ) «Трансформации Хасена» орыс әрпінде, «Әңгіме»
дегенді қызыл, «4 экз.» дегенді күлгін сиямен жазған. 59-па-
рақтың екінші бетінде «жазылып» деген сөз араб, «ашты»

деген сөз латын әрпінде кара сиямен жазылған. Кейбір парактың шеттері аздап жыртылған. Бұрын түптелген, парактардың шеті тесік. Сарғыш жазу қағазы.

Автордың беттеуінде 1—78; архив беттеуінде 59—99.

Көлемі 21×14,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 44

Аталуы «Бүркітші».

«Күздің таңы баяулап атып келеді екен. Қос аңшы құстарын ұстап қостан шықты да, белдеудегі аттарын кеп шешті» ...||... «Бекбол, Александрмен бірге Конституцияны да, сайлау заңын да мықтап талқылап ұғынып шықпаққа сөз байлаған. Екі дос та, бұны әсіресе ұлы, зор міндет деп біліседі».

Машинкада басылған бір данасы. Түзетулері жоқ. Сыртындағы бүктеулі қағазда: «Книга М. Әуезов 6 том, 32 бет 6,40 тиын» деп қызыл қарындашпен бөгде біреудің жазғаны бар. Ақ жазу қағазы.

Бұрынғы беттелуі де, архив беттеуінде де 1—32.

Көлемі 29×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 44

Аталуы «Сыбанның моласында».

«Ел Көксенгірдің күнгедейінде, жайлауда жиын отырған көп ауылдың кешкі жылқылары суға келіп шығып, алды өріске кетіп бара жатқан мезгіл еді» ...||... «Бәріміз де ақсақалдың шын күлкісіне қосылып, қошеметтеп күлісіп, қас қарайып қалғандықтан, ауылға қарай жүрдік, 1922».

Машинкада басылған бір данасы. Түзетулері жоқ. Сыртындағы бүктеулі қағазы «Қараш-Қараш», «Сыбанның моласында», 7 стр. 1,40 коп» дегендер қызыл қарындашпен, бөгде біреудің қолымен жазылған. Жазу қағазы ақ.

Бұрынғы беттеуі 1—8; архив беттеуінде 33—40.

Көлемі 29×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 44

«Қара адырдың қарағанды сайы елсіз» ...||... «Қуарған-ай, ненді алып ем?! Не жазып едім?... бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным?! — деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті.

Ташкент, 1928, январь».

Машинкаға басылған бір данасы. Түзету, өзгертулері жоқ. Сыртындағы бүктеулі қағазда: «Көксерек», «Қараш-Қараш», «36 страница 7,20» дегендер қызыл қарындашпен, бөгде біреудің қолымен жазылған. Ақ жазу қағазы.

Бұрынғы беттелуі 1—36; архив беттеуінде 41—76.

Көлемі 29×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 45

«Қалған топтың жалғыз даусыз басшысы Көксерек болды» ...||... «—Қуарған-ай, неңді алып ем?!... Не жазып едім. Баурына салып өсіргеннен басқа не қылып еді менің құлыным! — деп елді тегіс еңіретіп кеп Көксеректі басқа тепті».

Жай қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. 2—9 парақтар тор көз дәптер, қағазы сарғыш. Парақтың екі бетіне бірдей жазылған. Тор көз парақтың шеттері аздап жыртылған, бас жағы жоқ.

Бұрынғы беттеуі 37—64; архив беттеуінде 1—14.

Көлемі 22×18.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 45

Аталуы «План. «Шатқалаң».

I

«Айша қолын босатысымен көптен жерді сипалауда еді» ...||... «Біреуін оққа ұшырды, екіншісін қоян-қолтық кеп өлтірем деді. Тоқтап қолын көтерді...».

Күлгін сиямен араб әрпінде жазылған автограф. 1-парақтың оң жақ жоғарғы бұрышына өрнек салған. Сарғыш жазу қағазы.

Автордың беттеуінде 1—5; архив беттеуінде 15—19.

Көлемі 22×15,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 46

Аталуы «Серый Лютый (рассказ)».

Тақырыптың алдына «Мухтар Ауэзов» деп басылған.

«Большой овраг близ Черного Холма безлюден» ...||... «И слабой ногой она пнула волка в оскаленную пасть».

Машинкаға басылған бір данасы. Ешқандай қойылған белгі жоқ. Аяғында «Авторизованный перевод с казахского Алексея Пантиелева» деп машинкаға басылған. Ақ жазу қағазы.

Автордың да, архивтің де беттеуінде 1—29.
Көлемі 29,7×20,5.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 46

Аталуы «Охотник с орлом» (рассказ)».

Тақырыптың алдында «Мухтар Ауэзов» деп басылған.
«В это ленивое осеннее утро» ...||... «Мужественное и умное
лицо».

Машинкаға басылған бір данасы. Ешқандай қойылған
белгі жоқ. Аяғында: «С авторского подстрочника перевел
Иван Шухов» — деп машинкаға басылған. Ақ жазу қағазы.
Архивтің беттеуінде 1—29; бұрынғы беттеуінде 1—26.
Көлемі 29,7×20,5.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 47

Аталуы «Асыл нәсілдер» (әнгіме)».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған.
«Түн ортасы боп қалды, бірақ Әсияда ұйқы жоқ» ...||...
«Жәнібектің тақырлау төбесінен, құлағына сан рет жабыса
сүйді. Иіскелей түсіп, еміреніп сүйеді».

Машинкаға басылған. Автордың түзету, өзгертулері, қо-
сымшалары бар. Қосымшаларды бос жиектерге жазып отыр-
ған. 7—8-парақтар автограф, сызылған, өшірілген тұстар кез-
деседі, күлгін сиямен жазған. Сарғыш түсті жазу қағазы. Түп-
телген.

Бұрынғы беттелуі 1—59; архив беттеуінде 1—59.
Көлемі 30×20,5.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 48

Аталуы «Асыл нәсілдер».

«Түн ортасы боп қалды, бірақ Әсияда ұйқы жоқ. Күзет қа-
мы да емес, Әсияны ой ұйықтатпайды» ...||... «Есті қарт Есір-
геп былтырғы жылы жас нәрестенің атын өзі қойғанда, со-
ғыстағы жеңісті бір мерзім етсе, өзінің қыңырлығын жеңген
жаңа туысқа және мойындап «Жеңісбек» қойған екен...».

Машинкада басылған бір данасы. Автордың түзетулері,
өзгертулері бар, кей тұстарда сөз, сөйлемдерді сызған. Ма-
шинкаға басылғандағы бояуының түсі қызыл. Түзетіп, өзгер-
тулерді күлгін сиямен жазған. Мұқабаның сыртына «Асыл

нәсілдер. 1947» деп жазылған. Сарғыш жазу қағазы. Түптелген.

Бұрынғы беттелуінде, архив беттеуінде де 1—68.

Көлемі 1—4-парақтар 29×19, 5; 5—8-парақтар 29×21; 9—11-парақтар 27×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 49

Аталуы «Асыл нәсілдер» (әңгіме)».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған.

№ 48 папкадағы текст қайталанады.

Машинкаға басылған, автордың түзетулері бар. 38-парақ қосымша автограф. Күлгін сиямен жазылған. 40-парақтың екі бетіне бірдей басылған. Ақ жазу қағазы. Бұрын түптеліп, қайта сөгілген.

Автордың беттеуінде 1—62; архив беттеуінде — 1—63.

Көлемі 30×21,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 50

Аталуы «Тас түлек» (ұзақ әңгіме)».

«Екі өкіл қораның есігін теуіп жіберді» ...||... «Жәй әншейін көзіме көрінбей, үйімнен кетсін дедім деп отыра кетті...».

Латын әрпінде көкшіл сиямен жазылған автограф. Кейбір беттерінде автордың қарындашпен, сиямен қойған белгілері, астын сызған жерлері бар. Соңында жақшаның ішіне «жалғасы бар» деп жазып, «Мұхтар» деп қол қойып, астын қисық сызықпен сызған. Ұзынша, жеңішке сарғыш қағаз.

Автордың да, архивтің де беттеуінде 1—39.

Көлемі 30×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 50

Аталуы «Білекке білек» (әңгіме)».

«Сен тағы, тағы бастадың ба?» ...||... «Табам, — деді. Автомобиль тартып берді...».

Латын әрпінде көкшіл сиямен жазылған автограф, кейбір беттерінде қарындашпен, сиямен сызған сөздер, қойған белгілер бар.

Соңғы парақтың екінші бетінде «Бірінші «Қызыл кітапқа» деп астын сызған. «Білекке білек» (әңгіме) — («Плечом к плечу»). «Жазушы Мұқтар» деп автордың жазғаны бар.

Қызыл сиямен «К сборнику I слета животноводов» деген бөгде адамның жазғаны да бар. Ұзынша, жіңішке сарғыш қағаз. Автордың беттеуінде 1—43, архивтің беттеуінде 40—82. Көлемі 30×14,5. Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 51

Аталуы «Оның аты екінші» (повесть)».

«Биылғы көктем талайдан болмаған көктем» ...||... «Жұрт жұмылса жол туатынын көзбен көрдік».

Латын әрпінде көкшіл сиямен жазылған автограф. Автордың да, архивтің де беттеуі бойынша 1—56. Көптеген беттерінде жеке жолдар мен сөздерді сиямен, бір бетінде жай қарындашпен сызғаны бар.

Көлемі 29×9,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 51

Аталуы «Райхан (название условное)». Литературный сценарий художественного фильма».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп жазылған. «Вереницею проходят скакуны» ...||... «Восторг также сверкает на всех, на многих и многих лицах...».

Ақ қағазға жазылған автограф. Тақырыбы көкшіл сиямен, ал барлық текст жай қарындашпен жазылған.

Автордың беттеуінде 1—63; архивтің беттеуінде 1—122.

Көлемі 29×19,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 52

Аталуы «Мұхтар Әуезов — «Ескі іздерді көргенде».

«Текшелеу жасыл беткейдің орта тұсына келе бере Несіпбай аттан түсті» ...||... «Ендігі ауыл кеңесі Әшім еді».

Араб әрпінде жазылған автограф. Жай қарындашпен кең жолды дәптер парағының екі бетіне бірдей жазылған. Ешқандай қойылған белгі жоқ.

Автордың беттеуінде 1—53, архивтің беттеуінде 1—27.

Көлемі 20×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 53

**Аталуы «Еңлік — Кебек». 4 акт., 5 суретті трагедия
(жаңадан түзелген түрі)».**

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған.
«Адамдары: Кебек — жас батыр, Еңлік — сүйген қызы»
...||...Жадында тұт, жасыма ұлым, елім, шермендем!... (Шы-
мылдық).

Соңы».

Машинкаға басылған бір данасы. Кей жерде басқа адам-
ның қолымен қойылған белгілер бар. Архивтің беттеуіндегі
33-б. автордың өз қолымен жазылған автограф. Көкшіл сия-
мен блокноттың қағазына жазған. Сарғыш жазу қағазы.
Бұрынғы беттелуі 1—57; архивтің беттеуінде 1—61.
Көлемі 30×20,5.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 53

Аталуы «Қасеннің құбылыстары».

... «Ойпыр-ай не деген, не деген» ...||... «Ол тағы жеңді...
жеңді».

Машинкаға басылған бір данасы. Тақырыптың алдында-
ғы жақшаға алынған «Психологиялық очерк» деген сөздерді
автор өз қолымен, күлгін сиямен жазған. Барлық беттерінде
дерлік автордың түзетулері бар. Сарғыш жазу қағазы.
Бұрынғы беттеуінде, архив беттеуінде де 1—52.
Көлемі 30×20,5.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 53

Аталуы «Білекке білек».

«Сен тағын, тағын бастадың ба? » ...||... «Автомобиль тар-
тып берді».

Машинкамен басылған, екінші данасы. Алғашқы беттерін-
де басқа адамның қолымен қойылған белгі бар... Бұрынғы
беттеуінде, архив беттеуінде де 1—24.
Көлемі 31×20,5.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 53

Аталуы «Бес дос». «Ұлы Отан соғысының геройы Төлеген Тоқтаровқа арналған 3 акт., 11 суретті опера либреттосы. Алматы, 1952 жыл».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған.
«Қатынасушылар: Төлеген Тоқтаров — қазақ» ...||... «Жет-
сін жұртқа жеңген батыр дабылы! Шымылдық.
Соңы».

Машинкаға басылған бір данасы, ішінара автордың сия-
мен түзеткендері бар. Жазу қағазы ақ.

Бұрынғы беттеуінде, архив беттеуінде де 1—39.

Көлемі 30×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 53

Аталуы «Любовь Яровая» (аударған
Мұхтар Әуезов. 1938 ж.).

Тақырыптың алдында «К. Тренев» деп басылған.

«Адамдары: «Любовь Яровая — оқытушы Н., Михаил Яро-
вой — байы, офицер» ...||... «Любовь — жоқ, мен, мен бүгін-
нен бастап қана адал жолдаспын».

Машинкаға басылған бір данасы. Ешқандай қойылған
белгі жоқ. Ақ жазу қағазы.

Архивтің беттеуінде 1—93.

Көлемі 30×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 54

Аталуы «Ер серігі сергек ой» (әңгіме).
(«Жауынгер полковник Бауыржан Момышұлының
басынан кешкен бір хал-баяны»).

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған.

«Бұл кім әңгімесі»? Бір басы жүз соғыста болып шыққан
ер қазақтың әңгімесі» ...||... «Қайтадан натқыл қабақ түйіп,
кәзір істер іске тағы қанат қомдап еді ол».

Машинкаға басылған бір данасы. Ешқандай қойылған
белгі жоқ.

Архивтің беттеуінде 1—11.

Көлемі 29,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 55

Аталуы «Татьянаның қырдағы әні» («Абай» романының «Ақын үніне сахара мүлгіді» деген бөлімінен)».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деген баспахана әрпімен басылған.

«Таң ертеңгі шайдан соң үй іші де, қонақ атаулы да тысқа шығып кетті» ...||... «Сонымен түн ортасына шейін міз бақпай, қадала қарап тыңдаған мәжіліске бұл түнде «Шахризаданың» жаңада оқып шыққан пәленінші кешін Шәркен — Зүкіл-Мәкән жайын баян етіп отырды».

Газеттердің қиындысы. Бірінші қиындыда А. С. Пушкиннің портреті бар. Латын әрпінде басылған. Жылы, қай газет екені көрсетілмеген.

Ешқандай белгі жоқ, қағаздың түсі сарғыш тартқан.

Архивтің беттеуінде 1—3.

Көлемі 26×46, 24×33.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 55

Аталуы «Істері сөйлейді».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп баспахана әрпімен басылған.

«Қолхоз басқармасынан шығып, сол қорадағы қос терезелі кішкене ақ үйге қарай жүрдім» ...||... «Олар іс адамы, сөйлегенде тілдері баян етпейді, істері баян етеді. Бұл олардың істері».

«Социалды Қазақстан» газетінің қиындысы, латын әрпінде басылған. Ешқандай белгі жоқ. Қағаздың түсі сарғыш.

Архивтің беттеуінде 4.

Көлемі 24,5×47

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 55

Аталуы «Ыбырай».

Тақырыптың алдына «Әуезов Мұхтар» деп баспахана әрпімен басылған.

«Кешегі күні Асыда, бұрын Алатау жоны көрмеген ірі уақиғаның болғаны рас еді» ...||... «Қайта бұрылып бет қарай алмай, тегіс жаяу-жалпы күйінде жосып береді...».

Латын әрпінде басылған газет қиындысы, қай газет екені белгісіз. Газеттің екінші, үшінші, төртінші беттеріне басылған. Ешқандай белгілер жоқ. «Қилы заман» повесінен үзін-

ді», төменгі жағына «Тарихи повестен үзінді» деп жазылған. Қағаздың түсі сарғыш.

Архивтің беттеуінде 5.

Көлемі 23,5×60.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 55

Аталуы «Песня Татьяны» (отрывок из романа «Абай» из главы «Степь внимала поэту»).

Тақырыптың алдында «Мухтар Ауэзов» деп типографияда басылған.

«В это солнечное зимнее утро, когда домочадцы и гости находились на улице» ...||... «Сидя до глубокой ночи, он рассказал им недавно прочитанную одну из ночей Шахерезады — о Шаркене и Зуккульмакане.

Литературный перевод М. Воронцова».

«Казахстанская правда» газетінің қиындысы. Газеттің екінші бетінде А. С. Пушкиннің суреті бар. Ешқандай белгілер жоқ. Қағаздың түсі сарғыш, жоғарғы сол жақ бұрышы аздап жыртылған.

Архивтің беттеуінде 6.

Көлемі 44,5×24.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 56

Аталуы «Үш қоңыр жайлауында».

«Таудың жалтыр, ашық күні қуанта шықты» ...||... «Бүгін көрсеткен өнерлері үшін».

Машинкаға басылған бір данасы. Автор «Тау жайлауда» деп бұрын машинкамен басылған тақырыпты сызып тастап, сиямен «Үш қоңыр жайлауында» деп жазып, астын сызған. Сиямен біраз жолдарын сызған, жаңадан сөздер қосқан, белгілер қойған жерлері көп. Ақ жазу қағазы. Соңы толық емес.

Бұрынғы беттеуінде 1—11; архивтің беттеуінде 1—11.

Көлемі 28,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 56

Аталуы «Үш қоңыр жайлауында».

«Таудың жалтыр ашық күні қуанта шықты» ...||... «Мақтау өлеңдер туғызып жатты».

Машинкамен басылған бір данасы. Автордың сиямен әріптерді түзеген жерлері бар. Жоғарғы жағында автор «Мұх-

тар Әуезов» деп сиямен жазып, астын сызып, одан соң жақшаның ішіне «Очерк» деп қойған. Соңында өзінің қолын қойған. Бұл текст автордың алдыңғы түзеткендері бойынша қайта басылған түрі. Соңында машинкамен «5.VI. 1948 жыл» деп басылған. Ақ жазу қағазы.

Архив беттеуінде 12—21.

Көлемі 28,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 56

Аталуы «Жетім».

«Жаз ортасының қоңыр кеші» ...||... «Бірақ денесі әлі түгел мұздап та болған жоқ екен...».

Машинкаға басылған бір данасы. Ешбір қойылған белгі жоқ. Соңында «1924» деп басылған, қағазы ақ.

Архивтің беттеуінде 23—33.

Көлемі 28,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 57

Аталуы «1 тарау».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған.

«Талап та, тақырып та — тек мақта» ...||... «Жай шабыт емес, жабайы жортақы шабыс та емес, анық бақытты шабыт шырқау, барған ырысты өріс болар еді-ау! — дегендейсің».

Машинкаға басылған бір данасы. Кейбір беттерінде автордың түзетулері, соңғы бетінде автордың қойған қолы бар және «1959 ж., 19 октябрь» деп жазылған. Жазу қағазы ақ.

Бұрынғы беттеуінде де, архив беттеуінде де 1—14.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 57

Аталуы «Оңтүстік сапарынан» (II тарау). «Қадымнен мәлім Қаратауда».

«Жамбыл облысы мен Оңтүстік облысының жоспарынан басталып, Шығыстан Батысқа қарай созылып қалың тау — Қаратау» ...||... «Көп жағынан көңілдегідей көгеріп қалған Қаратаудың бұл беттегі көне өңірі, жақын шақта мемлекеттік көп көңілді аударатын жарқын шаққа жетеріне күмән жоқ».

Машинкаға басылған бір данасы. Ешқандай қойылған белгі жоқ. Сарғыш жазу қағазы.

Архив беттеуінде 15—26.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 57

Аталуы «Оңтүстік сапарынан» (III тарау). «Қаратау тажы — Кентау».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған.

«Біз Кентауға Балықшыдан шопандар демалыс үйінен шығып, Қаратаудың қалың қатпарын аралай отырып жеткен едік» ...||... «Сондықтан мен болашақ күндерде Оңтүстік жайынан роман жазар болсам, ең қымбат жас геройларым бірінбірі ең алғаш сүйгендер осы Кентауда сүйсін дер едім».

Машинкаға басылған бір данасы. Шамалы жерлерінің әріп қателері бөгде адамның қолымен түзетілген. Сарғыш жазу қағазы.

Бұрынғы беттелуі 1—10; архивтің беттеуінде 27—36.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 57

Аталуы «Оңтүстік сапарынан» (IV тарау). Баға жетпес қасиеттер жайында».

«Басқа көп еңбек майдандарындай мал айналасындағы еңбектің де анық үлкен геройлықты, қажымас қажыр-қайратты, қала берсе отаншыл зор азаматтық сананы талап ететін талай қысылтаяң қиын шақтары болады» ...||... «Мұндай қасиеттер алдағы аз айлар, жылдар ішінде өмірден өзінің бағалы орнын, өрісін табатын, ақталатын қасиеттер деп еске аламыз».

Машинкаға басылған бірінші данасы. Ешқандай қойылған белгі жоқ. Сарғыш жазу қағазы.

Бұрынғы беттелуі 1—11; архив беттеуінде 37—47.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

Р S. 57-папканың 48—80-беттерінде «Оңтүстік сапарынан» очеркінің III тарауының 3 данасы бар, бірінші тарауының көшірмесі жоқ.

Аталуы «Оңтүстік сапарынан».

Тақырыптың алдына «Мұхтар Әуезов» деп жазылған.

«Бұл сапар мен Оңтүстік Қазақстан облысына аса бір қызу жәйе сол қызулығымен қызықты, қайнар ыстық шақта барған едім» ...||... «Жай шабыт емес, жабайы жортақы шабыс та емес, бақытты шабыт шырқау барған ырысты өріс болар еді-ау дегендейсің».

Машинкаға басылған бір данасы. Автор тақырыпты және аты мен фамилияны сиямен жазып, астын сызған. «Талап та, тақырып та тек — мақта!» деген I тараудың аты машинкамен басылған, тек аяғындағы леп белгісін автордың өзі қойған. Бірінші беттің жоғарғы жақ бұрышына «3 экз.» деп жазып, астынан «1» деп сиямен қойған белгі бар.

Автордың өзінің қолымен түзеген 7, 13, 14-беттердің жиектеріне жазып қосқан қосымшалары бар. Ақ жазу қағазы.

Бұрынғы беттеуінде де, архив беттеуінде де 1—15.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Оңтүстік сапарынан» (II тарау). «Қадымнен мәлім Қаратауда».

Тақырыптың алдына «Мұхтар Әуезов» деп жазған.

№ 58-папкадағы текст қайталананды.

«Мұхтар Әуезов» деп сиямен, «3 экз. басылсын» деп қызыл қарындашпен автордың жазғаны бар. Автордың қолымен түзетілген, қосқан жерлері кездеседі. Соңғы 11-беттің төменгі жағына қол қойған, сыртына «В редакцию газ. «Соц. Казахстан» Т. Ташенову» деп көк қарындашпен жазған. Ақ жазу қағазы.

Бұрынғы беттеуінде 1—11, архив беттеуінде 16—26.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Оңтүстік сапарынан». III. «Қаратау тажы — Кентау».

№ 57-папкадағы текст қайталананды.

Машинкаға басылған бір данасы. Автордың қолымен түзетілген жерлері көп, 5-беттің бос жеріне жазылған қосымша бар. «Лениндік сыйлықтың лауреаты» дегенді бөгде адам сиямен жазған. Тақырыптың жоғарғы жағында «3 экз.» деп ав-

тордың қызыл қарындашпен жазғаны бар. Соңғы беттің аяғына автор қол қойған, «1959 ж., 23 октябрь» деп жазып, астын сызған. Ақ жазу қағазы.

Бұрынғы беттеуінде 1—9; архив беттеуінде 27—35.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 58

Аталуы «Оңтүстік сапарынан. IV. Баға жетпес қасиеттер жайында».

Тақырыптың алдына «Мұхтар Әуезов» деп басылған.

№ 57-папкадағы текст қайталанарды.

Машинкаға басылған бір данасы. Автордың түзетулері, 4-бетте қосымшасы бар. Соңғы бетіне қол қойған және «1959 ж., 24 октябрь» деп жазған. Ақ жазу қағазы.

Бұрынғы беттеуі 1—10; архив беттеуінде 36—45.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 59

Аталуы «Конвейерде күй мығым». (Очерк)».

Тақырыптың алдына «Мұхтар Әуезов» деп басылған.

«Механиканы аттай айдап, мерзімді мінгіш етіп алған 20-шы сияқты шахталарда буын-буын машина, түйін-түйін тетіктер көп» ...||... «Қарағанды рештағы ырза қылар ырғағынан айнымайды... Конвейерде күй мығым».

Латын әрпінде машинкаға басылған бір данасы. Кей беттерінде автордың сиямен түзеген жерлері, қызыл қарындашпен қойған белгілері бар. Сарғыш жазу қағазы.

Бұрынғы беттеуінде де, архив беттеуінде де 1—5.

Көлемі 28,7×19,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 59

Аталуы «Әр тынысың «Отан» дейтін күн бүгін».

Тақырыптың алдына «Мұхтар Әуезов» деп басылған.

«Күн астында көк жайқын боп, тыныш теңіз тербеледі» ...||... «Әр жүректен ерлік атсын шын бүгін, әр тынысың «Отан» дейтін күн бүгін».

Латын әрпімен машинкаға басылған бір данасы. Тақырыптың алдына автор көк сия, жай қарындашпен жақшаның ішіне «Отан ұран салғанда» деп жазған. Кей беттерде қара сиямен

автордың түзеген жерлері, жай қарындашпен астын сызған, сөздері, жолдары бар. Ақ жазу қағазы.

Автордың беттеуінде 1—7; архив беттеуінде 1—12.

Көлемі 28,7×19,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 59

Аталуы «Ерлік — елдің сыны».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп жазылған.

«Совет халқында бұрынғы қауымдардың, бұрынғы тарихтардың ешқайсысы көрмеген талай жаңа мінез, жаңа қасиет бар» ...||... «Ер елдің екі болмас серті осы!».

Латын әрпінде жазылған автограф. Дәптерге қарындашпен жазған. 6-дәптер деп қарындашпен номерлеген. Алты дәптер қосылып, түптелген. Сыртында сұр мұқабасы бар.

Архив беттеуінде 1—79.

Көлемі 31×17

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Шекарада». 3 актылы пьеса. 1937 жыл, Алматы».

Тақырыптың басына «Мұхтар Әуезұлы» деп жазылған.
«1. Хатшы — Мұрат, 2. Қадиша — әйелі...

Бірінші акт. Бірінші эпизод.

«Мұрат (Бинокльмен қарап тұрып) Тоқтай қал! Мынауың не қылған серуен?» ...||... «Ганшин — міне саған советтік фронт керек болса, медицина тегі хирургтің пышағына отағанды ғана біледі. Мазак етті деуге болады екен. Медицина солай ма, Қадиша жолдас, бұл қалай өзі?! Шымылдық».

Сарғыш түсті ұзын жолды қалың дәптерге қара қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. 1—28-парақтардың бір бетіне, 29—96-парақтардың екі бетіне бірдей жазылған. Барлық беті дерлік түзетіліп, сөз қосып өңделген. Кейбір беттерді сызып тастаған. 33-тен 96-параққа дейін ауысып түскен, беттің екінші жағына теріс жазылған жерлері бар. Түптелген. Көкшіл түсті матамен қапталған мұқабасындағы төрт бұрыш сарғыш қағазға: «Шекарада. 3 перделі пьеса. 1937 ж.» деп бөгде адам күлгін түсті сиямен жазған.

Архивтің беттеуінде 1—96.

Көлемі 21,5×17,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Шекарада». 3 актылы пьеса».

Тақырыптың алдында «Әуезұлы Мұхтар» деп басылған.
№ 91-папкадағы текст қайталанады.

Латын әрпімен машинкада басылған, бірен-саран бетінде қызыл сиямен, қарындашпен басқа адамның түзеткендері бар. Басқы бетінің соңында «Алматы — 1937» деп басылған.

«Сарғыш жазу қағазы.
Архивтің беттеуінде 1—50.
Көлемі 29,5×22.
Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 95

Аталуы **«На границе»**. (Пьеса в 3-х актах, 11-ти картинах, подстрочный перевод). Алма-Ата, 1938 г.».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп басылған.
«Действующие лица: 1. Мурат — секретарь райкома» ...||...
«Сарсен — ...Пусть эти названия будут в слове и на благо народу и Вам, родные мои (радостные голоса).

Занавес».

Машинкада басылған екінші данасы. Кей жерлерінде жазыл қарындашпен қойылған белгілер бар. Жұқа жазу қағазы. Қалың картонмен түптелген. Мұқабасына «На границе. Пьеса в 3-х актах. 1938 г.» деп күлгін сиямен жазылған.

Архивтің беттеуінде 1—68.

Көлемі 28,8×19,5; соңғы беті 28,3×19,5.

Қағаздарының шеті сарғайған, сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 95

Аталуы **«На границе»**. (Пьеса в 3-х актах, 11-ти картинах, подстрочный перевод). Алма-Ата, 1938 г.».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп басылған.
«Действующие лица: 1. Мурат — секретарь райкома» ...||...
«Ганшин — ... А на ваши места вырастим поколения счастливого достойного человечества.

Занавес».

Машинкада басылған екінші данасы. Автордың қара қарындашпен түзеткендері бар. Автордың беттеуінде 14, 64-беттер кейін қосылған. Ал, 7, 10, 11, 14, 15, 19, 22, 24, 29, 30, 33, 37, 38, 44, 45, 49, 52-беттерді сызған, 53, 54, 56, 61, 63, 64-беттердің сыртында автордың жазғандары бар. 65-беттің екінші жағы 66-бет болып беттелген. Автордың беттеуіндегі 62-бет жоқ. Жұқа жазу қағазы. Қалың картонмен түптелген, түбі қара материалмен көмкерілген.

Мұқабаның сыртына күлгін сиямен: «На границе» пьеса в 3-х актах. 1938» деп жазылған. Желімделген беттері көп. Шеттері жырымдалып жыртылған.

Архив беттеуінде 69—133.

Көлемі 29,4×19,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 95

Аталуы «На границе».

Тақырыптың алдына «Ауэзов Мухтар» деп басылған.

Осы папканың 1—68 бетіндегі текст қайталанады.

Машинкада басылған екінші данасы. Автордың күлгін сиямен түзеткендері, қосқандары бар. Автордың беттеуіндегі 6-бет қолдан жазылып, кейін қосылған. 7, 14-беттер желімделген. 6, 14, 15, 18, 20, 35, 37, 39, 50, 54, 58, 64, 65-беттердің сыртында автордың жазғандары бар. Қызғылт түсті жазу қағазы. Қалың картонмен түптелген, түбі қара материалмен көмкерілген. Мұқабасының сыртына күлгін сиямен: «На границе», пьеса в 3-х актах. 1938 г.» — деп жазылған.

Автордың беттеуінде 6—68, архивтің беттеуінде 134—208.

Желімделген беттердің көлемі 28×20,5. Қалғандарының көлемі 29,5×19,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 96

Аталуы «На границе». Пьеса в 4-х актах, 13-ти картинах, Алма-Ата, 1938 г.».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп басылған.

95-папканың 1—68 бетіндегі текст қайталанады.

Машинкада басылған екінші данасы. 1-беттің оң жақ жоғарғы бұрышына автор «2-х экз.» деп күлгін сиямен жазған. Көшіру қағазының (копировальная бумага) түсі көкшіл. 56, 72-беттерде күлгін сиямен жазылған жазулар бар. Қызғылт түсті жазу қағазы. Қағаздарының шеттері тозған.

Архивтің беттеуінде 1—74.

Көлемі 32,5×22,6.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 97

Аталуы «Ақ қайың». 4 актылы, 8 суретті пьеса».

Тақырыптың алдында «Әуезов Мұхтар; Тәжібаев Әбділда (бәйге алған пьеса)» — деп басылған.

«Адамдары: Сергей — сағатшы болып саналады. Анығында Колчактың тылына әдейі жіберілген большевик» ...||... «Шынтас — Бәсе, батыр бауырым, халық қызы бір күнде «Ақ қайың» деп басына пана тілеп жырлап едің, енді өзгеге өзің пана болам деп жырлағайсың, «Ақ қайындай» әннен туған, «Ақ қайың» деп досын таныған, өнері мен бақытын тапқан бауырым, ер қасыма!

Шымылдық».

Латын әрпінде көкшіл көшірме қағаз (копировальная бумага) арқылы басылған. Ешқандай түзету белгілер жоқ. 1-беттің соңында «Реперткомнан ұлықсат берілген № 166139, 25 сентябрь 1939 жыл» деп басылған. Сарғыш жұқа қағаз. Жоғары бір жақ бұрышынан тігіп қойған.

Машинканың беттеуінде де, архивтің беттеуінде де 1—74.
Көлемі 29,5×21.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 98

Аталуы «Ақ қайың». 4 акт., 10 суретті пьеса».

«Посвящается памяти В. В. Куйбышева. Шығыс алашордасы мен атамандарды, ақ жандаралдарды талқан еткен жыл жәйі».

Тақырыптың алдында: «Күренше, Торша» деген девиздер қойған.

97-папкадағы текст қайталанарды.

Архив беттеуіндегі 21—48-беттер араб әрпінде жазылған, автограф. 20-бетке дейін латын әрпінде басылған, 49—81-беттер латын әрпіндегі қолжазба сиямен жазылған. Басылған беттерде де, жазылған беттерде де сызылған жолдар, түзетулер көп. Басылған беттердің сыртында автордың сиямен жазған қосымшалары бар. Бірінші бетінің соңында: «Талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрледің — АБАЙ (пьесалар бәйгесіне)» деп жазғаны бар. Сарғыш жазу қағазы, түптелген, мұқабасы бар.

Автордың беттеуінде 1—80, архив беттеуінде 1—81.

Көлемі 29,5×19; 30×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 98

Аталуы «Ақ қайың». 4 акт., 10 суретті пьеса».

«Шығыс алашордасы мен атамандарды, ақ жандаралдарды талқан еткен жыл жәйі».

Тақырыптың алдына «Пьесалар бәйгесіне. Девиз: Күренше, Торша» деп жазылған.

97-папкадағы текст қайталанарды.

Латын әрпінде машинкаға басылған, ешқандай түзету белгілер жоқ. Тек кана бірінші бетте автордың қызыл сиямен: «Талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрледің — Абай» деп жазылған. Сарғыш жазу қағазы, түптелген, мұқабасы бар.

Машинканың беттеуінде 1—70, архив беттеуінде 82—153.

Сақталуы орташа.

Аталуы «Ақ қайың». 4 акт., 10 суретті пьеса».

«Ойнаушылар: 1. Дана қыз, (Алтын шаш), қой көз, нәзік сұлу. Майда, бауырмал, жетім боп, қорғаншақ боп өскен. Басында ұяң, кейін ашына барып ашылады» ...||... «Сол кезде Вондер, Теміршот жетеді, Шынтас келеді».

Латын әрпінде сиямен жазған. Пьесаның қысқаша мазмұны, 4 акт. 10 суреттің планы түгел берілген. 1-бетінде «Талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрледің — Абай» деп жазған. Сарғыш жазу қағазы, түптелген. Мұқабасы бар.

Автордың беттеуінде 1—22, архивтің беттеуінде 154—176. Көлемі 29,5×19,5.

Сақталуы орташа.

Аталуы «Абай». 4 актылы, 7 суретті трагедия».

«Қатысушылар: 1. Абай — атақты ақын 50-де; 2. Еркежан — соңғы әйелі 36-да» ...||... «Халық дауыстары (ауыз үйден осы үйге тегіс келген) — қайран асқар алыбым.

- Талмай жанған шырағым!
 - Қайран ағатайым! Абай аға!
 - Қайран аға қайда кеттің?
- (Жұрт тегіс тізе бүккен күйде).

Шымылдық».

Тақырыптан жоғары «М. Әуезов, Л. Соболев» деп басылған. Бірінші беттің соңында «Реперткомнан ұлықсат берілді. № 212/40. 24/VII—1940 жыл» деп және «Алматы — 1947 — Мәскеу» деп басылған.

Латын әрпінде машинкаға басылған, автордың сиямен, қара қарындашпен және қызыл түсті қарындашпен түзетулері, 7-парақтың сыртында автордың қарындашпен латын әрпінде жазған қосымшалары бар. Сарғыш жазу қағазы, түптелген. Сұрғылт мұқабасы бар. Бірінші бет пен соңғы беттің шеттері жыртылған.

7-бет автордың қосымшасы беттелмеген. Машинканың беттеуінде 1—88, архив беттеуінде 1—86.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Абай». 4 актылы, 7 суретті трагедия».

Тақырып латын әрпімен машинкаға басылған да, оның алдында: «М. Әуезов, Л. Соболев» деп, жоғарғы жағына «Каз. Гос. академ. театр драмы» деп бөгде адамның қолымен жазылған сөз бар. Төменгі жағында театрдың штампы тұр. Онан төмен «Алма-Ата — 1940 — Мәскеу» деген сөз бар.

«Қатысушылар: Абай — атақты ақын, 50-де» ...||... «Қанды ауызды жолатпасын, қабырында шырақшыңмын».

Текст латын әрпімен машинкаға басылған, архив беттеуіндегі 43-бет автордың өз қолымен, қызыл сиямен латын әрпінде жазылған, ал 84, 85, 86, 87-беттерді бөгде адам қара қарындашпен араб әрпінде көшірген. Тексттің әр жерінде автордың сиямен және түсті қарындашпен сызған жерлері бар. Сарғыш жазу қағазы. Архив беттеуі бойынша 1—95-беттер жыртылған, түптелген.

Автор беттеуінде 1—91, архив беттеуінде 1—96.

Көлемі 29,5×19,5; 30,5×20; 20,5×18.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 101

Аталуы «Абай».

Тақырыптың жоғарғы жағына «М. Әуезов и Л. Соболев» дегенді бөгде адам сиямен жазған. Төменгі жағында «Драматический вариант» деген сөз бар.

«Залдың шамы сөнгенмен шымылдыңтың ар жағынан үлкен бір шу білінеді» ...||... «Өлмен, өлмес күшім бар, сертім осы басында».

Текст латын әрпімен машинкаға басылған, 2—3-бетте қызыл қарындашпен сызылғандары бар, автордың қойған ешқандай белгісі жоқ. Сыртын театр афишасымен қаптаған. Барлық қағаз шеттері бүктеліп жыртылған, қағазы сарғыш, жұқа жіппен ортасынан тігілген.

Машинканың беттеуінде 1—94; архивтің беттеуінде 1—93.

Көлемі 24,5×20,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 102—103

Аталуы «Абай». 4 актылы, 7 суретті трагедия, Алматы — Мәскеу. 1939 ж.».

«Адамдары: 1. Абай — атақты ақын 50 жаста, 2. Еркежан — соңғы әйелі 36-да» ...||... «Сондай нұрлы күн туғанша өлмен, өлмес күшім бар, сертім осы басында... (жұрт жымжырт). Шымылдық».

Сарғыш, көкшіл түсті жазу қағазына қара қарындашпен араб әрпінде жазған автограф. Қызыл қарындашпен түзетіп, кейбір жолдарды сызып тастаған. Автор қойған шартты белгілер жоқ. Бұрын бір рет түптеліп, қайта сөгілген. 2-беті бұрын латын әрпінде машинкада басылған беттің екінші жағына қызыл қарындашпен жазылған. Ішінара ескіріп жыртылған беттер де бар. 3-беті жоқ. Түптелген. Көкшіл түсті мұқабасы бар.

Автордың беттеуінде 1—70; архивтің беттеуінде 1—74.

Көлемі 29×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 104

Аталуы «Сын сағатта». 3 акт. 5 суретті пьеса.

Тақырыпты автор сиямен латын әрпінде өзі жазған. Тақырыптың жоғарғы жағында атын, фамилиясын толық жазып, астын сызып қойған.

«Бірінші перде. 1 сурет. Көп пәтерлі үлкен үйдің нобайы» ...||... «Асанов — Жүр халыққа!».

Тақырыптан төмен «Алматы — 1941» деп сиямен жазылған. Латын әрпімен машинкаға басылған екінші данасы. Автордың қара, көк сиямен, қызыл, көк түсті қарындашпен сызған, түзеткен жерлері көп. Архив беттеуі бойынша 9, 13, 15, 17, 41-парақтардың 2-бетінде автордың қосымшалары бар. 54, 55, 56-беттерді де автордың өзі жазған. Қиылған беттер көп. Қағазы әр түрлі, сарғыш және жолды.

Автордың беттеуі толық емес, бөлек-бөлек қойылған.

Көлемі 32×21; 20,5×21; 15,5×21; 29,5×21.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 105

Аталуы «Сын сағатта». 4 актылы пьеса.

«Адамдар: 1. Ербол — 25-те, 2. Назым — (Наз) 34-те — ...||... «Потапенко — (Ерболдың қолын сілкіп) құтты болсын, зор абырой, үлкен ерлік, қымбатты командир, ту! (қозғала береді... Ира мен Наз Ерболды құшақтап кезек сүйеді).

Шымылдық».

Дәптер қағазына қара сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Бірінші бетте: «Сара тартар» 4 акт. 8 суретті героїлық пьеса» деп қара сиямен, «Сын сағаттаның» бірінші редакциясы, август, 1941 ж.» деп бояу қарындашпен бөгде адам жазған. Автор сөз қосып түзеген. Екі бөлек түптелген. Қоңыр түсті мұқабасы бар.

Автордың беттеуінде 1—112; архивтің беттеуінде 1—112.
Көлемі 20×14,6.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 105

«5 июнь. Кешкі 6-дан 10-ға дейін. «Айшөрек» колхозшылары алдында қырғыз, орыс, украин, татар сөздері естілді» ...||... «Профессор атында... Елтай деген де пласт бар».

Ұзын жолды жазу қағазына қара қарындашпен, көк сиямен латын әрпінде жазылған автограф. Ел аралаған кезінде жазылған күнделік. Аяғына бөгде адамның қолымен жолдардың схемасы көк сия, қызыл бояу қарындашпен сызылып көрсетілген. Түптелген.

Архивтің беттеуінде 40—50.
Көлемі 20×14,4.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 105

Аталуы «Боевой устав пехоты РККА, часть I-II, изд. 41 г.».

«Виды маневра: охват, обход, прорыв окружения и в случае необходимости отход подразделения» ...||... «По команде «Первое» командир орудия командует: «Орудие огонь!». При команде «Залпом!» старший опускает руку».

Ұзын жолды жазу қағазына қара қарындашпен орыс әрпінде жазылған автограф. Кейбір сөздердің астын қызыл, көк және қара қарындашпен сызып, шартты белгілер қойған. Түптелген. Қатты қағазбен қапталған, қоңыр түсті мұқабасы бар.

Архивтің беттеуінде 26—36.
Көлемі 20×14,4.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 106

Аталуы «Намыс гвардиясы».

Папканың сыртында бөгде адамның қолымен «Намыс гвардиясы («Гвардия чести»), 4 акт» деп жазылған. Ал ішкі бетінде автордың өзі қызыл, көк түсті қарындашпен және сиямен жазған. Бірден «Адамдары» деп бастап, тақырыбын қоймаған. Бұл — пьесаның жоспары.

«Адамдары: 1. Панфилов» ...||... «Өздерің ғана емес, дивизияңыз зор биік белге шықты, тағы шықты».

Әр түсті қарындашпен, сиямен латын әрпінде жазылған автограф, сызған, өшірген жерлері, жақтау жиегіне қойған белгілері бар. 1-парағы екі бетіне де жазылған көк сызықты

сарғыш қағаз, қалған екі парағының екінші беті орысша машинкаға басылған. Түптелген.

Архив беттеуінде 1—3, автордың беттеуінде 1—4.
1-парағының көлемі 32×20; қалғандары 29,5×19,5.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 106

Аталуы «Намыс гвардиясы» (Бауыржан әңгімесі)».

«Борыш (бір сөзі анық емес) күреседі (сөздері)» ...||... «Бұл соғыста кім өлмеген — дерт-ау».

Латын әрпінде көк, қызыл түсті қарындашпен жазылған автограф. Қағаздың бір бетіне жазған, екінші бетінде машинкаға басылған бөгде текст бар. Қағазы сарғыш.

Автордың беттеуінше 1—4, архив беттеуінше 4—7.

Көлемі 20×19.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Жүйелі баяндалмайды. Үзік-үзік болып жазылғанына қарағанда, ауызекі әңгіме қағаз бетіне түсірілген сияқты.

ЛММА. Кпр-1, № 106

Аталуы «Намыс гвардиясы».

«Уақиға табиғат ортасында. Әлі қар жоқ, сарғайған күз» ...||... «Жанбозов ырза болмай қап енді қозғамақ».

Бірінші актының басқы сөздерінен кейін сол актыға қатысатын 7 адамның тізімін берген. Сол сияқты барлық актыларда да берілген. Латын әрпінде күлгін сиямен жазылған автограф. Сызылған, өшірген жерлері мен жиегінде қосымшалары бар, қағазы сарғыш, қағаздарының екінші бетінде машинкаға басылған орысша текст бар.

Автордың беттеуі бойынша 5—22, архив беттеуінде 8—25.

Көлемі 29,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 106

Аталуы «Намыс гвардиясы».

Пьесаның жоспарын және 4 актысының қысқаша мазмұнын бергеннен кейін «Үшінші акт» деп астын сызып, бөлек берген.

«Зор кеңсенің бір бөлмесі» ...||... «Фронт советін жиып отырып өзім сөйлесемін. Сүйтіңіз, бастаңыз!.. (екеуі қозғала береді)».

Латын әрпінде күлгін сиямен жазылған автограф. Сарғайған, өшірген жерлері бар. Қағазы сарғыш, шеттері жыртыл-

ған. Екінші беті машинкаға басылған.

Автордың беттеуінде 1—5; архивтің беттеуі бойынша 26—30.

Көлемі 30×21,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 106

Аталуы «Намыс гвардиясы».

«Панфилов — Барып тұрған шалағайлық» ...||... «Панфилов — Менің айтарым да қалмай отыр-ау, бұған келгенде тіл байланып, ой күрмеліп қалды, қайран — ана, сүйікті Москва... Өмір бесігі сен болсаң, сен үшін біз құрбан.

Шымылдық».

Папканың түптелген беттерінде автордың өзінің қолымен жазған жоспары және қысқаша берген мазмұнынан кейін машинкаға басылған пьесаның үзіндісі басталады. Алғашқы беттері жоқ, 7-беттен басталған. (Сірә 1 акт. 1—2 сурет болу керек.).

Машинкаға басылған. Автордың сиямен, түсті қарындашпен түзеткен жерлері, бөгде адамның да сиямен түзеткендері бар. Қағазы сарғыш, жазу қағазының екінші жағына да басылған.

Архив беттеуінде 31—44.

Көлемі 30×21,5.

Сақталуы жақсы.

P. S. Архив беттеуі бойынша 31-парақтың екінші бетінде М. Әуезовтің сиямен жазған адресі бар.

ЛММА. Кпр-1, № 106

Аталуы «Гвардия чести». Пьеса в 4 актах, 7-ми картинах, перевод с казахского Ауэзова, 1942 г.».

Тақырыптың алдында «М. Ауэзов, А. Абишев» деп жазылған. М. Әуезовтің қолымен, орыс әрпінде күлгін сиямен жазылған автограф. Қатынасушы адамдардың тізімі берілген.

«1 акт. Первая картина (Поздняя осень. Пожелтела листва в поредевшем лесу. Время заката)» ...||... «Нина — И вот (засмеялась) и высказать не могу...»

Сызылған, түзетілген жерлері бар. Қағаздарының екінші жағында машинкаға басылған бөгде (өлең) текст бар. 5-бетте сарғыш дақ бар. Сұрғылт түсті қағаз жапсырған картонмен түптелген. Түбі кара көк материалмен көмкерілген.

Автордың беттеуінде 1—56; архив беттеуі бойынша 45—102.

Көлемі 28,3×30,5.

Сақталуы жақсы.

**Аталуы «Путь богатырей». (Название условное).
План пьесы о 8-й гвардейской дивизии».**

Тақырыптың алдында «М. Ауэзов, А. Абишев» деп бөгде біреудің қолымен жазылған. Қатынасушы адамдардың тізімі берілген.

«Акт четвертый, 8-я картина. Та же комната. Но сменились люди ролями» ...||... «Панфилов целуется со своими командирами, боевыми испытанными друзьями».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Өшірілген сөйлемдер, толықтырулар кездеседі. Қағаздарының екінші бетінде машинкаға басылған бөгде текст бар. Сұрғылт түсті қағаз жапсырған картонмен түптелген.

Автордың беттеуінде 1—21; архивтің беттеуі бойынша 104—124.

Көлемі 30×22.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Автордың беттеуіндігі 18-бет ең алдына ауысып түптелген.

«Қатынасындар: 1. Сталин. 2. Панфилов Иван Васильевич. 1 акт, 1 картина.

Күз. Жапырағы сарғайған орман. Күн батуға айналған кез» ...||... «Саған бүгін өрт құшағында қалалар, мола басқан далалар күтқар балам, ұмтыл!— деп үзілместей үн қатады. Соған ғана тік кекке толы жүректі, осыны ғана тілейді, өлінің қазасы, тірінің жазасы (тудың алдына барып). Мынау жандай жақын, жалындай ыстық ту».

Пьесаның титул беті мен соңғы беті жоқ. Архив жасаған түсініктемеде: «М. Әуезов, Ә. Әбішев. «Намыс гвардиясы», 4 акт, пьеса» делінген. Машинкаға басылған, түзетілген жерлер жоқ, тек шамалы беттерде жолдардың асты көк сиямен сызылған. Архив беттеуінде 59—60-беттер қолжазба, бірақ ол Әуезовтің жазғаны емес. Сарғыш жазу қағазы, тек жоғарғы бір жақ бұрышынан тесіп жіппен байланған. Беттердің шеті жыртылған.

Архив беттеуінде 1—70.

Көлемі 30×21.

Сақталуы орташа.

Аталуы «Қарақыпшақ Қобыланды». Дастан-драма 4 акт,
8 суретті. Алматы, 1943 жыл».

Қатынасушы 17 адамның тізімі бір бетте жеке берілген. Тақырыптың алдында «Мұхтар» деп жазылған.

«Ат кертіп шөп жемес, ер қылқ етіп су ішпес, арқар баспас азаптың жері, тас шақаттың арасы» ...||... «Жұрт — той-той! Қайырлы той, той-тойла! Той-тойла!

Шымылдық.

Алматы, 1943 жыл».

Сарғыш жазу қағазына машинкада басылған. Алты беті күлгін түсті, бір жарым беті сарғыш түсті жазу қағазына жазылған автограф. 2—4, 6—7, 17—18-беттердің екінші жағында латын әрпімен машинкаға бұрын басылған бөгде текст бар. Жоса түсті сия, күлгін түсті сия және қара қарындашпен әр түрлі белгілер қойып түзеген. Кейбір беттерді сызып тастаған. Машинкада басылған 16—66, 74-беттердің екінші жағында күлгін сиямен толтыра жазып сөз қосқан. Барлық беттері дерлік сызылып, түзелген.

Автордың беттеуінде 1—106, архивтің беттеуінде 1—111.

Көлемі 20×14.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Қара Кипчак Қобланды». Драма-эпос
в 4-х актах, 8-ми картинах с интермедией
(подстрочный перевод с казахского)».

«Действующие лица...

Первый акт. Первая картина.

(Дикие скалы, куда не ступали даже ноги архара, где для воина ни глотка воды, а коню ни стебля травинки) » ...||... «Аналык — Ненаглядный ты мой (радуется народ). Народ — Пир! Пир! Счастливый пир! Начните пир!

Занавес.

Алма-Ата, 1943 год».

Машинкада басылған. 113—115; 124-парақтар күлгін сиямен жазылған автограф. Осы басылғандарының түзетулері, қосымшалары бар. Қосымшалар бос жиекке, парақтардың екінші бетіне жазылған, жоса түсті сиямен жазылған тұстар да кездеседі. Қағаздарының түсі сарғыш, басқа материалдармен бірге түптелген. Шеттері аздап жыртыла бастаған.

Автордың беттеуінде 1—101, архив беттеуінде 112—207.

111-парақ көлемі 26,5×18,5; 115-парақ — 14,5×19, қалғандарының көлемі 29×20.

Сақталуы жақсы.

Аталуы **«Қарақыпшақ Қобыланды»**. Терме, ертегі-геройлық пьеса. 4 акт, 8 сурет. Алматы. 1943 жыл.

108-папкадағы текст қайталанады.

Көлемі біркелкі сарғыш қағазға араб әрпімен, жоса түсті сиямен жазылған автограф. Автор қара қарындаш, сиямен сызып тастап, кейбір сөздердің орнын алмастырып түзеген, сөз қосқан, белгі қойған. 84, 88—136-беттер қара қарындашпен жазылған. Автордың өз қолымен жазылған он бес бет «Театр адамдарының сөзі» пьесаның аяғына қосылып, бірге тігіліп, мұқабасы көкшіл түсті картонмен түптелген. Сыртқы бетінде: «Қарақыпшақ Қобыланды». Алматы, 1943» — деп жазылған.

Автордың беттеуінде 1—35, архивтің беттеуінде 1—81.

Көлемі 20,3×14,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы **«Қарақыпшақ Қобыланды»**. Дастан-драма. 4 акт., 8 сурет. Алматы 1943 жыл.

Тақырыптан жоғары «Мұхтар Әуезов» деп жазылған.

108-папкадағы текст қайталанады.

Машинкаға басылған. Сарғыш түсті газет қағазы. Ескіріп, кірлеген, жыртылған, кей беттеріне дақ түскен. Автор қызыл, қара, жасыл қарындашпен белгі қойып, кейбір беттерін қара қарындашпен өшіріп, қоршап сызып тастаған. Күлгін, көк сия, қызыл, қара қарындашпен астын сызып, сөз қосып түзеткен. Мұқабасы қоңыр түсті қатты қағазбен түптеліп, оның сыртына жапсырылған төрт бұрыш қағазға автор мен пьесаның аты бөгде адамның қолымен жазылған.

Автордың беттеуінде 1—103; архивтің беттеуінде 1—53.

Көлемі 30,5×21.

Сақталуы жақсы.

Аталуы **«Қара Кипчак Қобланды»**. Драма-эпос в 4-х актах, 8-ми картинах с интермедией (подстрочный перевод с казахского).

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп басылған. Қызыл қарындашпен «261» деп жазылған.

«Действующие лица... Первый акт. Первая картина» ...||... «Народ — Пир! Пир! Счастливый пир! Начинайте пир! Занавес».

Сарғыш түсті, жазу қағазының екі жағына бірдей машинкаға басылған.

Автордың беттеуінде 1—112; архивтің беттеуінде 1—57.

Көлемі 28,8×20,8.

Сақталуы жақсы.

ЛММА, Кпр-1, № 112

Аталуы «Кара Кипчак Қобланды».

(Драма-эпос в 4-х актах, 8-ми картинах с интермедией. Перевела с казахского Л. Руст. Всесоюзное управление авторских прав. Отдел распространения — Москва, 21, Чудакова, 4)».

«Картина первая. Дикие скалы, куда не взбирался даже архар, где для воина нет воды, для коня нет травинки» ...||... «Народ. Пир! Пир!».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп басылған. Тақырыптан соң М. О. Әуезовтің қоңыр қарындашпен: «не т. Марабаев, а т. Мергенбаевым» деп жазған жазуы және қара қарындашпен, сиямен қойған белгілері бар. Стеклографиялық тәсілмен басылған. Баспахананың қара сырлы бояуы. Кейбір беттерінде қара қарындашпен түзетулер, жазылған жеке сөз, сөйлемдер кездеседі (3—6; 10, 13, 15, 19, 21, 23, 25-беттер). Соңғы бетте ақ қағаз желімделген.

Архивтің беттеуінде 1—32.

Көлемі 23,5×19,3.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 112

Аталуы «Драма-эпос в 4-х актах, 8-ми картинах с интермедией. Перевела с казахского Л. Руст. Всесоюзное управление по охране авторских прав. Москва, 1945».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп басылған. Машинкаға басылған, текст толық емес. Қобыландының қолбасыларға айтатын монологының аяғы. Қағазы ақ.

Архив беттеуінде 33—35.

Көлемі 28,8×20,2.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 113

Аталуы «Асыл нәсілдер». 4 акт., 7 суретті пьеса.
Алматы, 1947 ж.

«Адамдары: 1. Дәуренов Иса — министр 42 жаста, 2. Есенов Сәлім — ғылым орталығының басшысы 40 жаста» ...||...
«Қадірлі қартым, досым, жолың болсын. (Екеуі бірінің бірі қолдарын қысып, қатты құшақтасады).

Шымылдық».

Бірінші бетте тақырыптың басына «Мұхтар Әуезов» деп жазылған. Қалыңдау сарғыш қағаз. Машинада басылған. Қолжазбаның бір данасы. Барлық беттері дерлік көк және күлгін сиямен түзетілген. Кейбір жолдарды сызып, сөз қосқан. Қолжазбаның беттеуінде 1—56; архивтің беттеуінде 1—55. Көлемі 29×20. Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 113

Аталуы «Төртінші сурет».

«Сахна тойға арналған қызық сәні бар өзгеше бір көріністі байкатады» ...||... «Бұл менің бауырымда өседі. Молтай әкесін тосып! Кел... кеш балам, кәрі туысыңды... (асыла сүйеді).

Шымылдық».

Қалыңдау сарғыш түсті қағазға қарындашпен автордың өзі жазған автограф. 56-бетті, 73-беттің жарымынан 143-беттің жарымына дейін қара қарындашпен жазған. 79, 101-бетке сия жайылып, дақ түскен.

Архивтің беттеуінде 56—148.

Көлемі 20,4×15.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 113

Аталуы «1 суретке».

«Баймат —

Алатау, алыс Нарын бар
Отан деп жүрек жалындар,
Кегі деп елдің, ананың
Ашынып қайнар халім бар»
...||... «Саттар—...
Сансыз жылдар кекті тосад
Бар тілекті солар басад

Күн-түн деме асыға көр
Деп тұр тордан шапшаң босат».

Сарғыш түсті бір парақ қағазға көк сиямен автордың өзі жазған автограф. Тақырыбы қара қарындашпен жазылған. Автордың беттеуінде 1; архивтің беттеуінде 149. Көлемі 20,3×15. Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 113

Аталуы «**Ғабиден**».

«1. Абай кітап үстінде; 2. Досы Михайлов» ...||... «6. Ғабитхан, Тәкежан камшы — ұзақ. 7. Иттер туралы... азайту керек...».

Сарғыш түсті бір парақ жазу қағазының екі бетіне күлгін сиямен автордың өзі жазған автограф. Автордың беттеуінде 1—2; архивтің беттеуінде 150. Көлемі 20,2×14,6. Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 113

«1. бөлімде: а) Құнанбай кетерде Дәркенбай; б) Абайға — ирония; в) Ұлжан — ауылдағы кісілер» ...||... «5. Құнанбай — Меке сапары, сонда мұныкі жақсы сапар... Абай, Қаратай оны»...

Сарғыш түсті жазу қағазының бір бетіне көк қарындашпен автордың өзі жазған автограф. Қағазы сарғайып, дақ түсіп, ескірген.

Автордың беттеуі 3; архивтің беттеуінде 151. Көлемі 30×20,5. Сақталуы орташа.

ЛММА. Қпр-1, № 113

Аталуы «**Бірінші акт. 1 сурет**».

«Министр кабинеті. Жиылыста Есенов, Назарбеков, Балашов, Бектасов, Сейітов және шабандардан: Есіркеп, Әсия, Бекбол, Молтай бар». ...||... «Осының үй ішінен басқа, менің сіздер атап отырған соңғы сында сеніп, сүйенер кісім тағы жоқ».

Сарғыш түсті жазу қағазына машинкада басылғанның бір данасы. Күлгін сиямен түзетіп сызылған жолдар бар. Қолжазбаның беттеуінде 1—18; архивтің беттеуінде 152—169.

Көлемі 28,5×20,5. Сақталуы жақсы.

Р. С. Осы нұсқаның машинкада басылған екінші данасы.
Архивтің беттеуінде 170—186.
Көлемі 28,5×20,5.

ЛММА. Кпр-1, № 113

Аталуы «Бірінші акт, 1 сурет».

«Министр кабинеті. Жиылыста Есенов, Назарбеков, Балашов, Бекетов, Сейітов және шабандардан: Есіркеп, Әсия, Бекбол, Молтай бар» ...||... «Молтай әкесін тосып! Кел, кеш балам, кәрі көкенді. (Әсияның бетінен сүйеді).

Шымылдық».

Сарғыш түсті жазу қағазына машинкада басылған. 216, 220-беттерінде күлгін сиямен сызылған жолдар бар.

Қолжазбаның беттеуінде 1—30; архивтің беттеуінде 188—224.

Көлемі 28,5×21,4.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 113

Аталуы «Асыл нәсілдер», 4 акт., 7 суретті пьеса.

Алматы — 1947 ж.».

Тақырыптың басына «Мұхтар Әуезов» деп автордың аты жазылған.

«Бірінші акт, бірінші сурет, министр кабинеті» ...||... «Қадірлі қартым, достым, жолың болсын! (Екеуі бірінің бірі қолдарын қысып, қатты құшақтасады).

Шымылдық».

Машинкаға басылған. Көлемі біркелкі қалындау сарғыш қағаз. Барлық беттерінде автордың өз қолымен көк және күлгін сиямен сызып, сөз қосқан түзетулері бар. 29-бетті түгелдей сызып тастаған. Бірталай қатынасушылардың аттарын өзгерткен.

Автордың беттеуінде 1—56.

Көлемі 23×20,2; 29,3×20,6.


Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 114

Аталуы «Асыл нәсілдер». 4 акт., 7 суретті пьеса.

Алматы, 1947 жыл».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп жазылған.
«Дәуренов Иса — министр 42 жаста. Бірінші акт. 1 сурет. Министр кабинеті. Жиналыста Есенов, Назарбеков, Бала-



«Абай жолы» романының кей тараулары осылай туған

шов, Бектенов, Сейітова және шабандар: Есіркеп, Әсия, Бекбол, Молтай бар. Соңы» ...||... «Кел, кеш балам, кәрі Төкенді. Әсияның бетінен сүйеді».

Машинкаға басылған екінші данасы. Қағазы сарғыш. Қызыл қарындашпен белгілер қойып, күлгін сиямен әріп қателерін түзетіп, сөз қосқан. 18-беттің екінші жағына автор күлгін сиямен жазған қосымша бір бет қолжазбасын қайта сызып тастаған. 44-беттің астына қосылған жіңішкелеу жарты бетте автордың күлгін сиямен жазған қосымшасы бар. Сырты көк түсті қатты қағазбен түптелген. Сыртына жапсырылған төрт бұрыш сарғыш қағазға: «Асыл нәсілдер». «Стойкое племя», пьеса в 4 акт, 7 карт.» — деп күлгін сиямен жазылған.

Автордың беттеуінде 1—76; архивтің беттеуінде 1—79.

Көлемі 28,6×22.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 114

Аталуы «Стойкое племя». (Пьеса в 4-х действиях,
7-ми картинах. Перевод с казахского).

На конкурс лучших современных советских пьес.

Тақырыптың алдында «Девиз Аркалык» деп басылған.

«Действующие лица... Первый акт, I-я картина. Кабинет министра. На совещании присутствуют Есенов, Назарбеков, Балашов, Бектенов, Сеитова, Есиргеп, Асия, Бекбол и Молтай...» ...||... «Есиргеп... (Берет ребенка на руки). Ягнечок,

сладкий мой Женисбек! И никуда ты не уйдешь. Будешь расти на моей груди. Будешь ждать отца. А ты, доченька, прости старого Жеке. (Целует Асию и жену).

Занавес».

Ақ қағаздың бір жағына машинкаға басылған бір данасы. Автордың беттеуіндегі 15-бет ауысып 5—6-беттердің арасына түскен. Көгілдір картонмен түптелген, түбі қоңыр материалмен көмкерілген.

Автордың беттеуінде 1—72; архив беттеуінде 80—154.

Көлемі 28,6×22.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 115

Аталуы «Асыл нәсілдер». 4 акт., 8 суретті пьеса».

«Тәжірибе бар, ал іс Сырдың інісі Күдікте 10 мыңнан аса қой бар. Он жылдан аса тәжірибе жасалып келеді. Аяғы жерге тиген ен бар?» ...||... «Енді жаңа бесжылдық жаңа тұрғымен шығарлық жаңа бел болсын десіп екеуі құшақтасады.

Шымылдық».

Біркелкі қалыңдау сарғыш қағазға араб әрпінде жай қарындашпен жазылған автограф. 2-ден 8-бетке дейін көк қарындашпен, 9-беттен 30-бетке дейін қара қарындашпен жазған. Кейбір сөздерін сызып өшіріп, сөз қосқан. 30-беттің сегіз жолының астын сызып және қара қарындашпен қоршап қойған. 32—33-беттің екі жағына бірдей орыс әрпінде қара қарындашпен жазып, автор өзі рет санын қойған, 2—3—4-беттерге қосымша қосқан.

Автордың беттеуінде 1—30, архивтің беттеуінде 1—33.

Көлемі 21×14,6.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 116

Аталуы «Асыл нәсілдер». 4 акт., 8 суретті пьеса.

Алматы, 1947 жыл.

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп жазылған. «Дәуренов Иса — министр 42 жаста. Бірінші акт, 1-сурет. Министр кабинеті. Жиналыста Есенов, Назарбеков, Балашов, Бектенов, Сейітова және шабандар: Есіркеп, Әсия, Бекбол, Молтай бар» ...||... «Бек — Неге, қайда кетеді?».

Біркелкі сарғыш қағазға машинкаға басылған екінші данасы. Барлық беттерін дерлік автор өз қолымен сызып, қысқартып, күлгін сиямен түзеткен. 10, 15, 24, 42, 50, 77-беттерді

автор күлгін сиямен жазып, кейін қосқан. 12-беттің екі жолынан басқасын көк сиямен сызып тастаған.

Автордың беттеуінде 1—80, архивтің беттеуінде 1—96.

Көлемі 23×20,3.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 117

Аталуы «Бақ-талай». 4 акт., 9 суретті пьеса. Алматы —
1953 жылы январь, февраль».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп жазылған.

«1. Алуа кейін райком хатшысы, ғылым кандидаты...

Бірінші акт, бірінші сурет.

Доғал байдың сегіз қанат үлкен, жасаулы үйі. Төрде отырған қонақтар мен Доғал да қазір қымызға қызған, тегіс масайған» ...||... «Бар Азиядағы аналар, апалар, қыздар сұрағы! Осы қорлықтардың бітер шағы бар ма, жоқ па?...

Шымылдық (соңы)».

Машинкаға басылған бір данасы. Барлық беттерінде дерлік автордың өз қолымен қызыл қарындаш, көк сиямен сызып, қысқартып, түзеткендері бар. 73-беттің сыртына қызыл қарындашпен «Газизе», 74-беттің түптелер жақ бұрышына «3 экз.» деп жазылған. Бірінші акт, бірінші суреттен сегізінші суретке дейін (98—110-бет), бірінші данасы машинкаға басылған, екінші данасы қолмен жазып қосылған. 104, 105, 110-беттердің бәрінде қызыл қарындашпен әр жолдың астын сызған, соңғы беттің сыртқы ақ жағына «Шевченко, 71, корпус 5, подъезд 1, кв. 4» — деп автор қызыл қарындашпен біреудің адресін жазған. Ақшыл түсті жазу қағазы.

Автордың беттеуінде 1—95; архивтің беттеуінде 1—97.

Көлемі 29×19,7

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 117

Аталуы «План пьесы» (1-й вариант)».

«Бірінші акт, бірінші сурет.

Пьеса Доғал байдың үлкен үйіндегі оқиғадан басталады» ...||... «Енді біразда театрдың сахналық шартты шеңберінен, шегінен алып шығып, дүниеге, эфирге сөйлеп тұрғандай болады. Сонымен спектакль тамам болады. Шымылдық».

Машинкаға басылған, автор қызыл қарындашпен жолдардың астын сызып отырған. Ақ жазу қағазы.

Машинканың беттеуінде 1—13; архив беттеуінде 98—110.

Көлемі 29×19,7.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Алуа». (Пьеса в 4-х актах, 9-ти картинах.
Алма-Ата, 1953, январь, февраль)».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Ауэзов» деп басылған.

«Действующие лица. Алуа — батрачка, после секретарь райкома, кандидат наук» ...||... «Алуа — ...Я заканчиваю свою речь одним вопросом. Это вопрос чести, вопрос нашего века! Когда же будет конец этим унижениям, позору или не будет им конца?... (В зале сцены бурные аплодисменты).

Занавес. Конец.»

Сарғыш жазу қағазына машинкаға басылған бір данасы. Архивтің беттеуіндегі 2-бетте бөгде адамның қолымен жазылған «1—9» деген цифр бар. Кей жерлерінде сызылып қалған сөйлемдер, жеңіл-желпі түзетулер бар.

Автордың беттеуінде 2—104; архив беттеуінде 1—85.

Көлемі 28,7×19,8.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 119

Аталуы «Алуа» (пьеса)».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған.

«Екінші акт, үшінші сурет».

«Сахна көп ауылдар арасындағы бұлақ басы. Бәрі де дәл бұлақ басында. Доғал, Сартай, Жәкеш, Байыр, Жалтыр отырысады» ...|| «Бар Азиядағы аналар, апалар, қыздар сұрағы! Осы қорлықтардың бітер шағы бар ма, жоқ па?... (Сахна залында ду қол соғу).

Шымылдық. Соңы».

Автордың беттеуіндегі 22-беттен басталады, басы жоқ.

Ақшыл түсті жазу қағазы. Машинкаға басылған бір данасы. Бірінші беттен 52-бетке дейін түзелген ешқандай белгі жоқ. 53-беттен 71-бетке дейін автордың күлгін сиямен қысқартып, сызып өңдеген түзетулері бар.

Автордың беттеуі 22—94; архивтің беттеуінде 1—73.

Көлемі 29×19,9.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 120

Аталуы «Алуа». 4 акт., 9 суретті пьеса».

Тақырыптың жоғарғы жағында «Мұхтар Әуезов» деп басылған.

119-папкадағы текст қайталанады.

Ақшыл түсті жазу қағазына машинкаға басылған бір данасы. Ешқандай қойылған белгі жоқ.

Бұрынғы беттеуінде 1—90; архив беттеуінде 1—92.

Көлемі 29×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 121

Аталуы «Алуа». (Пьеса в 4-х актах, 9-ти картинах. Алма-Ата, 1953)».

Тақырыптың алдында «Мухтар Ауэзов» деп басылған. Тақырыптың соңында бөгде біреудің күлгін сиямен: «Такой женщины не было и не могло быть в старое время» — деп жазған жазуы бар. «Быть» деген сөзді Әуезов өңдеп қайта жазған.

«Действующие лица. Алуа — батрачка, после секретарь райкома, кандидат наук» ...||... «5... Приложение... не диссертация...».

Машинкаға басылған бір данасы. Түзетулер бар. Әуезовтің және бөгде адамның қолымен жазылып қосылған беттер көп кездеседі. Әуезовтің өз қолымен қосқандары архив беттеуіндегі 1, 41—41а, 107—108-парақтар күлгін сиямен, 121-бетте (архив беттеуінше): «Пьесаға қосымша өзгерістер» деп жай қарындашпен жазған. Сондай қағазда қоңыр, көк және сұрғылт түсті бояу қарындашпен (116—120-беттерде) жазған жазулар бар. Соңғы 125-бетінде күлгін түсті сиямен және қызыл қарындашпен қазақ тілінде «Қосымша диссертация емес» деген жазу бар.

Архив беттеуінде 1—125.

М. Әуезовтің қолымен жазылған беттердің көлемі 21×15 және 15×10.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 122

Аталуы «Алуа» (Пьеса в 4-х актах, 9-ти картинах)».

«Такой женщины не было и не могло быть в старое время. Алма-Ата, 1953».

Тақырыптың алдында «Мухтар Ауэзов» деп басылған.

«Действующие лица: 1. Алуа — батрачка, после секретарь райкома, кандидат наук (барлығы 17 адам)» ...||... «Алуа — Я заканчиваю свою речь вопросом, это вопрос чести, вопрос нашего века! Это вопрос матерей, сестер, дочерей всей Азии. Когда же наступит конец этим унижениям, позору или нет им конца?... (В зале сцены бурные аплодисменты). Занавес.

Конец»

Машинкаға басылған бір данасы. Архив беттеуіндегі 3—30, 32—62, 64, 68, 70, 71, 73, 75, 78, 80-беттерде күлгін сиямен бөгде адамның қолымен жазылған түзетулер, қосымшалар, сызылған сөйлемдер бар. Сарғыш түсті жазу қағазы.

Машинканың беттеуінде 1—79; архив беттеуінде 1—80.

Көлемі 29×20,4.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 123

Аталуы «Алуа, Бақ-талай». 4 акт., 9 суретті пьеса».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған. Пьесаның тақырыбын автор күлгін сиямен жазып, астын сызып қойған. Оның астында «Бақ-талай». 4 акт. 9 суретті пьеса» деп машинкамен басылған. Бірінші беттің төменгі жағында «Алматы — 1953 жыл, январь, февраль» деп басылған.

119-папкадағы текст қайталанады.

Машинкаға басылған бір данасы, пьесаның толық түрі, барлық бетінде дерлік автордың түзетулері, сызғандары бар. Ақ жазу қағазы.

Машинканың беттеуінде 1—94; архив беттеуінде 1—97.

Көлемі 29,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Архив беттеуі бойынша 95-бет автордың қолымен, күлгін сиямен арабша жазылған автограф.

ЛММА. Кпр-1, № 123

Аталуы «Алуа, Бақ-талай». 4 акт., 9 суретті пьеса».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған. Папканың бірінші бетінде пьесаның тақырыбы алдымен машинкаға «Бақ-талай» деп басылған. Оның жоғарғы жағына автор күлгін сиямен «Алуа» деп жазып, астын сызып қойған. Машинкаға басылған тақырыптың да астын автор сызған. Бірінші беттің төменгі жағында «Алматы — 1953 жыл, январь, февраль» деп басылған.

119-папкадағы текст қайталанады.

Машинкаға басылған бір данасы. Пьесаның толық түрі. Барлық беттерде дерлік автордың әріп қатесін түзеткендері, сызғандары, араб әрпімен жазған жарты бет автографы бар, ақ жазу қағазы.

Архив беттеуінде 1—97.

Көлемі 29×20,5; 30,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Алуа». 4 акт., 9 суретті пьеса»,

«Бұндай әйел бұрын болған емес, болуға мүмкін де емес, Алматы — 1953 жыл».

Тақырыптың басына «Мұхтар Әуезов» деп автордың аты-жөні жазылған.

«1. Алуа кейін райком хатшысы, ғылым кандидаты... Бірінші акт, бірінші сурет. (Шымылдық алдында ауыр масло-бойканы қиналып көтерген, сүрініп-қабынған Алуа келеді)» ...||... «Бар Азиядағы аналар, апалар, қыздар сұрағы! Осы қорлықтардың бітер шағы бар ма, жоқ па?... (Сахна залында ду қол соғу). Шымылдық.

Соңы».

Машинкаға басылған. Көлемі біркелкі, ақшыл түсті жазу қағазы. Барлық беттерінде дерлік күлгін сия, қара қарындашпен астын сызып түзеткен. Архивтің беттеуі бойынша 20, 45, 51, 52, 60-беттерде қызыл қарындашпен, автордың өз қолымен қойылған белгілері бар. 14, 53, 63-беттерге қара қарындашпен, бөгде адамның қолымен жазылған белгілері де бар. Автор 33-беттің басына, 51, 52, 65, 67-беттердің түптелер жақ шетіндегі жақтау жиегіне машинкаға басылған орыс әрпінің үстін бастыра күлгін сиямен жазып сөз қосқан.

Автордың беттеуінде 1—73, архивтің беттеуінде 1—77.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Час испытаний» (Сын сағатта).

Пьеса в 3-х актах, 5-ти картинах.

(Подстрочный перевод с казахского автора. Алма-Ата, 1941)».

Тақырыптың алдында «Мухтар Ауэзов» деп жазылған. Автордың фамилиясынан соң «Сын сағатта», «На высотах» деп жазылып, үстінен сызылған.

«Действующие лица: 1. Ербол Датов — 25 л. Шахтер» ...||... «Потапенко... (отходит к Ерболу, подбежали Ира, Наз целует его).

(Конец)».

Пьесаның толық нұсқасы. Қара (1—42-беттер) және қызыл (42—61-беттер) сиямен жазылған автограф. Көк сызықты ақ қағаздың екі жағына жазылған. Қалың көк картонмен түптелген.

Автордың беттеуінде 1—61; архив беттеуінде 1—33.

Алғашқы беттің көлемі $26,2 \times 17$; келесі бет $21 \times 20,5$; қалған беттер $33 \times 20,5$.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Бірінші бетте бөгде біреудің «Рукопись и испр. экземпляр в один» деп қара қарындашпен жазған сөздері бар.

ЛММА. Кпр-1, № 125

«Действующие лица: I. Ербол Датов — 25 лет, шахтер» ...||... «Асанов — идем к народу! (Занавес)».

Пьесаның толық түрі. Машинкаға басылған бір данасы. Автордың түзетулері бар. Бұрынғы беттеуі бойынша 1, 17, 28, 32, 36-беттерде машинкаға басылған, 1, 4, 7, 8, 12, 18, 41, 43-беттерде қолмен жазылып қосылған текстер бар. Ал 1, 4, 7, 8, 12, 18, 20, 25, 27, 28, 29, 31, 33, 34, 44-беттердің екінші жағына автордың өз қолымен жазып қосқандары бар. Сызықты ақ қағаз. Қалың көк картонмен түптелген.

Автордың беттеуінде 1—48; архивтің беттеуінде 34—82.

Автордың беттеуіндегі 1-беттің көлемі $34,3 \times 20,6$; 3, 15, 19—21, 25—27, 29—34, 37—40, 44—48-беттер $32 \times 20,5$; 16-бет 26×18 ; 17-бет 30×19 ; 18-бет $31,2 \times 20,5$; 22-бет $27 \times 20,5$; 23-бет $18 \times 20,5$; 24-бет $29,7 \times 20,5$; 28-бет $43 \times 20,5$; қосымша қиық бет $10 \times 20,5$; 35-бет $46,7 \times 20,5$; 36-бет $37,4 \times 20,5$; 41 және 42-беттер (қолжазба) $30 \times 20,5$; 43-бет (қолжазба) $21 \times 15,5$.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Архив беттеуіндегі 34-бетте бөгде біреу қызыл қарындашпен «сентябрь, 1941 г.» — деп жазған.

ЛММА. Кпр-1, № 126

Аталуы «Ночные раскаты» («Түнгі сарын».

Пьеса в 5-ти действиях, 6-ти картинах».

Литературная обработка текста заслуж. артиста республики К. А. Давыдовского.

Тақырыптың алдында «Мухтар Ауэзов» деп, соңына қатынасын адамдардың тізімі мен қоюшы бас режиссердің фамилиясы, орындаушы орыс артистерінің (28 адам) тізімі берілген.

«...Действие первое. Картина первая. Лужайка вблизи аула, кусты, низкорослые деревья, родник. На сцене Танеке, Бур-Басар, Бой-бермес и еще несколько человек 10—15 казахов. Бур-Басар: Я говорю, Танеке, мы не пойдем в окопы» ...||... «Мугалим: Не запугать! Степь поднялась, ее не убьешь, ее не задушишь! Идет гроза, это только начало, ночные раскаты. Подожди, ударит гром и всем вам придет конец!.. Музыка апофеоз».

Пьесаның толық түрі, машинкаға басылған бір данасы, түзетулер жоқ. «Академия наук Казахской ССР Сектор искусствоведения. Кирова 89, тел. 49—48» деген сөздер орыс, қазақ тілдерінде ақ қағазға баспахана әріптерімен басылып желімделген. Мұқабадан кейінгі бетте (супер) және сол беттің аяғында қара және көк қарындашпен «Түнгі сарын» деп жазылған. Қағазы сарғыш.

Архивтің беттеуінде 1—46. 21—22 номерлер таза қағазға қойылған.

Көлемі 29×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 127

Аталуы «Тартыс» («Борьба»). 1933 г.».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп басылған.

«Тартыс. Действующие лица: 1. Хасенов Сыдык — директор 1-го Казахского института, 30 лет» ...||... «Абиш — Ну сольемся с ними. Пойдем за ними!

Занавес».

Пьесаның толық түрі. Машинкаға басылған бір данасы. 5-бетте екі ауыз сөз қара сиямен неміс тілінде жазылған. 2-бетте «3 экз. Срочно. Ауэзов Мухтар. «Борьба» (пьеса в 8 картинах)» деп күлгін сиямен жазылған. Қағазы ақ. Қатты картонмен түптелген.

Архивтің беттеуінде 1—70.

Титул беттің көлемі 28×15, қалған беттер 30×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 127

Аталуы «От автора».

«Предлагаемый вниманию читателей настоящий сборник повестей и рассказов, за исключением одного рассказа «Крутизна», воспроизводит действительность дореволюционного казахского аула» ...||... «Крутизна» включена в данный сборник для иллюстрации подобных расстояний».

Жинаққа жазылған алғы сөз. Машинкаға басылған бір данасы. Түзетулер жоқ. Сарғыштау жазу қағазы. Қатты картонмен түптелген.

Архивтің беттеуінде 71—72.

Көлемі 29×19,6.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 127

Аталуы «Ночные раскаты». (Пьеса в 6-ти картинах,
5-ти актах о событиях 1916 г.)».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп басылған.

«Действующие лица: 1. Майқан — волостной управитель Жиландинской области из сильного племени рода Олжай, 40 лет» ...||... «Қадыш — Назначу по десяти, по десяти тысяч за головы Жантаса и Танеке.

Занавес».

Пьесаның толық түрі. Машинкаға басылған бір данасы. Автордың және бөгде біреудің қолымен күлгін сия және қара қарындашпен түзетулері бар. «Второй акт, вторая картина» деген күлгін сиямен жазылған. Автограф, бір бет қосымша бар. Сарғыштау жазу қағазы. Қатты картонмен түптелген.

Архивтің беттеуінде 73—155.

Қосымша беттің көлемі 18,4×14; қалған беттер 31×22,5. Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 128

Аталуы «Түнгі сарын» (план)».

«Адамдары: Майқан болыс. Олжай руының ең жуан ауылынан — 40-та. 2. Бибіш — қатыны (Жүзтайлақ) сұлу, қу, 28—30-да» ...||... «Бибіш әдейі өлігін, қызығын көрейін деп едім дейді».

Сызықты қалың дәптерге күлгін сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Бөгде адамның қолымен араб әрпінде жазылған шимай жазулар бар. Кейбір сөздердің асты қара қарындашпен сызылған. 9-беттегі рим және қазіргі цифрлармен жазылған қосымшаны сызып тастап, ең соңғы бір жолын ғана қалдырған. Автордың өз түзетулері бар. Түптелген.

Архивтің беттеуінде 1—9.

Көлемі 20,7×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 128

Аталуы «Тұман айығарда» (план)».

«Сейіл — Жоламан дар үйі. Қадір — Алмас» ...||...«Қасымда жолдасым жоқ, бірақ осы мен сана-сезіммен, мен енді көп ұл таптым, танытамын өзімді деп екпіндеп кетеді».

Сызықты қалың дәптерге күлгін сиямен араб әрпінде жазылған автограф. 10-беттің басына күлгін сиямен «Болашақ

роман планы» деп жазып, астын сызған. 15, 16-беттерге күлгін сиямен сөз қосып, кей беттерді түзеткен. Түптелген.

Архивтің беттеуінде 9—37.

Көлемі 20,7×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 129

Аталуы «Қанат қақты». 5 акт. 6 суретті пьеса. 1916 жыл оқиғасынан. 1934 жыл июль, август».

Тақырыптың басына «Мұхтар» деп жазылған. «Оқиғаның адамдары: (1. Майқан — ірі бай, өзі 15 жылдан бері болыс. Олжай руының ең жуан ауылынан, жасы 40-та)... Бірінші акт. Болыс ауылының сырты шалғын. Азғана тоғай, бұлақ. Жүзтайлақ дәретке шыққан. Басында қара мақпал шапан. Қолы толған алтын жүзік. Жұмыр, жалпақ білезіктер. Құлағында үлкен алтын сырға. Шеңбер сырға дейді. Аяғын пан, жәй басады. Артын ала Мөржан құманын ұстап келе жатады» ...||... «Жүніс — Жаным, ар-иманым садаға бір сенен (ұмтылады, анау сырт айналып жүре береді. Мынау қолын созып ереді).

Шымылдык».

Араб әрпімен сарғыштау сызықты дәптер қағазына күлгін сиямен жазған автограф. Барлық беттері дерлік түзетіліп, сөз қосқан, астын сызған белгілер бар. 14-беттің екі жағы, 13-беттің сырт жағы сызылған. 26, 27, 29, 30, 37, 38, 57, 59-беттерде араб әрпімен жазылған сөздердің арасына орыс әрпімен жазылып қосылған сөздер бар.

Архив беттеуінде 1—61.

Көлемі 20×14,4.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 129

Аталуы «Қанат қақты».

«Болыс аулының сырты. Шалғын. Азғана тоғай. Бұлақ» ...||... «Сәлім — Дұспан екенім рас. Дұспаным сен. Саған оқ атқан (Жантасты көрсетіп), мынау асыл ұлдар! Өлтірдім дейтін шығарсың... жоқ, бұл сияқты ер ұлдарының қолымен біздің де дала дабыл қақты. Сарын қосты! Сол даланың азаттығына біз құрбанбыз! (Сол уақытта кісен салынып жатады).

Шымылдык».

Пьесаның басқа бір нұсқасы. Араб әрпімен жазылған автограф. Барлық беттерінде дерлік қара, қызыл қарындашпен,

күлгін сиямен автор енгізген түзетулер, сызылған жерлер бар. 29-бетте қызыл қарындашпен «Галиеву Габбасу Марденовичу» деп жазылған жазу бар. 33-беттің түптелер жақ жиегіне «Айтылды» деп жазылған.

Автордың беттеуінде 1—75; архивтің беттеуінде 62—99.

Көлемі 20×14,4.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 130

Аталуы «Октябрь үшін». 9 суретті драма.

Басына автордың аты-жөні латын, одан кейін араб әрпінде жазылған. Пьесаның аты араб әрпінде қызыл сиямен жазылып, күлгін сиямен үлкейтіп, көркемдеп, астын сызған. Оның астына «За Октябрь», 9 суретті драма, Алматы июль—август» — деп жазылған сөздердің асты сызылған.

«Сахна екі бөлме. Бірі обком бастығының, екіншісі хатшының кабинеті. Екі бөлмеден де сыртқа шығатын есіктер бар. Оның үстінде екі аралық есік және бар. Бөлмелер келісті» ...||... «Фурманов (айналадағы жұртқа биікке шығып айғайлап), жә, жолдастар, бүліншілік те, бүлік те осымен бітті. Енді мағыналы, тәртіпті, өнімді ертеңге қайта бастық... Ал тарандар! (Биікшеден секіріп түскенде Фурмановты, Беляевті қолды-қолдарына көтеріп алған топтар, жаса, жаса! Жасасын кіндік басшылығы. Октябрь, Октябрь үшін! — деп шулап алып жөнелді)».

1—40-бетке дейін қара қарындашпен, 41—79-бетке дейін күлгін сиялы қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Барлық беттерінде дерлік қызыл және күлгін сиямен астын сызып, қысқартып сөз қосып түзеткен. Түптелген. Көптеген беттерге әр алуан белгілер қойылған.

Архив беттеуінде 1—81.

Көлемі 26,6×14.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 130

Аталуы «Тартыс». 8 суретті эпилогті пьеса.

Қарындашпен «Мұхтар» деп жазылған.

«Оқиғаға араласатындар: 1. Хасенов Сыдық — Қазақ университетінің директоры» (21 адамның тізімі мен орындайтын рольдері берілген).

«Шайхана, нар үстінде кілем-паластар. Қабырғалары қызыл, ілулі дутар, тамбыр. Жерде қазан-ошақ, қазанда палау. Шайханашы анда-санда келіп қарап аударыстырып

кетеді» ...||... «Әбіш — ал кірдің тобына, ердің соларға!... (үшеуі де жүре береді). Шымылдық».

Араб әрпінде жазылған автордың өз қол таңбасы. 83—123-бетке дейін түсті сиямен жазған. 84, 85, 88, 89, 96—99, 102, 104, 106—112, 114—122, 128, 129, 131, 133, 137, 138-беттердегі сөз арасында орыс әрпінде жазылған орысша сөздер қосылған. 87-бетте латын әрпінде жазылған сөздер, қысқартып сызып, сөз қосқан, өңдеген түзетулері бар. 117, 118, 134-беттердің екі жақ шетіне сөздер қосылып көбірек түзеткен. 121-беттегі бесінші сурет басына «орта» деп жазып астын сызған. Дәптер қағазы. Екі пьеса біріктіріліп, сырты көкшіл қатты қағазбен түптелген. Сыртына жапсырылған төрт бұрышты ақ қағазға «Октябрь үшін». Суретті драма деп күлгін сиямен жазылған.

Архив беттеуінде 82—139.

Көлемі 26,6×14.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 131

Аталуы «Разящий клинок» («Қынаптан қылыш». Пьеса в 6-ти картинах, русский литературный текст А. Г. Ридаль)».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Ауэзов и Габит Мусрепов» деп басылған.

«Действующие лица: капитан Азимхан Шалқаров, командир батальона» ...||... «Азимхан —...полковник, командуйте. Горнист (тот выходит вперед). Поход!

(Занавес)».

Пьесаның толық түрі. Машинкаға басылған бір данасы. Қара қарындаш, қара сиямен жасалған түзетулер бар. 1, 2, 4, 5, 6, 6а, 7, 8, 11, 16, 18, 24, 27, 31, 32, 33, 35, 45—48, 50—52-беттердің сыртында қызыл қарындашпен қойылған белгілер және музыкалық шудың сипаттамасы бар. Ақ жазу қағазы, қатты картонмен түптелген.

Автордың беттеуі 1—53, архив беттеуі 1—55.

Көлемі 31×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 132

Аталуы «Бекет». 4 акт., 5 суретті күйлі драма».

Тақырыптың алдына «Мұхтар Әуезов» деп автор өз қолымен қалың дәптердің үшінші парағына, латын әрпінде сиямен жазған. Тақырыптың астын қисық сызықпен екі сызған.

«Адамдары: 1. Бекет — батыр, 27 жаста» ...||... «Бір қалыпты тас қамал, шылдыр, шылдыр қу шынжыр. (Өте беріседі. Қоңырау).

Шымылдық».

Латын әрпінде күлгін сиямен, арасында қара қарындашпен жазылған автограф. 42-парақтың екінші бетін қызыл қарындашпен жазған, 43-парақтың 2-беті де көк түсті қарындашпен жазылған. Сызған, қосқан жерлері көп. Түптелген, жолсыз дәптер қағазы. Көбінде қағаздың бір бетіне жазылған. Дәптердің сыртқы беті қатты мұқаба.

Архив беттеуінде 1—53.

Көлемі 21×14,5.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Дәптердің арасында бір парақ қисық жолды дәптер қағазы бар. Сиямен, қарындашпен жазылған цифрлар. 1-беті бөтен адамның қолымен жазылған. 2-бетінде бір-екі жол автордыкі. Театрға арналған сөздер сияқты. Дәптердің ең соңғы бетінде араб әрпінде сиямен жазылған бір жарым бет күнделік бар.

ЛММА. Кпр-1, № 133

Аталуы «Бекет». 4 актылы, 5 суретті күйлі пьеса».

Тақырып және оның алдындағы автордың фамилиясы мен аты машинкаға басылған. Тақырыптан төмен беттің аяқ жағында «Алматы» деп басылған.

«Қатынасушылар: 1. Бекет — батыр, 27 жаста» ...||... «Бір қалыпта тас қамау. Шылдыр, шылдыр қу шынжыр... (Өте беріседі. Қоңырау).

Шымылдық. (Соңы)».

Пьесаның толық түрі. Машинкаға басылған бір данасы. Ешқандай қойылған, түзетілген белгі жоқ. Жазу қағазы ақ.

Машинкада беттелуінде 1—49, архив беттеуінде 1—50.

Көлемі 30×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 134

Аталуы «Абай». (Пьеса в 4-х актах, 7-ми картинах, подстрочный перевод с казахского)».

«1 акт. Первая картина. В темноте из-за занавеса доносятся топот погони, удары сойилов из нарастающего гула голоса: Аттан, аттан (на коней, на коней!).

— Лови!

— Вяжи!» ...||... «Пока не наступит тот день лучезарный, не умру! Имею силу бессмертную, это клятва моя у изголовья твоего. (Снова долгая тишина).

Занавес».

1—8, 37—82-парақтар күлгін сия, 9—36-парақтар жай қарындашпен жазылған автограф. 9—21, 76—82-парақтардың түсі көкшілдеу, қалғандарының түсі сарғыш. 22—24-парақтың оң жақ шеті қайырылған. Түптелген.

Автордың беттеуінде 1—80, архив беттеуінде 1—82.

1—21, 25—57-парақтар көлемі 29×12,5; 22—24-парақтар — 30,5×21,5; 56—82-парақтар — 29×19.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 134

Аталуы «8-нші сурет».

«1. Абай әл үстінде — сол екі бөлме. Ауыз үйде әйелдер, кейін халық келе береді» ...||... «Нені біліп, не көріп кеттің. Сездірмей неге кеттің? Арманың кетті ішінде. Жоқшың болуға жарасам — басқа тілек тілемеспін».

Тақырыптан жоғары автор «7/Х—39 г.» деп жазған.

Көк сиямен латын әрпінде жазылған автограф. Санмен пункттерге бөлген, қызыл сиямен қойылған белгілер бар. Парақтың екінші бетінде пьеса («Абай») кейіпкерлерінің аттары жай қарындашпен жазылған. Қағаздың айнала шеттері жыртыла бастаған. Түсі сарғыш, басқа материалдармен бірге түптелген.

Автордың беттеуінде 27; архивтің беттеуінде 83, бірінші парағы жоқ.

Көлемі 30,5×22.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 134

Аталуы «Акт I. 1-я картина».

«Из-за занавеса — нарастающий гул, топот погони, крики: «Лови! Держи! Держите! Айдара, Айдара вяжи! Бей!». Их перекрывает отчаянный вопль: «Абай!.. Абай-ага!» ...||... «Народ (пришли люди из передней комнаты,— раздаются приглушенные возгласы глубокой скорби):

— О, могучая вершина!

— Светильник неугасимый!

— Родной брат наш!

— Абай-ага! Родимый!

Занавес».

Машинкаға басылған, автордың түзетулері бар. Бірінші бетте қатысатын адамдар жазылған. Түзетулер қызыл, күлгін сия, жай қарындашпен жазылған. Қағаздың түсі сарғыш, кей парақтардың шеті аздап жыртыла бастаған. Түптелген.

Автордың беттеуінде 1—91; архивтің беттеуінде 85—172.

Көлемі 84—166-парақтар 30,5×22,5; 167—172-парақтар 30,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 134

Аталуы «Эпилог».

«(Сцена, те же две комнаты. В передней исхудалые Зура, Мариям, Карлыгаш, Орман, Даулет, мужчины, женщины)» ...||... «Народ (пришли люди из передней комнаты, раздаются приглушенные возгласы глубокой скорби):

— О, могучая вершина!

— Светильник неугасимый!

— Родной брат, наш! Абай-ага, родимый!

Занавес».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Қағаздың түсі сарғыш, түптелген.

Автордың беттеуінде 1—2; архивтің беттеуінде 173—174.

Көлемі 29,5×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 135

Аталуы «4 актылы, 5 суретті тарихи пьеса».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп латын әрпінде басылған.

Пролог. Дала. Жасыл төбенің басы. Алыста тау. Көп ауыл суреттері. Қасымның асы» ...||... «Кәрібоз — уай, тоқта, тоқтат, байлама... Қаруын алдыңдар ғой. Бос алып жүр. Жетеді со да!.. Жүр енді... Тарт! (Бәрі жүріп кетеді. Жоламанды да ұстап алған, оны да алып кетеді).

Шымылдық».

Латын әрпінде машинкаға басылған бір данасы. Автордың күлгін сиямен сызған, түзеткен жерлері бар. Сарғыш жазу қағазы, түптелген, сыртында сұр мұқабасы бар.

Машинканың беттеуінде 1—68; архив беттеуінде 1—69.

Көлемі 29,4×20.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Архив беттеуінде 69-бетте мұқабаның ішкі бетінде араб әрпінде күлгін сиямен жазылған 10 жол Әуезовтің автографы («Алма бағы» пьесасынан диалог) бар.

ЛММА. Қпр-1, № 136

Аталуы «Дос-Бедел дос» (Қиял). 3 акт. 5 суретті, прологті пьеса».

Тақырып және оның алдындағы автордың фамилиясы, аты машинкаға басылған. Бірінші беттің төменгі жағында «Алматы — 1957 жыл» деп басылған.

«Адамдары: Бедел Бегенович Бегенов — молла, учитель, профессор» ...||... «Шәріп. Жасасын, жасасын!» — деген қуаныш сөздермен шат жүзді қалың шұбар топ бері қарай баса береді... Шымылдық жабыла бастайды.

Соңы. 17 июнь, 1958».

Пьесаның толық түрі. Машинкаға басылған бір данасы, түзету қосымшалары көп емес. Машинканың беттеуі бойынша 5-бетте автордың сиямен жазған қосымшасы бар. Сарғыш жазу қағазы.

Соңында 2 бет ақ қағазға машинкаға басқан адам аттары, екінші бетінде автордың оларға берген түсініктемесі бар, сиямен жазған.

Архивтің беттеуінде 1—77.

Көлемі 29,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 137

Аталуы «Дос-Бедел дос. Досым». «Қиял». «Үш актылы, 5 суретті интермедиялы пьеса».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған. Тақырыптың жоғарғы жағынан автор күлгін сиямен «Дос-Бедел дос» деп жазып, астын қос сызықпен сызған, ал «Досым», «Қиял» деген сөздер мен бірінші беттің төменгі жағындағы «Алматы — 1957 жыл» дегендер машинкаға басылған.

«Адамдары: 1. Бедел Бегенович Бегенов — ірі оқымысты, тарихшы» ...||... «Еңбектеріңіз молая-молая берсін. Жасасын, жасасын! — деген қуаныш сөздермен шат жүзді қалың шұбар топ бері қарай баса береді... Шымылдық жабыла бастайды.

Соңы».

Пьесаның толық түрі. Машинкаға басылған бір данасы. Барлық беттерінде автордың әр түрлі сиямен, қарындашпен түзетулері бар. Жазу қағазы ақ.

Машинканың беттеуінде 1—95, архив беттеуінде 1—97.
Көлемі 30×21.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 138

Аталуы «Дос-Бедел дос» (Қиял). Үш актылы, 5 суретті,
прологті пьеса».

Тақырып алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған. «Интермедиялы» деген сөзді автор сызып «прологті» деп сиямен үстінен жазған. Бірінші беттің төменгі жағында «Алматы — 1957 жыл» деп жазылған.

«Адамдары: Бедел Бегенович Бегенов — молла, учитель, профессор» ...||... «Шәріп — жасасын, жасасын! деген қуаныш сөздермен шат жүзді қалың шұбар топ бері қарай баса береді... Шымылдық жабыла бастайды.

Соңы».

Машинкаға басылған көшірме, пьесаның толық түрі, барлық беттерінде автордың түзетулері, сызғандары бар және көк сиямен қайта беттелген. 21, 77-беттер автордың сиямен жазған автографы, 19, 25, 41-беттердің екінші бетіне сиямен, қарындашпен қосымшалар жазған. Ең соңғы бетте пьесаның біткен жерінде «14 январь, 1958 жыл» деп басылған. Ақ жазу қағазы.

Автордың беттеуінде 1—83; архив беттеуінде 1—80.
Көлемі 30,5×21.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 138

Аталуы «План № 1. Дилогияның екінші пьесасы».
«Елу жылдан соң» (Жарым ғасыр соңында).
Екі мың оныншы жылы («Жарым ғасыр өткен соң»).

Автор екінші пьеса жазбақшы болып, жоспар құрған. Оны «Дос-Бедел дос» пьесасының жалғасы ретінде дилогияның екінші пьесасы деген, оған жоғарыдағыдай тақырып аттарының варианттарын тізген.

«Адамдары: 1. Бедел Бегенович. 2. Сана» ...||... «Қазір қыз атағы қанат қыз жарға жоғары мегзер жұлдыз жар болды».

Көк сиямен жазылған автограф. Жоспар XI бөлімнен тұрады. Сызған, өшірген жерлері аз. 1, 3-парақтары бөлек, 1-бетінде пьесаның қатынасушыларын тізген. Кең жолды қалың дәптердің 1-парағына жазылған. Дәптер архив беттеуі бойынша 81-беттен басталады. Папканың алдындағы беттерінде «Дос-Бедел дос» пьесасы бар. Дәптердің сыртқы мұқабасы сарғыш.

Автордың беттеуінде 1—16, архив беттеуінде 81—89.

Көлемі 20,3×16,8.

Сақталуы жақсы.

Р S. 7, 81, 88, 89-парақтарда осы жоспарға қатысты сиямен, қарындашпен орысша жазған 4 беті бар.

ЛММА. Кпр-1, № 138

Аталуы «Қиял», яки «Дос-Бедел дос», немесе «Досым».

Автор тақырыпты жоғарыдағыдай үш түрлі атап, сиямен жазып, астын сызып, тырнақшаға алған.

Тақырыптан төмен «Москва, август 1957 ж.» деп жазған.

«(Интермедия, жазылған) адамдар» ...||...«Бәрикалла, бәрикалла, Орман афенді рахмет, рахмет».

Сиямен жазылған автограф. Сызылған жерлері бар, автор блокнотқа пьесаның адамдарын тізіп, «бірінші акт» деп бастап, тақырыптан басқа 3 бет жазған. Сыртында Кремльдің суреті бар түсті блокнот, парақтары сыммен бекітілген.

Архив беттеуінде 90—93.

Көлемі 20×14,3.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 139

Аталуы «Дос-Бедел дос» (пьеса, 1958)».

3 акт., 5 суретті, прологті пьеса. Октябрьдің 40 жылдығына арнаймын».

«Қазақ әдебиеті» газеті, 11—18 июль 1958 ж.

«Пролог. Бедел кабинетіне сөйлей кіреді. Сана мен Гүлжан оның сөзін шала тыңдап, өздерінше қарбаласады» ...||... «Шәріп — жасасын, жасасын!— (деген қуаныш сөздермен шат жүзді қалың шұбар топ бері қарай баса береді. Дабырлап сөйлеп, күлісіп келе жатқан әр жастағы оқымысты ерлер, әйелдер жүздері көріне бастайды. Жарық молайып, музыка ойнай береді. Шымылдық жабыла бастайды).

Соңы».

11-июльдегі санының екінші, үшінші беттері, 18-июльдегі санының үшінші бетіне тұтас басылған. Газет қағазы сарғыш тартып ескіре бастаған.

Аталуы «Друг — Бедель друг». (Фантазия. Пьеса в 3-х актах, 5-ти картинах с прологом, подстрочный перевод. Алма-Ата, 1958.г.)».

Тақырыптың алдында «Мухтар Ауэзов» деп жазылған.
«Действующие лица: ...»

Пролог

Кабинет Беделея. Возбужденный Бедель говорит на ходу.
Сана и Гюльжан озабочены своими хлопотами» ...||... «Вот верите, ныне дошел и он до своего конца, дошел и я до своего конца! (В это время идет заметный спор и перебранка среди женщин: Кульпаш, Сана, Шарапат, Биби)».

Көк сиямен жазылған автограф. 1—43-түптеулі дәптер, 44—56-парақтар, бөлек-бөлек қағаздар (дәптерден жыртып алынған). Қағаздары тор көзді. 1—46-парақтардың түсі сарғыш, қалғандары ақ.

Автордың беттеуінде 1—43, 1—19; архивтің беттеуінде 1—56.

Көлемі 1—43-парақтар 20×14,5; 45—46-парақтар 20,6×17
Сақталуы жақсы.

—I—

«Бедель (Жаппасу): Ты прав в одном, истинно ты на всю мою жизнь идешь моей черной тенью. Рядом со мной, вот тебе и вся истина...» ...||... «Просят, так исполни их желания! Кинь свою правду им прямо, ударом в лицо. Даже эта Сана злится на тебя. Выскажись!».

Машинкада басылған, көк сиямен автордың түзету, өзгертулері бар. Қағаздың түсі ақ.

Бұрынғы беттелуінде 1—12; архивтің беттеуінде 57—67.

Көлемі 28,5×20,5.

Сақталуы жақсы.

«Орман—Пусть скажет. Говорите вы, джигит!» ...||... «Гюльжан — Тогда займи место для меня возле себя. Я скоро (Шарипу). Да, вы что-то хотите сказать мне, товарищ Шарип?».

Көк сиямен жазылған автограф. 68-парақтың екінші бетінде: «ГЗ —30—83» деп күлгін сиямен жазылған жазу бар. Торкөзді ақ қағаз.

Автордың беттеуінде 13—25; архивтің беттеуінде 63—80.
Көлемі 20×17.
Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 140

«Шарип (смущенный) — Гульжан... Дорогая, драгоценная! Такая вы красивая, такая тонкая, умная, Гульжан» ...||... «Шумными, радостными возгласами продолжает входить нарядная толпа гостей. Среди них и почетные мужчины, женщины, также много молодежи. Света все больше, играет музыка. Медленно закрывается занавес.

Конец».

Машинкада басылған. Автордың көк сиямен түзетіп-өзгерткені бар. Қағаздың түсі ақ.

Бұрынғы беттелуі 1—11; архивтің беттеуінде 81—92.

Көлемі 29×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 140

Аталуы «Друг — Бедель друг». (Фантазия. Пьеса в 3-х актах, 5-ти картинах с прологом, подстрочный перевод. Алма-Ата, 1958 г.)».

Тақырыптың алдында «Мухтар Ауэзов» деп жазылған.

«Действующие лица: Бедель Бегенович — мулла, учитель, профессор» ...||... «Голоса гостей:—... (Света все больше, играет музыка. Медленно закрывается, занавес.

Конец)».

Пьесаның толық түрі. Көк сиямен жазылған автограф және машинкаға басылған беттер аралас. Көк сиямен және қызыл қарындашпен жазылған түзетулер бар. Қосылған беттер де көп. Автордың беттеуіндегі 1—25-беттер, 43-беттен кейін тұр. Одан әрі 2—12-беттер машинкаға басылған, содан соң 13—20-беттер тағы да автограф, ең соңында 2—11-беттер машинкаға басылған. Тор көзді қалың дәптер мен ақ жазу қағазы. 1—43-беттер дәптер, ал қалғандары түптелмеген.

Автордың беттеуінде 1—43; 1—25; 13—20, архив беттеуінде 1—92.

Қалың дәптер мен сызықты қағаздардың көлемі 20×14,4; 20×17, қалғандары 28,6×20,3.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Автордың беттеуіндегі 20-бет жоқ.

Аталуы «Құм мен асқар биік». 1. Әдеби сценарий».

Тақырыптан жоғары «Арша» деп жазылған.

«Түн. Қойлы ауылдың қотаны. Түн аспанының қақ жартысын қаптаған кара қошқыл түйдек-түйдек бұлттар ауыл үстіне қарай төніп келеді» ...||... «Есім маңдайынан сүйеді... Көз алдына басшыға берген уәдесі, қол алысқаны келеді. Қуана күледі. Аяғы».

Қара қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. Автордың өзінің кара сия, қоңыр түсті қарындашпен түзеткендері бар. Сарғыш жазу қағазы. Сұр мұқабасы бар. Түптелген. Автордың беттеуінде 1—27, архив беттеуінде 1—27.

Көлемі 31×21.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Кісілері».

«... 3. Ержан. 4. Көшек. 5. Бопай, 6. Құдайменде. 7. Қарашаш (қыз) — төрелер» ...||... «Бұдан былай зар заман сахнадан шығып кеткен соң да тозып, жоғалып, сөніп бара жатқан сарын келіп жатады...»

Араб әрпінде сия қарындашпен жазылған автограф. Архив беттеуінде 29-беттің сыртына автор қызыл сиямен «Нысанбай сөздері» деп жазған. Соңғы екі парақтың екі жағына да жазылған. Ақшыл жазу қағазы. Түптелген.

Архив беттеуінде 28—31.

Көлемі 34×22.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Ескі әннің жаңа сөзі».

«Осы кісіні бір көрсем бұның ән жүрегін қақ жарған арманы еді» ...||... «Өсиетінді ақтармын, сенің бір ұшқының боп өзіне ұқсап бағармын деп ұзақ қарап еді».

Араб әрпінде күлгін сия, кара қарындашпен жазылған автограф. Архив беттеуінде 33-парақтың екі жағына да жазылған.

Сарғыш жазу қағазы. Түптелген. Мұқабасы бар.

Автордың беттеуінде 1—4; архив беттеуінде 32—35.

Көлемі 31×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 142

Аталуы «Абай» (Сценарий). Редакция и текст русского варианта М. Блейман».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Ауэзов». «На правах рукописи» деп басылған.

«Страшное лето. Выгоревшая степь. Земля, растрескавшаяся под жарким казахским солнцем, закаленная как гончарная обожженная глина» ...||... «Кокпай осекается. Но Абай садится рядом с Карлыгаш и юная голова девушки склоняется на его грудь.

— Продолжай, Кокпай! — говорит Абай. — Продолжай! В том, что ты написал, есть уже две хорошие строки. А это уже начало!».

Кітапша боп басылған. Сыртқы бетінде «1943» деп жылы қойылған. Сыртқы мұқабасының шетінде «т. Жумину» деп сиямен жазылған сөз бар. Мұқабасында: «И текст русского варианта» деген сөзді жасыл сиямен өшірген. Түптелген, жұқа сұр мұқабасы бар.

Архив беттеуінде 1—56.

Көлемі 21,5×14,4.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 143

Аталуы «Абай» (Сценарий)».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов, Григорий Рошаль (Ефим Арон катынасуымен)» деп жазылған.

«Қатынасушылар: Абай — Айдар, Шәріп, Көкпай... Қазақтың ен сахрасы. Ескі молаларда тас бейнелер, ескі қорған көрінеді» ...||... «Селеу басын жел теңселтеді. Шексіз кең қазақ сахрасы. Күрсініп соққан жел ақ селеуді теңіз бетіндей толқытып жатыр.

Соңы».

Бірінші бетінде «Сценарий»— дегеннің алдында «Әдеби сценарий» деп жазып, кейін өшірген. 1-бетте «Алма-Ата». 1944 ж.» деп жылы қойылған. Құлгін сиямен жазылған автограф. Қағазы сарғыш. Қағаздың екінші бетінде бұрын басылған бөгде текст бар. Түптелген, мұқабасы көкшіл.

Автордың беттеуінде 1—65, архив беттеуінде 1—67.

Көлемі 30,8×20,2; 29,9×12; 31×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 144

Аталуы «Абай». (Лит. сценарий)».

«Часть первая

По склону невысокого холма, покрытого весенним ковьям, поднимаются четыре всадника» ...||... «Под стройный, но затихающий вдали хор детей, говорит с благодарным, счастливо улыбающимся лицом, Али Заде: О милый, родной Абай-ага! Как много друзей у тебя! Как я завидую тебе».

Пьесаның толық түрі. Машинкаға басылған, қолмен жазылған. Машинкаға басылған беттердің ішінде автордың өзінің қолымен, сиямен қосқан, сызған жерлері бар. Қағаздың екі бетіне де басылған. Жақтау жиегінде қосымшалар бар. Қағаздың екінші беттерінің біразы беттелген, біразы беттелмеген. Беттелмеген беттері сызылып тасталған, сарғыш, жазу қағазы. Түптелген, мұқабасы сұр.

Автордың беттеуінде 1—69; архив беттеуінде 1—45.

Көлемі 28×19,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 144

Аталуы «Абай». (Лит. сценарий)».

Тақырыптың алдында «Мухтар Ауэзов» деп жазылған. «Зима. По широкому лугу, заросшему кустарниками, березовой рощицей, течет незамерзающая река Баканас» ...||... «Потому что завтра приезжает мой жених и я выхожу замуж. Грустно вздохнул Айдар...»

Күлгін сиямен жазылған автограф. Қағаздың екінші бетінде бұрын жазылған бөгде текст бар. Жазу қағазы сарғыш. Мұқабасы бар. Түптелген.

Автордың беттеуінде 1—15; архив беттеуінде 47—61.

Көлемі 30×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 145

Аталуы «Абай» (Литературный сценарий)».

Тақырыптың алдында «Мухтар Әуезов» деп жазылған.

144-папканың 1—45 бетіндегі текст қайталананды.

Күлгін сиямен жазылған автограф. 1—8-парақтардың екі жағына да жазылған. Қалған парақтардың екінші бетінде материал басылған. Автор өзі сиямен беттеген. Сарғыш жазу

қағазы, түптелген, мұқабасы сұр. Архив беттеуіндегі 35-беттің сыртында автордың қызыл қарындашпен «Для машинистки» деп жазғаны бар.

Автордың беттеуінде 1—91; архив беттеуінде 1—88.

Көлемі 30,2×21,7, 29×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 146

Аталуы «Абай» (Кинодрамасы)».

«I бөлім

Биіктеу жасыл төбенің басына қарай төрт салт атты өрлеп келеді. Қылаңы мен бараны аралас семіз сұлу аттар бастарын шұлғи тастап жіті басады» ...||... «Жалғыз биік мен... бірін әділетсіз өлім алып кетті, бірін қараңғы жауыздық ертіп әкетті... кім қалды... неге қалдым мен жалғыз?!... Тағы жалғыз?!... деп сенделгендей кетіп барады».

Ұзын жолды жазу қағазына күлгін сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Сызған, өшірген жерлері бар. 5, 34, 22-беттердің жақтау жиегінде шартты белгілер арқылы сөз қосқан. 13-беттің сыртындағы жазуды сызып тастаған. Бірінші беттің басына «I бөлім», 28-беттің ортасына «II бөлім, IV бөлім»— деп қызыл қарындашпен жазып астын сызған.

Автордың беттеуінде 1—52 (екі жағы бірдей беттелген), архивтің беттеуінде 1—27.

Көлемі 33×21; соңғы бір беттің көлемі 30×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 146

«Жігіт пен қыздар тобы. Жолы болсын жігіттің, жау мұқатсын, жорық жолын жегумен сауықтатсын. Хан мерейін көтеріп ер еңбегі. Досы күліп дұспанын таңырқатсын — қайырма» ...||... «Жігіттер тобы:

Ендеше жігіт неге өрлемесін.
Жексен қып жауын неге жерлемесін,
Жалғыз-ақ орайына жар қуантсын
Қайтқанда орнын сипап терлемесін.

Қ а й ы р м а».

Кереге көз және ұзын жолды бір парақ жазу қағазының екі бетіне күлгін сиямен араб әрпінде жазылған автограф. Бүктелген жері кірлеп, қырқылып тозған. Түптелген.

Архивтің беттеуінде 28—55.

Көлемі 34,2×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 146

«... нағыз толып, кемеліне жеткен жылы» деп санауға керек» ...||... «Басқа сөзді Қасымбек пен Мұсатай айтар. Жолдастарға көп сәлем. Құрбыға айрықша. Қаныш. 9/III—25 жыл» [аяғына қолын қойған]. Қойын дәптердің торкөз бір парағының екі жағына күлгін сиямен, араб әрпімен Қаныш Сәтбаев жазған автограф. Бұрынғы беттеуінде 5—6, архивтің беттеуінде 56. Көлемі 12,3×9. Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 147

Аталуы «Из дали веков».

Тақырыптың алдында «Әуезов Мұхтар» деп басылған. «Лица: 1. Алуа, Сатай — ее отец... Часть первая. Ненастная ночь. Аул бая Дулата в юртах» ...||... «Я заканчиваю свое слово. Я заканчиваю с единственным вопросом. Это вопрос чести, это вопрос нашего века, это вопрос всех женщин и девушек Азии: будет ли конец этому ужасу? Когда? Теперь Алуа с этим вопросом обращается не только к залу, а будто ко всем зрителям, ко всему миру.

Конец».

Машинкаға басылған бір данасы. Автордың көк, күлгін сиямен және қызыл қарындашпен түзетулері, сызғандары бар. Кейбір бетте басқа адамның да түзетулері бар. Ақ жазу қағазы. Түптелген.

Біраз беттерде автордың беттеуі бар.

Архив беттеуінде 1—117.

Көлемі 30,5×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 148

Аталуы «Күм мен асқар биік» (Әдеби сценарий)».

«Түн. Қойлы ауылдың қотаны. Түн аспанының қақ жартысын қаптаған қара қошқыл түйдек-түйдек бұлттар ауыл үстіне қарай төніп келеді» ...||... «Есім маңдайынан сүйеді. Көз алдына басшыға берген уәдесі, қол алысқаны келеді — қуана күледі».

Сарғыш түсті жазу қағазына араб әрпінде қара қарындашпен жазылған автограф. Қара қарындаш, қара сиямен

түзеп, кейбір жолдарды сызып тастаған. Бірінші беттің басына «Арша», екінші жақ сыртына: «Сценарий бәйгесіне», «Құм мен асқар биік», «Арша» деп қара қарындашпен араб әрпінде жазып, астын сызған. 27-беттің екінші жағына қара, сарғыш дақтар түсіп, күлгін сия тамып кірлеген. Түптелген. Қатты қағаздан көкшіл түсті мұқабасы бар.

Автордың беттеуінде 1—27; архивтің беттеуінде 1—27

Көлемі 32×20,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 148

«Кісілері: 1. Кене. 2. Наурызбай. 3. Ержан» ...||... «Сахнадан шығып кеткен соң да тозып, жоғалып, сөніп бара жатқан сарын келіп жатады...».

Ақшыл, сарғыш түсті жазу қағазына қара қарындашпен араб әрпінде жазылған автограф. 29-бет толғау өлең, сыртына қызыл сиямен, араб әрпімен «Нысанбай сөздері» деп автордың өзі жазған. Бүктелген жері қиылып жыртылған. Түптелген.

Архивтің беттеуінде 28—31.

Көлемі 28-бет 32×21,5; 29, 31-беттер 35×21,5.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, №148

Аталуы «Ескі әннің жаңа сөзі».

«Ол кісіні бір көрсем деген бұның... жүрегін қақ жарған арманы еді» ...||... «Сенің өсиетінді ақтармын, сенің бір ұшқының боп өзіне ұксап бағармын деп ұзақ қарап еді».

Сарғыш түсті жазу қағазына қара қарындаш, күлгін сиямен жазылған автограф. Аздап түзетіп сөз қосқан, кей жолдарды сызып тастаған. Түптелген.

Автордың беттеуінде 1—3; архивтің беттеуінде 32—35.

Көлемі 35×21,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 149

Аталуы «Большая судьба».

Тақырыптың алдында: «Әуезов Мұхтар» деп, бірінші бетте «Алма-Ата, 1952» деп басылған.

«Лица: 1. Алуа. 2. Сатай — ее отец. Часть первая. Ненасная ночь. Аул бая Дулата в юртах» ...||... «С этим вопросом Алуа обращается не только к сидящим в зале, она смотрит с экрана на публику и кажется, что она теперь обращается со

своим вопросом истории ко всему человечеству, всему миру».

Машинкаға басылған бір данасы. Ешқандай түзетілген, қойылған белгілер жоқ. Ақ жазу қағазы.

Машинканың беттеуінде 1—181; архив беттеуінде 1—183.
Көлемі 30,5×21.

Сақталуы жақсы. Соңғы беттің шеті аздап жыртылған.

ЛММА. Кпр-1, № 150

Аталуы «**Большая судьба**».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп жазылған. Бірінші бетінде «Из дали веков» деп басылған тақырыпты автор сызып, үстінен күлгін сиямен «Большая судьба» деп жазған.

«Лица: 1. Алуа. 2. Сатай — ее отец» ...||... «Айналайын, какое прекрасное имя! И мед, и душа. Прямо сладко. С аппетитом можно проглотить» — выражение, обозначающее красоту и нежность женщины (особенно молодых) И. П. Это выражение должно быть в Ауэзовском подстрочнике. Не знаю, как он перевел».

Машинкаға басылған, 28-беті бөгде адамның қолымен жазылған. Архив беттеуінде 62-бетке дейін Әуезовтің өзінің сиямен, қызыл түсті қарындашпен түзегендері бар. 62-беттен бастап басқа адам сызған, редакциялаған. Жазу қағазы ақ. Түптелген.

Архив беттеуінде 1—144.

Көлемі 30,5×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 151

Аталуы «**Большая судьба**».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп басылған. Бірінші бетінде «Алма-Ата, 1952» деп басылған.

149-папкадағы текст қайталананды.

Машинкаға басылған бір данасы. Архив беттеуінде 178—208-парақтар автордың сиямен, қарындашпен жазған қолжазбасы, түзетулері, сызған, қиған жерлері бар. Ақ жазу қағазы.

Архив беттеуінде 1—265.

Көлемі 30,5×21; 198, 201, 204-беттердің 17,2×20,5; 22×21; 20,9×8.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Большая судьба». (Киносценарий)».

Тақырыптың алдына «Ауэзов Мухтар» деп басылған. Бірінші бетте тақырыптан кейін «Такой женщины не было и не могло быть в старое время» және «Литературно-творческая консультация Борис Липатов» деп басылған. «Алматы — Москва. 1953» деген сөздер бар.

«Первая часть. Ночь... Жестокий шквал разгулялся в степи. Вихри песку и сухой колючей травы несутся, стремясь над землей» ...||... «Потому что наша конференция женщин Азии, уже историческая сама по себе не может не заслужить удивления современников, не может вызвать благодарного воспоминания в будущем. Потому что здесь мы сказали: — Мир — мир!»

Конец».

Машинкаға басылған, түзетілген әріп қателері жоқ, тек шамалы беттерде кейбір сөздердің асты жай қарындашпен сызылған. Сарғыш жазу қағазы.

Машинканың беттеуінде де, архив беттеуінде де 1—125.

Көлемі 30,2×20,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Зор талай». Киносценарий (әдебиеттік түрі)».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов» деп басылған. Беттің төменгі жағында «Алматы, 1952 жыл» делінген. Келесі бетінде «Әйел жолы» — кино-әңгіме деп басылған.

«Күздің дауылды күні. Дулат байдың ауылы ықтырмамен күзеуде отыр» ...||... «Алуа сол сұрағымен енді залға ғана қарап тұрған жоқ, экранға, барлық көруші жұртқа, дүниеге, әлемге қарап, тарих сұрағын тастап тұрған тәрізденеді».

Машинкаға басылған бір данасы. Түзетілген, сызылған жерлері жоқ. Түптелген, сырты қоңыр мұқабамен қапталған.

Архив беттеуінде 1—174.

Көлемі 29×19.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Зор талай». Киносценарий (әдебиеттік түрі)».

Алматы — 1952 жыл».

Тақырыптың басына «Мұхтар Әуезов» деп жазылған.

«Күздің дауылды түні. Дулат байдың ауылы ықтырмамен күзеуде отыр» ...||... «Алуа сол сұрағымен енді залға ғана қа-

рап тұрған жоқ, экранға, барлық көруші жұртқа, дүниеге, әлемге қарап тарих сұрағын тастап тұрған тәрізденді. Аяғы».

Машинкаға басылған бір данасы. Алты бөлімнен құралған қолжазбаның әр бөлімі жеке-жеке беттелген. Бірінші, екінші бөлім 1—36; үшінші бөлім (1928 жыл) 1—35; төртінші бөлім, бірінші сцена 1—31; бесінші бөлім (1939 жыл) 1—36; алтыншы бөлім 1—36. Белгісіз адамның қолымен, қызыл қарындашпен беттелген сандар түптеп кескен кезде жартылай қырқылып қалған. Автордың қол тигізіп түзеткен белгілері жоқ.

Архив беттеуінде 1—74.

Көлемі 29×25.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 155

Аталуы «Зор талай». Киносценарий (әдебиеттік түрі).
Алматы. 1952 жыл».

Тақырыптың басына «Мұхтар Әуезов», екінші беттің басына «Әйел жолы» кино-әңгіме, бірінші бөлім» деп жазылған.

«Күздің дауылды түні. Дулат байдың ауылы ықтырмамен күзеуде отыр» ...||... «Алуа сол сұрағымен енді залға ғана қарап тұрған жоқ, экранға, барлық көруші жұртқа, дүниеге, әлемге қарап тарих сұрағын тастап тұрған тәрізденді».

Машинкаға басылған бір данасы. Көлемі біркелкі ақшыл және сарғыш түсті жазу қағазы. Төртінші, бесінші беттің арасына сарғыш түсті қағазға машинкаға басылған төрт бет қосылған. Автор әр бөлімін жеке-жеке беттеген. Алты тараудан тұрады. Сызып, түзеткен беттер, жолдар, қойылған белгілер өте көп. 110—118-бетке дейін күлгін сия, 119—123-бетке дейін қара қарындашпен қиғаштай сызып, артынан қайта түзеткен. 124—128-беттер аралығына сарғыш қағазға машинкамен басылған бес бет, 135—136 беттің аралығына екі бет қосып, 136а, 136б деп жазылған. Осы қосылған беттерді күлгін сиямен сызып, қысқартып, сөз қосып, көбірек түзеткен. Түптелген.

Архивтің беттеуі бойынша 1—183.

Көлемі 29×20. Арасына қосылған 13 беттің көлемі 38×25.

Сақталуы орташа.

ЛММА. Кпр-1, № 156

Аталуы «Зор талай». Киносценарий (әдебиеттік түрі).
Алматы. 1952 жыл».

Тақырыптың басына «Мұхтар Әуезов» деп жазылған.

155-папкадағы текст қайталанарды.

Машинкаға басылған бір данасы. Автордың түзетіп, сөз

жосқан белгілері жоқ. Әр бөлімді жеке-жеке беттеген: бірінші бөлім (1916), екінші бөлім (1926) 1—36; үшінші бөлім (1928) 1—35; төртінші бөлім, бірінші сцена 1—30; бесінші бөлім (1939) 1—36; алтыншы бөлім 1—36. Ақшыл жазу қағазы.

Бұрынғы беттеуінде 1—173.

Архивтің беттеуі бойынша 1—174.

Көлемі 29×25.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 157

Аталуы «Путь женщины или ее доля». (Киносценарий).

Часть I».

Тақырыптың алдында «Мұхтар Әуезов», «г. Алма-Ата, 1952 г.» деп басылған.

«С непогожей, ураганной, бурной ночи начинается этот фильм. Над окрестной степью, над юртами раскинувшегося на живописном холме аула, полыхают мятежные огни непрерывных молний» ...||... «В кадрах проплывают взволнованные лица делегатов разных национальностей. И по тревожному блеску их глаз, по улыбкам, по всеобщему возбуждению в зрительном зале мы догадываемся, что многие из этих женщин уже внутренне готовы к правильному ответу на вопросы, поставленные делегаткой Советского Союза.

Конец».

Машинкаға басылған бір данасы. Түзетілген, сызған жерлері жоқ. Архив беттеуінде 121-бетте автордың өзі бір ғана жолды сызып, қосымша белгісін қойған. 4 жол қосымша сиямен жазған.

Архив беттеуінде 1—131.

Көлемі 30,5×20,8.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 158

Аталуы «Большая судьба».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп басылған.
«Лица: 1. Алуа. 2. Сатай — ее отец... Ненастная ночь. Аул бая Дулата в юртах» ...||.. «С этим вопросом Алуа обращается не только к сидящим в зале, она смотрит с экрана на публику и кажется, что она теперь обращается со своим вопросом истории ко всему человечеству, всему миру.

Конец».

Бірінші бетте «Такой не бывало». Литературный вариант сценарий (подстрочный перевод с казахского) және «Москва, декабрь, 1951» деп басылған. Келесі бетке «Большая судьба» деп басқан. Машинкаға басылған бір данасы. Автордың сиямен түзетулері бар. Көбінде басқа адам түзетіп, редакциялаған. 162-беттен бастап автордың беттеулері бар. Сарғыш, ақ жазу қағазы.

Архив беттеуінде 1—184.

Көлемі 29,5×20,7; 29×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 159

Аталуы «Такой не бывало». (Литературный вариант сценария, подстрочный перевод с казахского)».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп жазылған. Басқы беттің соңында «Москва, декабрь, 1951 года» делінген.

«Лица: 1. Алуа. 2. Сатай — ее отец... часть первая. Ненастная ночь. Аул бая Дулата в юртах» ...||... «Алуа сердечно поздравляет его и Балжан.— Молодчина, Балжан. Как я рада вам. Сексен смеется: — Не хвали, а подражай. Весело целуются вновь родные.

Конец».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Автордың беттеуінде 1—5 бөлімдері 74 бет, 6—7 бөлімі 30 бет болып бөлек беттелген. Қалың жазу қағазы және кіші форматты клеткалы дәптер қағазы.

Архив беттеуінде 1—106.

Көлемі 28,6×20; 20,5×24.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Архив беттеуінде 107—115-бетте 7-бөлімнің машинкаға басылғаны бар. Ешқандай түзету, сызған белгілер жоқ.

ЛММА. Кпр-1, № 160

Аталуы «Путь женщины» (подстрочный перевод с казахского)».

Тақырыптың алдында «Ауэзов Мухтар» деп басылған. Тақырыпты автор өзі сиямен жазған. Басқы беттің соңында «Москва, декабрь, 1951 года» деп басылған.

«Лица: 1. Алуа. 2. Сатай — ее отец... часть первая. Ненастная ночь. Аул бая Дулата в юртах» ...||... «Чтобы не раздражаться самой и не раздражать Вас, я бы предпочла больше не встречаться с Вами.— Очень правильно. Нельзя поже-

лать лучшего нам обоим! Отходит Арман по-прежнему приподнятый, независимый».

Машинкаға басылған. Автордың қолжазбасы 48 бет қосымшалар. Автордың қосымша бар жерге қойған белгілері бар. Барлық беттерде автордың түзетулері, сызғандары, редакциялағандары бар. Қызыл қарындашпен, сиямен түзелген. Сарғыш жазу қағазы, қосымшалар блокнот қағазына жазылған. Архив беттеуінде 95-бетте машинканың беттеуіндегі 52-бетке делінген 4 бет қосымша дұрыс беттелмеген. Архив беттеуінде 61—64-беттерде тұр. Түптелген.

Архив беттеуінде 1—95.

Көлемі 28,7×20,5; 17,5×13,5; 15×15.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 160

«Какая была и какой Алуой стала? Поведи за собой женщин этого района» ...||... «Оглянулись в ту сторону и Алуа с Марданом. Доходят до них отрывки разговоров... Нахмуренные, бледные лица... Люди повторяют одно слово «война, война!» «Фашисты, война» ... Озабоченная, строгая медленно шагает к репродуктору Алуа, губы шепчут неволью «война, война».

Сиямен жазылған автограф. 2 бетте машинкаға басылғаны бар. Жазу қағазы ақ.

Автор беттеуінде 1—35, архив беттеуінде 96—130.

Көлемі 30,5×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 160

Аталуы «Часть четвертая. Весна 1931 года».

«Трехэтажный каменный дом, здание Обкома партии» ...||... «Так мое имя. Балжан! Бал-Жан! Айналайын твое имя! И бала и Жан... И мед, и душа! Такая сладкая, как ягодка... подуть и в рот взять. Они смеются довольные встречей».

Машинкаға басылған, ешқандай түзету, сызған белгілер жоқ. Сарғыш жазу қағазы.

Архив беттеуінде 131—208.

Көлемі 28,8×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 160

Аталуы «Литература по сценарию».

«1. Доклад международной жен. комиссии по установлению... «Новое время», № 17.

2. Советская этнография, 1949, №4.

3. Советская женщина, 1947, № 2.

4. Новое время, 1951, № 10.

5. Новое время, 1950, № 4.

6. Гагарин З. Н. Полит. и эконом. положение женщин в капиталистических странах. Изд-во «Правда», 1951.

Архив беттеуінде 210-бетте «Имена корейских женщин» деп автордың жазғаны бар. Сиямен жазылған автограф.

Архив беттеуінде 209—210.

Көлемі 20×11,6; 20,5×14,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 160

Аталуы «Гагарин. Положение женщин в кап. странах».

Сценарийға байланысты автордың қараған кітабынан жазып алынғандары.

Беттерін көк қарындашпен жазып отырған. Кейбір жерлерін қызыл қарындашпен сызған. Жазу қағазы ақ.

Архив беттеуінде 211.

Көлемі 28,7×20,3.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 160

Аталуы «Төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші бөлімнің және эпилогтің планы».

«1931 жылдың көктемі (тарихтан цитата). Обком партия кеңесі» ...||... «Алуа совет әйелі өкілі. Сонша сұлу, сондай өскен. Өзі сонда 40 қана жаста».

Сиямен жазылған автограф. Беттердің шет-шетінде түсті қарындашпен сызғандары бар. Бөлімдердің қысқаша планы.

Автордың беттеуінде 1—8; архив беттеуінде 214—221.

Көлемі 28,6×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 160

Аталуы «Үшінші бөлім. 1928 жыл. «Қазақ ССР тарихынан» цитата».

«Музыкада жаңағы сыбызғының күйі, Алуаның әні. Ол қазір жаңғырып өскен, түлеп өскендей, ұлғая, тереңдей түскен» ...||... «Үй ішінде босағадан баспалап Доғал, бәйбішелері көз алмай қарасып тұр. Олар да ақырын «келіп қалды», «жетіп қалды» десіп үркісе айтысады. Алдыңғы аттылардың қатарынан озыңқырап шыққан екі адам бар. Біреуі боз жорғаға мінген қызмет...».

Үшінші бөлімнің жоспарының машинкаға басылған екі беті. Автордың сиямен түзегендері және 2-беттің жиегіне жазған қосымшасы бар. Аяғы жоқ. Сарғыш жазу қағазы.

Архив беттеуінде 222—223.

Көлемі 29×20,8.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 160

Аталуы «Төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші бөлім».

«1931 жылдың көктемі (тарихтан цитата). Облыстық қала орталығында үш этажды тас болат үй» ...||... «Азда үйге кіріп шаттық, қуаныш арасында Сексек пен Балжан жөргектегі өздерінің кішкентай баласын әкеп Алуаға ұсынады да, мақтана қарасады. Алуа бұларды құттықтап қол шапалақтайды. Сексек — Қол шапалақтама... Одан да елікте, Балжанға елікте. Күлкі... Соңы».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші бөлімдердің толық түрі. Архив беттеуіндегі 228-бетте автордың қызыл қарындашпен қосқаны бар. Бөлімдердің астын сызып қойған. Ақшыл жазу қағазы.

Автордың беттеуі 31—88, архив беттеуінде 224—271.

Көлемі 28,5×20.

Сақталуы жақсы.

Р. С. 272, 273, 274-беттерде (архив беттеуінде) сценарийдің «адамдары», «қосымша 5 бетке» дегендер бар.

ЛММА. Қпр-1, № 160

«Правда» газетінің 1951 жылғы 15 декабрьдегі номерінің «Женщины всех стран в борьбе за мир» деген мақаласы. Сол мақаланы Мұхтар Әуезов көп түсті қарындашпен сызып оқыған, белгілер қойған. Газеттің үшінші бетінде де Әуезовтің сызған белгілері бар.

Сақталуы орташа, жыртылған жерлері бар.

ЛММА. Қпр-1, № 161

Аталуы «Әйел жолы». Кино-эңгіме. Бірінші бөлім».

Парақтың жоғарғы оң жақ бұрышындағы ақ жеріне: «Бұндай әйел бұрын болған емес, болуға мүмкін де емес» — деп басылған.

«Күздің дауылды түні. Дулат байдың ауылы ықтырмамен күзеуде отыр. Қой-ешкілер бүрсең қағып, ығып кетердей маңырап, шулап, дүрлігіп жүр. Иттер үреді» ...||... «Алуа сол сұрағымен енді залға ғана қарап тұрған жоқ, экранға, барлық

көруші жұртқа, дүниеге, әлемге қарап тарих сұрағын тастап тұрған тәрізді.

Аяғы. 19 апрель, 1952 жыл.

14.22 минут. Алматы».

Машинкаға басылған. Автор барлық беттерін күлгін сиямен түзетіп, кей беттерді басына, аяқ жағына, екі жақ шетіндегі ақ жеріне сөз қосып өндеген. 42-беттің аяғына күлгін сиямен «Ғазиза, осыған шейін басылмақ» — деп автор өз қолымен жазған. 43—56, 100—111-беттердің түптелген ақ жиегіне қызыл қарындашпен сызып, кей беттерге жасыл көк қарындашпен белгі қойған. 112—118-беттердің басына қызыл қарындашпен жазып қосқан сөздерін автор сиямен қайта сызып тастаған. Автордың беттеуі бойынша — 129, архивтің беттеуі бойынша 128-беттен кейінгі жағын кесіп тастап, қайта қосқан. 182-беттен кейін (183—184) екі бет күлгін сиямен жазған «Қосымша, 184-бетке» деген қолжазбасын екі жерін қызыл қарындашпен сызып, белгі қойған. Ақшыл жазу қағазы. Түптелген. Мұқабасы бар.

Архив беттеуінде 1—282.

Көлемі 30×20,5; 30,5×20,5; 30,6×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 162

Аталуы «Әйел жолы». Кино-эңгіме».

Тақырыптың астына «Бірінші бөлім» деп көк қарындашпен жазған.

161-папкадағы текст қайталананды.

Машинкаға басылған бір данасы. Барлық беттері дерлік күлгін сия, көк, қызыл, қара қарындашпен көп түзетілген, әр түрлі белгілер бар. Машинкаға басылған 2—4—5—16—58-беттердің сыртына автор күлгін сиямен жазып сөз қосқан. 49-бетте бір парақ қағазға жазылған қосымша бар. 72, 73, 74, 86, 92—95, 97, 98-беттер бөлек жазып қосылған қолжазба. Бес беті көкшіл түсті қағаз. Ақшыл, сарғыш түсті жазу қағазы.

Автордың беттеуі бойынша әр бөлім жеке-жеке беттелген.

Архивтің беттеуінде 1—184.

Көлемі 29,7×20.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 163—164

Аталуы «Ее доля» (киносценарий). Часть I».

Тақырыптың алдына «Мухтар Ауэзов» деп басылған.

«С непогожей, ураганной, бурной ночи начинается этот фильм. Над окрестной степью, над юртами раскинувшегося на

живописном холме аула полыхают мятежные огни непрерывных молний» ...||... «И по тревожному блеску их глаз, по улыбкам, по всеобщему возбуждению в зрительном зале мы дога...».

Машинкада басылған бір данасы. Бөтен адамның қолымен жазылған түзетулер, қызыл сиямен сызған белгілері бар. Кей тұстарға крест қойып отырған. Қағаздың түсі ақ.

Бұрынғы беттеуінде 1—130, архивтің беттеуінде 1—159.

Көлемі 30,5×21.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Текстін аяқталмай тұрғанына қарағанда, соңғы беттері жоғалған болу керек.

ЛММА. Кпр-1, № 165

«Действующие лица: Азимхан Бекетов командир батальона, ст. лейтенант» ...||... («Стоя на коленях с двух сторон ее кровати, целуют ее онемевшие, безжизненные пальцы Салим и Азимхан»).

«Қынаптан қылыш» пьесасының аудармасы, толық түрі. Күлгін сиямен жазылған автограф және машинкаға басылған беттер аралас. 1—5; 15—16; 19—25; 27—28; 30—41; 43—76-беттер автограф. Ал қалған беттері машинкаға басылған. Автордың және бөгде адамның қолымен жазылған түзетулер бар. Қосылған беттер, жазбалар көп.

Сарғыш жазу қағазы. Қалың картонмен түптелген.

Автордың беттеуінде 1—77, архивтің беттеуінде 1—48.

Көлемі 32×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 165

Аталуы «Кровавый утес» или «Калкаман — Мамыр».
(Краткое содержание (план) либретто балетного спектакля)».

«Пролог. На фоне заката над сиротливыми пустынными холмами виден окутанный в сумерки силуэт свежего надмогильного кургана» ...||... «(Убитый горем народ оплакивает утрату своего любимого, храброго сына)».

Балеттің қысқаша мазмұны толық берілген. Қара қарындашпен жазылған автограф. Қосымшалар, түзетулер жоқ.

Ақ және сарғыш жазу қағазы. Қағаздың сыртқы жағында бұрын машинкаға басылған бөгде текстер бар. Қалың картонмен түптелген.

Автордың беттеуінде 1—10; архив беттеуінде 49—58.

Көлемі 13,7×20,8; 31,7×21.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Қалқаман — Мамыр». (Либретто балетного спектакля в 5-ти действиях с прологом)».

Тақырыптың алдына «Ауэзов Мухтар» деп жазылған.

«Действующие лица: 1. Қалқаман, почитаемый народом, жигит, батыр 25 лет...» ...||... («А их, смелых и дерзких, благоговаяют матери, приветствуют и возносят девушки и жигиты»).

Либреттоның толық түрі. 1-беті күлгін сиямен жазылған автограф, қалған беттері машинкаға басылған.

Автордың түзетулері, қосқандары бар. Сарғыш жазу қағазы. Шет-шеті бүктелген. Қалың картонмен түптелген.

Автордың беттеуінде 1—7, архив беттеуінде 60—68.

Көлемі 32,5×22,5.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Қалқаман — Мамыр». «Қанды қақпан».

«Жартас арасы, сай» ...||... «жастарға қарайды, бірақ бұлар».

Либретто толық емес. Ақ жазу қағазына қара қарындашпен жазылған автограф. Қосымшалары жоқ. Қағаздың сыртында Н. Гогольдің «Ревизор» пьесасының қазақша латын әрпінде машинкаға басылған тексі бар. Қалың картонмен түптелген.

Автордың беттеуінде 1—5, архив беттеуінде 67—71.

Көлемі 30×20,2.

Сақталуы жақсы.

«Действующие лица. Абай (Ибрагим Кунанбаев) — поэт 50 лет» ...||... «(Снова долгое молчание). Занавес. Алма-Ата — Москва. 13 июля — 19 ноября 1939 года».

Пьесаның толық түрі, машинкаға басылған бір данасы. Күлгін сиямен жазылған. Түзетулер, қосымшалар өте көп. Архив беттеуіндегі 41-беттің сыртына жаңадан бет (Тәкежан мен Керімнің диалогы) қосылған: 3, 5, 13, 14, 16, 17, 18, 22, 30, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 55, 56, 60, 63-беттердің сыртында автордың күлгін сиямен жазған қосымшалары бар.

Жазу қағазы. Қатты сұрғылт картонмен түптелген.

Автордың беттеуінде 1—76; архив беттеуінде 1—92.

Көлемі 28,5×19,5.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Мұқабаның сыртына жапсырылған шаршы ақ қағазға күлгін сиямен: «Абай». Либретто оперы в 4-актах» деп жазылған.

ЛММА. Кпр-1, № 166

Аталуы «Краткое содержание оперного либретто».

Тақырыптың алдында «Мухтар Ауэзов, Леонид Соболев» деп жазылған.

«Действующие лица: Абай Кунанбаев — поэт, один из старейшин рода Тобықты» ...||... «Когда хор доходит до апофеоза— «Абай наше светило и друг»,— появляется Абай. Он протягивает руку к народу: «пусть мне немного жить, но жизнь моя до последнего вздоха была отдана мыслям о твоём счастье, народ мой!...

Конец оперы».

Либреттоның толық түрі. Машинкаға басылған бір данасы. Көкшіл, қызыл қарындашпен, қара сиямен жазылған түзетулер бар. Мұқабаның сыртына жапсырылған шаршы ақ қағазға күлгін сиямен: «Абай. Либретто оперы в 4 актах» деп жазылған. Архив беттеуіндегі 101-беттің жақтау жиегінде автор қызыл қарындашпен белгі қойып, «Речь Абая. Народ» деп жазған. Ақ жазу қағазы. Қатты сұрғылт картонмен түптелген. Архивтің беттеуінде 93—102.

Көлемі 22,6×18,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 166

«К III картине к 2-му п. поправка. Еркежан (вместо Магавы)» ...||... «Керим — Хорошо... Я уже согласен, Федор Иванович! Согласен...».

Қалың ақ қағазға қара сиямен жазылған автограф. Қағаздың сыртында тұрған үй құрылысының чертеждері бар. Қатты сұрғылт картонмен түптелген. Мұқабаның сыртына жапсырылған шаршы ақ қағазға күлгін сиямен: «Абай, либретто, оперы в 4 актах» деп жазылған.

Автордың беттеуінде 7—10, 1—6; архивтің беттеуінде — 103—112.

Көлемі 34,5×20.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Автордың беттеуіндегі 8-бетте Керімнің сөзі қара қарындашпен крест қойылып, сызылып тасталған.

Аталуы «Абай». (Либретто оперы в 4-х актах, 5-ти картинах. Подстрочный перевод)».

Тақырыптың алдында «Мухтар Ауэзов» деп басылған.

Действующие лица: 1. Абай — поэт, 50 лет» ...||... «Хор вторит его последним словам. Абай безмолвно поднялся на холм и медленно уходит вдаль)».

Либреттоның толық түрі. Күлгін сиямен, қара қарындашпен жазылған автограф және машинкаға басылған беттер. Қосылған беттер жоқ, тек кей жерде Валентина Николаевна Әуезованың (жазушының жұбайы) қолымен күлгін сиямен жасалған жеңіл-желпі жазулар бар. Мысалы архив беттеуіндегі 134-бетте: «араша» — значит «заступаюсь» т. б.

Көк сызықты ақ жазу қағазы. Қатты сұрғылт картонмен түптелген. Мұқабасының сыртына жапсырылған шаршы ақ қағазға күлгін сиямен: «Абай. Либретто оперы в 4 актах» — деп жазылған.

Машинка беттеуінде 1—39; архив беттеуінде 133—151.

Көлемі 31×21.

Сақталуы жақсы.

Аталуы «Либретто М. Ауэзова «Бекет».

«Действующие лица: 1. Бекет — батыр, 27 лет» ...||... «Каторжане — ... Звенит, звенит цепь проклятая (А)

Занавес)».

Күлгін сиямен жазылған автограф. Сарғыш жазу қағазы, сұрғылт картонмен түптелген.

Автордың беттеуінде 1—15; архив беттеуінде 1—34.

Көлемі 28,5×20,7

Сақталуы жақсы.

Р. С. 1-бетте бөгде біреудің жай қарындашпен жазған мынадай сөздері бар. «Либретто М. Ауэзова «Бекет», «4 экз.», «тенор», «сопрано», «баритон», «бас» и т. д.

Аталуы «Бекет». (4 акта, 5 картин)».

«Действующие лица: 1. Бекет — батыр, 27 лет) ...||... «(На фоне заката, на фоне песни — завета каторжан, уходят они непокорные и сильные, уходят для борьбы и для поисков счастья)».

«Бекет» операсының мазмұны толық берілген. Күлгін сиямен жазылған автограф. Сарғыш жазу қағазы. Сұрғылт картонмен түптелген.

Автордың беттеуінде 2—10; архив беттеуінде 35—45.
Көлемі 28,8×20,6.

Сақталуы жақсы.

Р. С. Архив беттеуі бойынша 46—79-бетте «Бекет» либреттосының машинкаға басылған бір данасы мен «14.VII. 38 г.» деп күні қойылған операның мазмұны бар.

ЛММА. Қпр-1, № 168

Аталуы **«Төлеген Тоқтаров»** яки **«Бес дос»**. 4 акт., 5 суретті либретто. Алматы — 1947 ж.».

Тақырыптың басына «Мұхтар Әуезов» деп жазылған.

«1. Төлеген Тоқтаров — қазақ. 2. Жадаев Александр—орыс (барлығы 13 адам). Командирлер, жауынгерлер, жаудан азат етілген халық өкілдері» ...||... («Жас қазақ» күйі басталады. Тулар төмен бас иеді. Сахнаға Төлегеннің денесін алып шығысады. Келген Баймат, Рамазан, Люба, Ғайни, Саттар. Хор. («Жас қазақ» әнімен). (Үзіліс).

Шымылдық».

Либреттоның толық түрі. Машинкаға басылған бір данасы. Төртінші беттің жиегіне автор қызыл және қара қарындашпен белгілер қойып «1. Машина жәйлі кім барар. 2. Ғайни, Төлеген. 3. Рамазанды артқы қолға жіберу. 4. Қалаға кім барады»— деп жазған. Сарғыш түсті жазу қағазы. Көкшіл қатты картонмен түптелген.

Машинканың беттеуінде 1—44; архивтің беттеуінде 1—45.

Көлемі 30,5×20,8.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 169

Аталуы **«Төлеген Тоқтаров»**. 4 перделі, 6 суретті опера либреттосы. Алматы — 1952 жыл».

Тақырыптың басына «Әуезов Мұхтар», оның астына «Музыкасы — Ахмет Жұбанов және Хамиди» деп жазылған.

«Қатынасушылар: 1. Төлеген Тоқтаров. 2. Жадай — партизандар бастығы. (Барлығы 12 адам)» ... «(Солдаттар, деревня адамдары, неміс солдаттары)» ...||...

«Отан көркі елім еркі
Жұлдыз еткен Москва,
Жарығың мен қараңғыны
Күндіз еткен Москва!»

Кейінгі беттері жоқ. Операға либретто жазу үшін қажетті В. Великанов пен Л. Хамиди жазған (машинкада 5 бет) музыкалық жоспары (орыс тілінде). Басына әлгі авторлардың бірі

күлгін сиямен «Товарищу Ауэзову М. О. (1952, VII)» — деп жазған. Автор талқылау кезінде айтылған Қанабек, Латиф, Ахметтің ұсыныс пікірлерін қызыл қарындашпен төрт парақ сарғыш қағазға қорытып жазып алған. Ақ жазу қағазына машинкаға басылған бір данасы. 3, 4, 10, 14, 16-беттерде күлгін сия, қызыл қарындашпен белгілер қойып түзеткен. 17-беттің бұрышына қызыл қарындашпен «Үшінші акт» деп жазып, астын сызған.

Автордың беттеуінде 1—28; архив беттеуінде 1—39.

Көлемі 30,8×21. Ең соңғы 4-беті 29,5×20,7.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Қпр-1, № 170

Аталуы «Төлеген Тоқтаров». 4 перделі, 6 суретті опера
либреттосы. Алматы, 1952 жыл».

Тақырыптың басына «Әуезов Мұхтар. Музыкасы — Ахмет Жұбанов және Хамиди» деп жазылған.

«Төлеген Тоқтаров, 2. Жадай — партизандар бастығы.

(Барлығы 12 адам) ... (Солдаттар, деревня адамдары, неміс солдаттары)» ...||...

«Рамазан — ел ардағы бакыл бол,	қайран қыран,
Ер атаулы атынды етер	ұран!
Мәңгі-бақи нәсілге	атың бакыл,
Өлмес-өшпес асыл боп	ұдайы тұрар,
Жас қазақ жауға шапты	уралап!»

Толық аяқталмаған. 29-беттің екінші жағына күлгін сиямен либреттоның жоспары жазылған. 31, 32-беттер «Бес дос» аталған. «Төлеген Тоқтаров» либреттосының басқа нұсқасынан екі бет қосылған (1—2 бет). Онда қатынасушылар — 9 адам. Аяғына «Командирлер, жауынгерлер, жаудан азат етілетін ел, неміс штабының офицерлері. Барша, хабаршы топтары... «Тез-тез! Тез-тез жетсін сол саған! (Ерлер қоштасып кете береді)» деген сөздер жазылған.

Осы либреттоның бастапқы нұсқасы бар.

Көлемі біркелкі сарғыш және ақшыл түсті жазу қағазына орыс әрпімен машинкаға басылған. Қолжазбаның үшінші нұсқасы. Түптелген.

Автордың беттеуінде 1—28; архивтің беттеуінде 1—62.

Көлемі 30,8×21.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 171.

**Аталуы «Төлеген Тоқтаров»—«Бес дос». Төрт перделі,
6 суретті опера либреттосы (соңғы вариант). Алматы,
1952—1960 жыл».**

Тақырыптың басына «Мұхтар Әуезов» деп жазылған.

«1. Төлеген Тоқтаров — барлаушы. 2. Жадай — барлаушылар тобының бастығы. (Барлығы 10 адам) ... (Қыстақ адамдары, неміс офицерлері мен солдаттар)» ...||...

«Біз бес дос,
Біз бес дос,
Келеміз кеш
Атпаспыз бос!...

Шымылдық».

Машинкаға басылған бір данасы. Ақшыл түсті қағазға көк сиямен жазылған автограф. 15, 16-беттердің екі жерін сызып, үстіне көк сиямен жазып сөз қосқан. Бірінші беттің бұрышына көк қарындашпен «4 экз.» деп жазған. Машинкаға басылған беттерде қол тигізген ешқандай белгілері жоқ. Сонынан қосылған төртінші перде, алтыншы сурет 1—5-беттер бөлек беттеліп қосылған.

Автордың беттеуінде 1—25, 1—5; архив беттеуінде 1—30.

Көлемі 29,6×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 171

**Аталуы «Төлеген Тоқтаров»—«Бес дос». Төрт перделі,
6 суретті опера либреттосы (соңғы вариант). Алматы —
1952—1960».**

Тақырыптың басына «Мұхтар Әуезов» деп жазылған.

Архив беттеуінде 1—30-беттегі текст қайталананды.

Ақ жазу қағазына машинкаға басылған бір данасы. Архив беттеуіндегі 58, 59, 60, 61, 62-беттердің кейбір әріптерін түзеткен. Басқадай белгі жоқ. Түптелген.

Автордың беттеуінде 1—30; архивтің беттеуінде 31—32.

Көлемі 29,6×20,5.

Сақталуы жақсы.

ЛММА. Кпр-1, № 172

**Аталуы «Төлеген Тоқтаров», яки «Бес дос». 4 акт., 5 суретті
либретто. Алматы, 1947 ж.».**

